

ҚОЖЫҚОВТАР ҚОЛТАҢБАСЫ

5 бетте

БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ БЕЛГРАДТЫҚ ТРАКТОРЛАР



6 бетте

БАБАЖАН ҚЫРҒЫНЫ



8-9 бетте

Сыр бойы

16 қараша сенбі | 2013 жыл | №171-172 (18670-18671) | Қызылорда облыстық газеті | 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады | www.syrboyi.kz

● СЕЛЕКТОР

**Кеше ҚР Премьер-министрі Серік Ахметовтің төрағалығымен селекторлық мәжіліс болды. Онда моноқалаларды дамыту бағдарламасының жүзеге асырылу жайы мен автомобиль жолдарының жергілікті жүйесін дамыту мәселесі қаралды. Селекторлық мәжіліске облыс әкімі Қырымбек Көшербаев қатысты.**

## ШАҒЫН ҚАЛАЛАРДЫҢ ШЫРАЙЫ ҚАШАН КІРМЕК?

Селекторлық мәжілісте Үкімет басшысы Елбасының тапсырмасын орындау барысында бұл бағдарламаның былтыр қанатқақты жоба ретінде іске қосылғанын атап өтті. Алайда, жергілікті әкімдер бағдарлама аясында бөлінген қаржыны толықтай игермей отырғанын сынға алды. Моноқалалар экономикасын әртараптандыру, халықты жұмыспен қамту мәселелерін шешу, жаңа өндіріс орындарын ашу бағдарламаның негізгі мақсаты болғанымен, әлі де өңір басшылары оның түпкі мәнін түсіне алмай отырғандығын тілге тиек етті. «Олар моноқалаларда тек жөндеу жұмыстарын жүргізгендеріне мәз. Ал шын мәнінде экономикасы артта қалған қалаларды өркендету жолында тың идеялар мен жобалар жоқтың қасы. Тіпті кей облыстардағы моноқалаларды дамыту бойынша бөлінген қаржы игерілмеген»,–деді.

Республика бойынша 27 моноқала бар болса, оның ішінде Қостанай облысына 4 моноқала кіреді. Қостанай облысына тиесілі 4 моноқалада 117 апатты үйдің мәселесі әлі шешімін таппаған. Ал Павлодар облысына қарасты моноқалаларды дамытуға бөлінген қаржының жартысынан астамы игерілмеген. Бұл ретте Үкімет басшысы бұл жылдың қорытындысы бойынша қаржының игерілуіне байланысты әрбір өңір басшысы мен тиісті министрліктер талдау жасау керектігін баса айтты. « Біз осыдан 10-15 жыл бұрын бюджеттен бөлінген әр тиын үшін қуанатын едік. Өзім де осындай моноқаланың әкімі қызметін атқардым. Ал, қазір республикалық бюджеттен бөлініп жатқан қаражат жеткілікті болса да, оны тиімді пайдалана алмай отырмыз. Оның себебі неде? Ең әуелі жергілікті әкімдердің қызығушылығы басым болуы керек емес пе?» –деді Серік Нығметұлы.

Селекторлық мәжілісте қаралған екінші мәселе бойынша баяндама жасаған ҚР Транспорт және коммуникация министрі Асқар Жұмағалиев Батыс Қазақстан, Атырау, Қостанай, Маңғыстау, Солтүстік Қазақстан облысындағы жергілікті атқарушы орган автомобиль жолдарына қаражатты аз көлемде бөлетінін жеткізді. Олардағы жөндеу жұмыстарына бөлінетін қаржы да көңіл көншітпейді. Ал, республика бойынша автомобиль жолдарына көп қаржы бөлген Атырау облысы болса да, ондағы жолдың сапасы талапқа сай болмай тұр. Бұл ретте Премьер-министр өңір басшыларына автожолдардың құрылысы мен жөндеу жұмыстарына неғұрлым қаражатты көбірек бөлу керектігін айтты.

Үкіметтің селекторлық отырысынан соң облыс әкімі өзінің орынбасарлары мен облыстағы «Қазавтожол» АҚ филиалы басшысына автомобиль жолдарының сапасына талдау жасай отырып, оған бөлінетін қаражатты 1,5 есеге арттыруды тапсырды.

**Айсәуле ҚАРАПАЕВА.**

● ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФОРУМ

# БАЙҚОҢЫР БИЗНЕСКЕ ДЕ ЖОЛ АШАДЫ

**Екі күнге созылған екінші «Байқоңыр» инвестициялық форумының алғашқы бөлігі облыс орталығында өткізілсе, келесі күні жиын Байқоңыр қаласында жалғасты. Онда қала әкімшілігі басшысының міндетін атқарушы Анатолий Петренко шетелдік және отандық инвесторларға қаланың даму перспективалары туралы айтып берді. Ғарышты қаланың индустриалдық және инновациялық даму мүмкіндіктері таныстырылған басқосуда ежелден жер кіндігі саналып келген Байқоңыр кешенінің туристік әлеуеті де тақырыпқа тамызық болды. Аталған ғарыш айлағы «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесінде көрсетілетін нысандардың қатарына кіргені мәлім. Сондықтан жиында туризм саласын, яки Байқоңыр брендін дамыту мәселесі де кеңінен талқыланды.**





Қызылорда қаласындағы жиынның негізгі бөлігінен кейін форумға қатысушы кәсіпкерлер мен бизнес өкілдері және елшілер ертесіне адамзат баласы ғарышқа алғаш қадам басқан жер –Байқоңыр ғарыш айлағын бетке алып жолға шықты. Халықаралық деңгейдегі инвестициялық форумның қонақтары алдымен ғарыш айлағындағы мұражай кешенге аялдады. Іргетасы1957 жылы қаланған мұражай ғимаратында болған бизнес өкілдері К.Циолковский, С.Королев, Ю.Гагарин және өзге де ғарышкерлер туралы қызықты мәліметтерге қанығып, адамзат тарихында бірінші болып көк төсіне жол салған ғарышты игеруші батырларға қатысты мол ақпарат алды. Мұнан соң қонақтар «Боран» орбиталық кораблін, ракеталық-ғарыштық жүйенің негізін қалаушы академик С.Королев пен Ю.Гагариннің іссапар кезінде қоныс еткен мемориалдық үйлерін тамашалады.

Түс ауа қаладағы «Байқоңыр» қонақ үйінің мәжіліс залында «Байқоңыр қаласының индустриалдық және инновациялық даму мүмкіндіктері» тақырыбында жиын өтті. Екі секциядан тұрған басқосуды облыс әкімінің орынбасары Наталья Годунова жүргізді. Жиын модераторы алдымен қатысушыларға Қызылорда облысы аймақтық экономикаға тартылған инвестиция бойынша республикада алдыңғы қатарда келе жатқанын, әлемдегі ең ірі ғарыш айлағы – Байқоңырдың облысымыздың бетке ұстар танымдық белгісі екенін атап өтті.

Форум қатысушыларына ғарышты қалашықтың тарихын тарқатқан «Байқоңыр: кеше, бүгін және болашақта» деп аталатын деректі фильм көрсетілді. Байқоңыр қаласы әкімшілігі басшысының міндетін атқарушы А.Петренко шаһардың индустриалдық және инновациялық даму мүмкіндіктерін баян етті. Айтулы шараға қатысқан шетелдік инвесторлар мен қаржы ұйымдарының өкілдеріне осында бизнесті дамытуға мол мүмкіндік барын баса айтқан А.Петренко: – «Заря» деп аталатын шағын кенттен 72 мың тұрғыны бар қалаға айналған шаһарда бүгінде бизнестің өркендеуі үшін қажетті жылу-энергия көздері артығымен бар. Бұған қоса, жақсы автокөлік және темір жолдары бар. Темір жол Байқоңырды Ресей, Белоруссия және Қазақстанның жүзден астам қалаларымен байланыстырады. Сонымен қатар, осы жерде жобаларын жүзеге асырамын дегендерге қолайлы мыңнан астам нысан бос тұр. Бұл инвесторлар үшін зор мүкіндік. Сіздерге жергілікті билік тарапынан әрқашан қолдау болады, – деп қорытты сөзін.

Ал, облыс әкімінің орынбасары Ғалым Әміреев сөзін Байқоңырдың қарқынды дамуына мүмкіндік беретін индустриалдық және инновациялық жобалардың жүзеге асырылуынан бастады. Ғ.Әміреевтің айтуынша, нақты кезеңде құны 140,3 млрд. теңгені құрайтын 23 жоба қолға алынған. Оның ішінде 18 жоба жүзеге асып, 944 жаңа жұмыс орны құрылған.

2-бет

● МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

# ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АХУАЛ ЕНЖАРЛЫҚТЫ КӨТЕРМЕЙДІ

**Бейсенбі күні облыс әкімдігінде облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың төрағалық етуімен еліміздің «Жасыл экономикаға» көшу жөніндегі тұжырымдамасын іске асыруға байланысты кеңейтілген мәжіліс өткізілді. Онда облыстың экологиялық ахуалына қатысты бес мәселе қаралды.**

Мәжілісті ашқан облыс басшысы үстіміздегі жылғы мамыр айында Елбасы өз Жарлығымен еліміздің «Жасыл экономикаға» көшу тұжырымдамасын бекіткенін атап өтті. 2013-2020 жылдарға арналған бұл тұжырымдама жоспарын ҚР Үкіметі де бекітті. Негізі Қазақстан Республикасының «Жасыл экономикаға» көшу жөніндегі тұжырымдамасын іске асыру бойынша алғашқы кезең 2013-2020 жылдары мемлекеттік негізгі басымдықтағы ресурстарды пайдалануды оңтайландыру, «жасыл» инфрақұрылымдарды құруға қатысты басым бағыттарды айқындайды. Сондықтан да бүгінгі басқосуға өндірістік және тұрмыстық қалдықтарды шикізат ретінде пайдалану, қалдықтарды сақтау аландарын талапқа сәйкестендіру, елді мекендерде «жасыл» инфрақұрылымдарды құруға қатысты мәселелер шығарылып отыр.

Аймақ басшысы сонымен қатар, «Қазақстан – 2050»: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» стратегиясында тиімді әрі тұрақты экономиканы құру еліміздің «Жасыл экономикаға» негізделгенін атап өтті. «Жасыл экономика» тұрғындардың жақсы өмір сүруі мен бүгінгі және болашақ ұрпақ үшін табиғи ресурстарды сақтап әрі тиімді пайдалану керектігіне бағытталған. Сондықтан да «Жасыл экономика» ел дамуының тұрақтылығын қамтамасыз ететін маңызды құралдардың бірі саналады.

Мәжілісте алғашқы болып хабарлама жасаған облыстық экология департаментінің басшысы Марат Құрманбаев облыс аумағында 160-тан астам қалдық тастайтын жерлердің барын әрі оларда 800 мың тоннадан астам қатты тұрмыстық қалдықтардың жиналып қалғанын жеткізді. Өкінішке орай, бізде әлі күнге дейін қалдықтарды жинау мен өңдеу инфрақұрылымдары дамымай келеді. Қазіргі күндері барлық қалдықтар жер астына көму үшін шығарылады. Соған қарамастан, қалдықтарды көметін мұндай жерлер санитарлық нормалар мен экологиялық талаптарға жауап бермейді.

2-бет

# БАЙҚОҢЫР БИЗНЕСКЕ ДЕ ЖОЛ АШАДЫ

Айта кетейік, соңғы 3,5 жыл ішінде қосымша 15 млрд. теңгенің өнімі өндірілген. Ал, 2013-2018 жылдары құны 62 млрд. теңгені құрайтын 5 жобаны іске қосу жоспарланып отыр. Олар: құрама жем зауыты, цемент зауыты, шыны табақшасын шығару зауыты, ірі торапты электр батырмалы қондырғыларды жинақтау және «Бала-сауысқандық» кен орнында қара тасты автоклавты өңдеу зауыттарының құрылыстары. Мұнан соң «Қазақстан Инжиниринг» ҰК» АҚ басқарма директоры Көбей Жаңбыршы акционерлік қоғамның жұмыстары туралы айтып берді. Ал, «Роскосмос» ғарыш агенттігінің өкілі Олег Остапенко Байқоңыр ғарыш айлағындағы ұшырылымдар туралы мәлімдеді.

Байқоңыр қаласы бойынша жастар саясаты, туризм, мәдениет және спорт басқармасының басшысы Юрий Петровский «Байқоңыр ғарыш кешенінің туристік мүмкіндіктері» тақырыбын тарқатты. Оның айтуынша, нақты кезеңде ғарыш айлағында ресейлік 2 туристік компания шетелдік саяхатшыларға сапалы қызмет көрсетуде. Сала мамандарының пікірінше, мұнда халықаралық туризмді кең масштабта дамытуға мүмкіндік бар.

Ғарыш айлағының туристік әлеуеті жоғары болуы себепті де біздің мақтанышымыз Байқоңыр кешені 2017 жылы Астанада өтетін халықаралық көрмеде шетелдік және отандық туристерге көрсетілетін нысандардың қатарына кіргені белгілі. «Байқоңыр туристік бренді. Оның даму болашағы» тақырыбында ұйымдастырылған екінші секцияда «Астана ЭКСПО-2017» ҰК» ААҚ басқарма төрағасының кеңесшісі Александр Суворов көрме бойынша атқарылып жатқан жұмыстарды баяндады. Ол облыс басшысының аймақта, әсіресе ғарыш кешенінде туризмді дамытуға ерекше мән беріп отырғанына ризашылығын білдірді. Мұнан соң «Байқоңырда туризмнің дамуы. Оның бүгіні мен болашағы» тақырыбында баяндама жасаған Қазақстан туристік қауымдастығы директорының орынбасары Шәкира Әділбекова аймақ басшысының тапсырысымен дайындаған шеберлік жоспарын слайд арқылы таныстырды. Оның пікірінше, «Жер кіндігі – Байқоңыр» деген жалғыз брендтің өзі келешекте туристер ағымының бір бөлігін осында тарта алады. Ғарыш кешенінде туризмді дамыту үшін қандай шаралар атқарылатынына тоқталған баяндамашы төрткүл әлемдегі теңдессіз айлақтың мүмкіндіктерін талдап көрсетті. Ең бастысы, Байқоңыр географиялық жағынан ұтымды орналасқан. Еуропа мен Азияны байланыстырып тұрған автобан қаланың үстімен өтеді. Маманның айтуынша, мұнда мәдени-танымдық туризмді дамытуға болады. Қорқыт ата атындағы ҚМУ-дың «Археология және этнография» орталығының ғылыми қызметкерлері Рүстем Дәрменов пен Әзілхан Тәжекеев «Құм басқан өркениеттер» тақырыбындағы бейнеролик көрсетіп, осы маңдағы ескі қалалар мен асарларға да ғарыш айлағына келген туристерді сапарлатуға болатынын айтып, ортағасырлық Сығанақ пен Жанкент қалашықтарында ашық аспан астындағы мұражай жасақталатынын жеткізді.

1-бет

Қазірдің өзінде халықаралық транзиттік дәліз бойындағы ғарыш айлағының жылына мыңнан астам туристер келіп кетеді. Жыл сайын бұл көрсеткішті 10 пайызға өсіруге болады екен. Жалпы, ғарыш айлағында туристік кешенді қалыптастыру жұмыстары қазірден басталып кетті десек те болады.

Жиында «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» халықаралық автожолының облыстағы аумағынан 3 кемпинг кешені салынаты туралы айтылды. Аталған инфрақұрылымдық жобаны «Астана Элит Групп» компаниясы қолға алмақшы. Бұған қоса, аймақта туристік саланы дамыту үшін инновациялық және туристік орталықтар бой көтереді. Ал, «ЭКСПО-2017» көрмесі аясында осы жерде күн электрстанциясынан және желден электр қуатын өндіруге арналған «Баламалы энергия көздерінің алаңы» жобасын жүзеге асыру қарастырылуда.

Форум соңында облыс әкімшілігі мен Ресей Федерациясына қарасты Байқоңыр әкімшілігі арасында техникалық мамандық иелерін шаһардағы техникалық оқу орындарында оқыту туралы меморандумға қол қойылды. Мұндай келісім-шарттар Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Туризм индустриясы комитетімен және Қазақстанның туристік қауымдастығымен де жасалды. Байқоңыр қаласынан қайтар жолда форум қонақтары ұлы жолдың бойында мәңгілік тыныс тапқан түркі дүниесінің ойшыл абызы Қорқыт бабамыздың құрметіне қойылған «Қорқыт ата» кешенінде болды.

**Дәуіржан ЕЛУБАЕВ.**

**Кеше Н.Бекежанов атындағы облыстық қазақ музыкалық драма театрында Ерсайын Төлеубайдың «Абай» спектаклінің премьерасы болды.**

# САХНАДА – «АБАЙ» СПЕКТАКЛІ

Бұл қойылым ұлы ақын Абай туралы қазақ сахнасында 1940 жылдан бері қойылып келе жатқан үлгіден мүлдем бөлек. Жаңа көріністе заңғар ақынның алпысқа қараған шағында өз жалғыз алысқан жанның» тереңдегі жұмбағы, Абай азабының айтылмай қалған тылсым бейнесі көрсетіледі. Ерсайын Төлеубайдың «Абай» пьесасы бойынша қойылған спектакль өскелең



ортасынан орнын таппай, ауыр ойды арқалап, іштей егілген кезі суреттеледі. Оның тағдыры тым ауыр жағдайларға толы болды. Оразбай, Тәкежандардың озбырлығы, жолын қуған жастардың талайлы тағдыры, араларына алты айдан салып, балаларының көз жұмуы, ақын жанын тұңғиық қасіретке тартады. Жақсы көретін ұлы Мағауияның қырық күндігін беріп өзі де сол тұңғиықтан шыға алмай бақи фәниге аттанады. Іргелі әулеттің мұңлы тағдыры осылайша өрбиді.

Қойылымда «Соқтықпалы соқпақсыз жерде өсіп, мыңмен ұрпақты ұлтжандылыққа, отансүйгіштікке, тіліміз бен дінімізді берік ұстауға тәрбиелейді.

Спектакльдің қоюшы режиссері ҚР еңбек сіңірген қайраткері Хұсейін Әмір-Темір. Абай рөлін Қазақстан жастар сыйлығының лауреаты Бақытбек Темірбеков сомдады.

Қойылымды облыс әкімі Қырымбек Көшербаев, қоғам және мемлекет қайраткері, Қазақстанның Еңбек Ері, халық жазушысы Әбіш Кекілбаев көріп, тамашалады.

**Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ.**

# ФОРУМҒА ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ПІКІРІ

**Юрий Петровский, Байқоңыр қаласы бойынша жастар саясаты, туризм, мәдениет және спорт басқармасының басшысы:**

– Бүгінгі таңда Байқоңыр ғарыш айлағы – төрткүл әлемдегі ең үлкен айлақтың бірі. Сондықтан да біз Байқоңырды әрдайым мақтаныш тұтамыз.

Бүгінгі Байқоңыр – әлемдік ғылым мен техниканың ең озық жетістіктерінің тоғысы, ғарыш кеңістігіне батыл шабуыл жасауға жол ашқан адамзат ақылының шоғырланған жері. Бұған қоса, қала басшылығы бүгінгі форумда атап өткендей, Байқоңыр инвесторлар үшін ашық алаң. Оларға біз барынша қолдау көрсететін боламыз.

Ғарыш кемесінің көк төсіне самғаған сәті миллиондаған адамдар қызықтағысы келетін керемет көрініс. Туристік компания мамандарының пікірінше, «Спутник», «Байқоңыр» деген жалғыз ауыз сөздің өзі-ақ әлемдегі туристер ағымының оннан бірін осы Байқоңырға тарта алатын көрінеді. Мен арнайылап АҚШ-қа барып, ондағы ғарыш айлағында болдым. Біздің ғарыш айлағынан ешқандай да артықшылығы жоқ. Ал, мұражайы тіптен жұпыны. Оның қасында біздегі Ю.Гагарин атындағы мұражай кешені туристерге ғарышты бағындыру сәтінен мол мағлұмат бере алады. Қазірдің өзінде біздегі ғарыш айлағына жылына 2 мыңға жуық турист келеді. Бұл көрсеткіштің өсе беретіні анық. Өйткені, біздің қаладағы туризмнің болашағы зор. Сол себепті де қазақстандық туристік фирмаларды бірігіп жұмыс жасауға шақырамын. Айта кетейік, инвестор тартып, тиісті инфрақұрылымды жасақтаған кезде бізде 10 мыңға жуық маман жұмыспен қамтылатын болады.

**Александр Ивантер, «Эксперт» журналының бас редактор орынбасары, Мәскеу қаласы:**

– Екінші «Байқоңыр» инвестициялық форумы өте жоғары деңгейде өткенін атап өткім келеді. Бұл менің Қызылорда қаласына алғаш келуім. Бұл облыс экономикасын жаңа сапалы деңгейге көтеруге негіз қалайды.

Қазақстан мен Ресейдің арасында сауда-экономикалық байланыс жыл өткен сайын нығайып келеді. Бұл сіздердің Елбасының жүргізіп отырған саясатының арқасы деп есептеймін.

Сіздер ұлттық салт-дәстүрге ғана емес, керемет орындарға бай ел екенсіздер. Жалпы, Қазақстан – қуатты ел. Мен мұнда туризмнің дамитынына сенімдімін. Өйткені, менің білуімше, сіздің өлке тарихи-мәдени ескерткіштерге, ортағасырлық ескі қалаларға бай. Ресей мен Қазақ елі арасындағы тарихи байланыс сонау ерте заманнан бері жалғасып келеді. Екі ел арасындағы бұрынғы ынтымақтастық, экономика, мәдениет саласындағы байланыс, Байқоңыр кешенін дамыту жолындағы ынтымақтастық әрі қарай дами беретініне сенімдімін.

Жазып алған
**Дәуіржан ЕЛУБАЕВ.**

# ӨҢІРЛІК ПАЛАТАНЫҢ АЛҒАШҚЫ БАСҚОСУЫ

Қыркүйек айында ҚР Үкіметі мен «Атамекен» Одағы» ҚҰЭП бірлесіп, Ұлттық кәсіпкерлер палатасын құру туралы шешім қабылдаған болатын. Ұлттық палата кәсіпкерлер құқықтарын қорғау және мүдделеріне өкілдік етуді, өңірлердегі кәсіпкерлік қызмет жағдайының қоғамдық мониторингін жүргізуді қолға алмақ. Сондай-ақ ұлттық палата отандық өндірісті қолдау және ұйымдардың сатып алуларында жергілікті мазмұндағы үлесті арттыруға, кәсіпкерлік субъектілерінің сыртқы экономикалық қызметін ынталандыруға, инвестицияларды тарту және экономиканы әртараптандыруға мүдделі.

Кеше ҰКП басқарма төрағасы Абылай Мырзахметовтің, облыс әкімінің орынбасары Ғалым Әміреевтің, кәсіпкерлердің өңірлік палатасының директоры Дінмұхамед Әбсаттаровтың, облыс бизнесмендерінің қатысуымен облыстық кәсіпкерлер палатасы өңірлік кеңесінің алғашқы отырысы өтті. Жақында тіркелген кәсіпкерлер палатасының өңірлік кеңесі құрамына Қызылорда қаласынан және барлық аудандардан 20 кәсіпкер енді.

Отырыста тиімді бизнес ахуал қалыптастыру мәселелері, ұлттық палатаның жоспарлары талқыланды. Басқарма төрағасы кәсіпкерлердің өңірлік палатасы аймақтағы іскер азаматтардың мүдделерін қорғауға, бизнесті дамытуға мүмкіндік жасауға ықпал ететінін айтты.

«K-Group LTD» ЖШС басқарма төрағасы Қайрат Боранбаев бизнестің дамуына кедергі келтіріп отырған әкімшілік кедергілер, рұқсатнамалар алудың машақаты, қағазбастылық, қаржылық қолдаудың, құқықтық көмектің жетілдірілмеген тұстары туралы ойларын ортаға салды. Енді мұндай түйткілдер палата басқосуларында талқыға түсіп, шешу жолдары ұсынылмақ.

Отырыс соңында кәсіпкерлер палатасы өңірлік кеңесінің төрағасы болып Асқар Махамбетов сайланды.

**Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА.**

Облыста қалдықтарды іріктейтін стансалар жоқ. Ондай стансалар болса қалдықты да кәдеге жаратуға болар еді. Осы орайда департамент басшысы облыста тек қана жалғыз «Ыбырайхан и К -ЛТД» ЖШС ғана қалдықтарды өңдеумен айналысатынын жеткізді. 2012 жылы бұл серіктестік 20 тоннадай қалдықты өңдеген. Бұл облыстағы қатты тұрмыстық қалдықтың 16 пайызын құрайды. Серіктестік осы өңдеген қалдықтардан тротуарларға арналған плиталар мен шатыр жабындыларын шығарады.

Қалдықтарды жинақтау мен іріктеу жөніндегі өткір мәселелер турасында

# ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АХУАЛ ЕНЖАРЛЫҚТЫ КӨТЕРМЕЙДІ

облыстық табиғатты пайдалану және табиғи ресурстар басқармасы басшысының міндетін атқарушы Бауыржан Шәменов те айтып берді. Хабарламашының әңгімесіне қарағанда қазіргі күндері Қызылорда қаласынан қатты тұрмыстық қалдықтарды өңдейтін зауыт құрылысын салу бағытында жұмыстар жүргізілуде. Бірақ оны кімнің қолға алары әзірге белгісіз.

Сонымен қатар, мәжілісте елді мекендерде сарқынды сулар жүйесінің жоқтығынан санитарлық-экологиялық жағдайдың төмендеп бара жатқандығы да сөз болды. Әзірге мұндай сарқынды сулар жүйесі тек қана Қызылорда қаласы мен Әйтеке би кентінде ғана бар.

Осы орайда облыс басшысы елді мекендерде жасанды сарқынды сулар жүйесінің қажет екендігіне көпшіліктің назарын аударды. Сондықтан да әрбір елді мекенде сарқынды сулар мен тазалау құрылғылары салынуы қажет.

Ал облыстық энергетика және коммуналдық шаруашылық басқармасы басшысының міндетін атқарушы Асылбек Шәменов облыс орталығын газдандырудың арқасында ауаға ластағыш заттарды тастау айтарлықтай азайғанын атап өтті. Енді экологиялық жағдайды мұнан әрі жақсарту үшін облыстың елді мекендері мен өнеркәсіп кәсіпорындарын және жанар-жағармай құю стансаларын көгілдір отынға көшіру шаралары қолға алынбақшы.

Өз хабарламасында облыстық мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау департаментінің басшысы Мэлс Жұбатқанов ауаны ластау экологиялық ахуалдың нашарлауына, әсіресе мұндай жағдайлар өндірістік аймақтарда жиі орын алатынына тоқталды. Ауаның ластануынан оның зардабын тұрғындар тартып жүр. Жалпы облыста 750-ден астам кәсіпорын экологиялық деңгейдің нашарлауына себепші болып жүр. Бұған қоса, жүздеген жанар-жағармай құю бекеті мен техникалық қызмет көрсету орталығы, көлік жуу және басқалары да ауаны ластаудан қалыс қалмай келеді.

Облыс басшысы осы орайда облыстық мемсанэпидқадағалау департаменті басшысына ауаны ластаушылармен күрес жүргізу ісіне көңілі толмайтынын жеткізді. Аймақ басшысы ауа ластанған кезде санэпидқадағалау қызметі жедел түрде дабыл қағып, бұл іске қоғамды, саяси партияларды, үкіметтік емес ұйымдарды тартып, аймақтың экологиялық және эпидемиологиялық жағдайын жақсартуда бірлесе жұмыс атқаруы тиіс екенін атап өтті. Олай болмаған жағдайда ауаны ластау экономикалық шығынды көбейтеді. Соның ішінде тұрғындар денсаулығының нашарлауына әсер етіп, еңбек өнімділігінің төмендеуіне әкеп соқтырады.

– Халық қандай ауамен өмір сүріп отырғанын білу керек, – деді Қ.Көшербаев. – Осы орайда қала әкімі Нұрлыбек Нәлібаевқа облыс орталығында ақпаратты көрсеткіш орнатып,онда тек ауа райы мен қатты дауылдар ғана емес, басқа да халыққа қажетті ақпараттар көрсетілуі қажеттігін тапсырды.

Мәжілісті қорытындылаған облыс басшысы тиісті сала басшыларына айтылған сын-ескертпелерден қорытынды шығару қажеттігін тапсырды.

**Айғали ҚАРАБАЛАЕВ.**

● КОМИССИЯ

**Аптаның алғашқы күні аймақ әкімшілігінің мәжіліс залында облыс әкімінің орынбасары Ақмарал Әлназарованың жетекшілік етуімен кәмелетке толмағандар істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі облыстық комиссия отырысы болып өтті. Оған комиссия мүшелері, қала әкімінің орынбасары, облыстық, қалалық білім және ішкі істер басқармаларының басшылары мен аудан әкімдерінің орынбасарлары, ішкі істер бөлімдерінің басшылары селекторлық режимде қатысты.**

# ЖОЛ-КӨЛІК ОҚИҒАЛАРЫ ЖИІЛЕП КЕТТІ

Облыстық комиссия отырысында аймақ балалары арасында жол-көлік оқиғасының алдын алу мәселелері қаралды. Атап айтқанда, білім беру ұйымдары жанындағы көше бойына орналасқан анық көрінетін қауіпсіздік белгілерінің орналасуы және автокөлік мектептерінің жұмыстарына жүргізілген зерделеу жұмыстары, жол қозғалысы Ережелері бойынша мектептерде ҚР Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 24 тамыздағы №404 бұйрығының орындалу барысы бойынша облыстық балалардың құқықтарын қорғау департаментінің директоры Арман Қаржаубаев, облыстық ішкі істер басқармасы басшысының орынбасары Әмірбек Шаймағанбетов және облыстық білім басқармасының басшысы Наурызбай Байқадамов хабарлама жасады.

Хабарламашылардың айтуынша, бүгінгі таңда балалардың жол-көлік оқиғаларына ұшырауы өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Бұған дейін бұл мәселелер облыстық деңгейде бірнеше рет көтерілгенімен де әлі нақты нәтижеге қол жетпей келеді. Автокөлік жолына жақын орналасқан білім беру ұйымдары жанындағы анық көрінетін қауіпсіздік белгілерінің қойылуы көңіл көншітпейді. Мүдделі мекеме мамандарының жүргізген рейд қорытындысы көше бойына орналасқан 75 мектептің айналасында 358 анық көрінетін қауіпсіздік белгілерінің орнатылғанын көрсетті. Бұл бұған дейінгі жағдаймен салыстырғанда 60 пайызға артық болғанымен, әлі кемшін түсіп жатқан тұстар жетерлік екені анық. Тексеру қорытындысы Жаңақорған ауданының қауіпсіздік белгілерін орнатуды 20 пайызға орындап, ең төменгі көрсеткішке ие болғанын көрсетсе, Сырдария ауданының бұл тапсырманы 66 пайызға орындап, облыс көлеміндегі ең жоғары көрсеткішке жеткенін паш етті. Солай бола тұрғанымен де, үстіміздегі жылдың 10 айында өткен жылдың осы мерзімімен салыстырғанда балалар мен жасөспірімдер арасындағы жол-көлік оқиғалары 23-тен 72-ге өсіп отыр. Қайғылы қазаға ұшырағандар саны – 10. Осының 68-де, яғни 90 пайызында оқиға негізінен жүргізушілер, 4-де балалар кінәсінен болған. Бұдан шығатын қорытынды не? Демек, өңірдегі жүргізушілер даярлайтын 29, яғни облыс орталығындағы 14, аудан орталықтарындағы 15 автомектептің жұмысын жетілдіру, материалдық базасын нығайту, ондағы білім беретін мамандар сапасын арттырып, олардың жеке жауапкершілігін көтеру қажет. Ал мектеп жасындағы балалардың жол қауіпсіздігі ережелерін жетік меңгеруіне күш салу керек.

Жол-көлік оқиғаларының себептерін зерделей келгенде, біздегі көліктерде ана мен баланы отырғызатын арнайы орынның жоқтығы, заман талабына сай жол белгілерінің қойылмауы, патрульдік бекеттердің аздығы қынжылтады. Сонымен қатар, жүргізушілердің рульге мас күйінде отыруы, жылдамдықты шамадан тыс арттыруы, қарсы бетке шығып кетуі мен бағдаршамға жете назар аудармайтыны да көлік апатына әкеп соқтырады.

Аймақта жол-көлік оқиғаларының алдын алу шараларына орай түрлі жұмыстар жүргізіліп келеді. Мәселен, қыркүйек айында жүргізушілермен «Абайлаңыз, балалар!» атты кездесулер, әрбір мектеп оқушылары және ата-аналарымен жолда жүру ережелері бойынша жиналыстар мен сынып сағаттары, «Жолдас көмекке асығады» атты анимациялық мультфильмнің көрсетілімі, сондай-ақ оқушылар арасында сурет салу, шығарма жазу байқаулары, әртүрлі тақырыптағы сауалнама, пікірталас жүргізіліп, арнайы сабақтар ұйымдастырылды. БАҚ-та ақпараттық-насихаттық түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Қазіргі таңда «Дарын» орталығы қызметкерлерінің күшімен балалар үшін әртүрлі видиокөрсетілімдер дайындалуда.



– Елбасының өзі ел адамдарының жол бойындағы апаттан қаза тапқандары көбейгенін қынжыла айтқан еді,– деді облыс әкімінің орынбасары А.Әлназарова. – Жүргізушілерді тәртіпке шақыру, балалар мен жасөспірімдер арасында жол қауіпсіздігі ережелерін жете түсіндіру қажеттігі туындайды. Жол белгілерін қоюға бөлінген қаражат жеткілікті. Ең бастысы, жауапты мамандардың жанашырлығы мен шалт қимылы, жас буынға деген қамқорлығы керек.

Облыстық комиссия мүшелері кәмелетке толмаған жасөспірімдердің құқықтарын қорғау бағытындағы ой-пікірлерін ортаға салды. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, жүргізушілер мен жүргіншілердің көшеде жүру, жолды қиып өту мәдениетін жете меңгеруіне күш салу қажеттігіне тіреледі. Жол қауіпсіздігі белгілерінің орнатылуы осы айдың 15-не дейін аяқталуы тиіс. Осы бағыттағы жұмыстарды одан әрі жетілдіру мақсатында қала мен аудан әкімдеріне, тиісті сала басшыларына нақты ұсынымдар берілді.

**Жұмагүл ОРАЛБАЕВА.**

● ҚАЗАҚСТАН СУДЬЯЛАРЫНЫҢ VI СЪЕЗІ ҚАРСАҢЫНДА

# СОТ ЖҮЙЕСІНІҢ ЖҰМЫСЫН ЖАНДАНДЫРАДЫ



**Ата Заңымызда әркім өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалуына құқығы бар екені қамтылған. Республика соттары сот билігін Қазақстан Республикасының атынан жүзеге асырады. Конституция бойынша сот төрелігін тек сот қана жүзеге асыра алады.**

Соттың ең басты мақсаты– азаматтар мен ұйымдардың құқын, бостандықтары мен заңды мүддесін қорғау, Конституцияның, конституциялық заңдардың, өзге де нормативтік құқықтық актілердің, халықаралық шарттардың орындалуын қамтамасыз ету болып табылады.

Биыл 20 қарашада өтетін Қазақстан Республикасы Судьяларының VI съезінде судьялардың, жалпы сот саласының соңғы 4 жылда атқарған жұмыстарының нәтижесі басты назарда болмақ. Тәуелсіздігімізді алғаннан бері республика судьяларының 5 рет съезі өтіп, онда алда атқарылуға тиіс ауқымды шаралар белгіленген болатын. Сондай-ақ, сот жүйесі материалдық-техникалық жағынан көп өсті. Жаңадан сот ғимараттары салынса, көпшілігіне күрделі жөндеулер жүргізіліп, компьютерлер және заманауи техникалық құралдармен жабдықталды.

Судьялар съезі – сот жүйесінің дамуы мен өзекті мәселелердің шешімін табуына, әр аймақтан келген судьялардың ой-пікір алмасуына, сот жүйесіндегі жетіспеушіліктердің толықтырылып, қамтамасыз етілуіне ықпалын тигізеді. Өткізілгелі тұрған VI съезде сот жүйесін әрі қарай ілгерілету, орын алған кемшіліктерді көрсетіп, судьялар жұмысына жаңа серпін беру, құқықтық жүйені белсенді қалыптастыру мәселелері сөз болмақ.

Республика судьяларының алғашқы съезі өткеніне биыл он жеті жыл болып отыр. Бұл кезең тарих үшін онша көп уақыт болмағанымен, Қазақстан судьялар қауымдастығы үшін ізденістерге толы кезең болғаны ақиқат. Осы уақыт аралығында мемлекеттің қорынан сот саласына қыруар қаржы бөлініп, соттардың материалдық-техникалық базасы нығайтылды. Сөйтіп судьялар мен сот қызметкерлерінің жұмыс істеуіне айрықша көңіл бөлінді. Қазақстан соттарына бірыңғай автоматтандырылған ақпаратты талдау жүйесі енгізілді. Осы жүйе бойынша соттардың жұмысы біршама жеңілдетілді. Ал, сотқа келіп түскен іс судьяларға автоматты түрде бөлініп беріледі.

Судьялар мен сот қызметкерлерінің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларын жақсартуға мемлекет тарапынан ерекше көңіл бөлінуде. Судьялар қауымдастығының съезден съезге дейін атқарылған жұмыстарының мақсат-мүддесін айқындап беретін бұл жиында судьялар арасында моральдық тазалықты, парасаттылық пен әділдікті, кәсіби біліктілікті арттыруға ерекше назар аударылады деп күтілуде.

Қазақстан Республикасы Судьяларының әр съезінде қабылданған шешімдері нәтижелі орындалып келеді. Елбасы Судьялар одағының 5-съезінде бірқатар нақты міндеттерді алға қойғаны белгілі. Атап айтқанда, инновациялық технологияларды қолдану арқылы сот өндірісін жетілдіру қажет екенін атап өтіп, келесі съезге дейінгі мерзімде қағаз түріндегі құжат айналымынан бас тарту, электронды технологияларға көшу, мамандандырылған соттар жүйесін кезең-кезеңімен енгізу, дауларды шешудің баламалық әдісі, яғни, медиация институтын енгізу туралы тапсырма берілген болатын. Қазіргі күні бұл тапсырманың барлығы кезең-кезеңімен жүзеге асырылып, нақты шешімін тапқанына бәріміз куә болып отырмыз.

Қазақстан судьяларының әрбір съезінде еліміз сот жүйесінің жұмысын одан әрі жандандырып, құқықтық сот реформасын жүзеге асырудағы судьялар бірлестігінің қоғамдық рөлі және заңнамаларды жетілдіру, сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу мәселелері қарастырылып, судьялар мен сот қызметкерлерінің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын жақсартуға ауқымды бағдарламалар бекітіледі. Ендеше, келер съезден үмітіміз мол. Өйткені, өткізілгелі отырған VI съезд Судьялар қауымдастығының алдағы мақсаты мен міндеттерін айқындай түспек.

Биылғы Республика Судьяларының VI съезі Қызылорда облыстық сотының 75 жылдық мерейтойымен тұспа-тұс келіп отыр. Осы аралықта атқарылған қыруар істерді айтпағанның өзінде, талай талантты кадрлардың тәрбиеленіп шыққаны мақтануға тұрарлық жайт.

Өткенді саралап, болашаққа бағдар жасау – ұлағатты іс. Жалпы алғанда, съезден съезге дейінгі аралықта сот жүйесі белгілі бір даму заңдылығын басынан өткергені ақиқат.

Бұқаралық ақпарат құралдарында көтеріліп жатқан мәселелер, барлық судьялар қауымдастығының көкейінде жүрген сауалдар съезд барысында талқыланып, Елбасының қолдауына ие болады, сөйтіп өз шешімдерін табады деген сенімдеміз.

**Нұрлан ҚАЙЫРБЕКОВ,**
**облыстық сот төрағасы.**

● ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБА

# КОНФЕССИЯАРАЛЫҚ КЕЛІСІМ КЕҢІСТІГІ

«Самұрық» инновациялық идеяларды дамыту орталығы» қоғамдық қоры биылғы жылдың наурыз айынан бастап «Тұрғындар арасында діни экстремизм құбылыстарының алдын алу жөніндегі ақпараттық қызметті ұйымдастыру» әлеуметтік жобасын жүзеге асырып келеді. Осы жоба аясында Ә.Тәжібаев атындағы облыстық ғылыми-әмбебап кітапханасында «Конфессияаралық келісім – татулық кепілі» тақырыбында конференция ұйымдастырылды.

Облыстық ішкі саясат басқармасының бастамасымен өткізілген шараға аудандық ішкі саясат және білім бөлімдерінің жауапты қызметкерлері, мешіт имамдары қатысты. Конференция тізгінін «Сырдария-Руханият» қоғамдық қорының директоры Тұрар Әбуов ұстады.



Шара барысында облыстық дін істері басқармасының басшысы Бақытжан Камалов өңірдегі діни ахуалға тоқталды. «Отанға деген сүйіспеншілік, патриотизм еліміздің әрбір азаматының қандай да бір ұлттың өкілі екеніне, діни сеніміне қарамастан, осы жердің нағыз азаматы екенін сезінгенде ғана қалыптасады. Қазақстанда ұлтаралық келісім сақтауда Елбасының сындарлы саясатының арқасында еліміздегі барлық конфессиялардың құқықтары ата заң шеңберінде қорғалып келеді. Барлық ұлттардың өз мәдениетін, білімін, салт-дәстүрін, діни сенімін сақтауға жетілдіруге мемлекет тарапынан тұрақты қолдаулар көрсетілуде. Бүгінде облыс бойынша діни-психологиялық және құқықтық кеңес беру және «Қамқорлық» дағдарыс орталығы жұмыс жасауда. Онда жоғары білімді дінтанушы, заңгер және психолог мамандар қызмет етеді»,–деді басқарма басшысы.

Мұнан кейін Қазақстан халқы Ассамблеясының облыстағы хатшылығының меңгерушісі А.Жұмабаев, «Ақмешіт-Сырдария» мешітінің наиб имамы Н.Махамбетов баяндама жасады. Конференция соңында қатысушылар өзара пікір алмасып, мамандар тарапынан сауалдарына жауап алды.

**Айсәуле ҚАРАПАЕВА.**

● БАҒДАРЛАМА БАЯНЫ

# АУЫЛДЫҢ ДАМУЫНА АЛҒЫШАРТ ЖАСАЛДЫ

Мемлекеттік бағдарламалардың жүзеге асырылу барысын бағдарлау мақсатында қалалық ішкі саясат бөлімі БАҚ өкілдеріне Қызылорда қаласына қарасты Қызылөзек ауылдық округіне пресс-тур ұйымдастырды.

Ауылдық округте «Жұмыспен қамту - 2020» бағдарламасы кешенді түрде жұмыс істеп жатыр. Мәселен, бағдарламаның 1-ші бағыты бойынша елді мекенде екі жұмыссыз жас қайта даярлау курсында білім алып, тұрмысы төмен отбасынан шыққан бір бала кәсіптік даярлау бойынша Қызылорда қаласындағы арнаулы білім беру орындарының гранты бойынша оқуда. «Жастар тәжірибесі» бойынша жеті жұмыссыз жас тәжірибеден өтуде.

Бағдарлама аясында «Ауылда кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесу» бағыты бойынша несие беру жөнінде округ тұрғындары арасында түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, нәтижесінде бес азамат «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ Қызылорда филиалы арқылы несиеге қол жеткізді. Олардың ішінде Жарасбаева Жұмакүл, Серікбаев Қуандық, Өтегенова Жұмакүл есімді ауыл тұрғындары сиыр, жылқы түліктерін сатып алып, шаруаларын дөңгелетіп отыр. Аталған азаматтар салық органына жеке кәсіпкер ретінде тіркеліп, мал шаруашылығымен айналысуда.

Сонымен қатар, Қараөзек ауылының тұрғыны Әлиева Гүлжамалға қой малын өсіру үшін қаржылай қолдау қорынан 3 млн. теңге бөлінді. Осындай жобамен Қараөзек станция тұрғыны Нұрғалиева Ұлбикенің ірі қара малын бордақылау жобасы бойынша жуық арада несие беріледі деп күтілуде.

Ауыл шаруашылығын қолдау мақсатындағы «Сыбаға» бағдарламасы да ауыл халқына өз шаруашылығын бастап, дамытуға сүбелі көмек көрсететіні белгілі. Осы бағдарлама аясында бес кәсіпкер «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ Қызылорда филиалына тиісті құжаттарын тапсырып, 2 кәсіпкердің құжаттары қабылданды. Оның бірі жеке кәсіпкер Садықов Абдулла 2,5 млн. теңге несие алып, ірі қара малын асылдандыру бағытында 1 бас асыл тұқымды бұқа мен 30 бас аналық сиыр сатып алды, Айнакөл ауылынан «Шәкір» шаруа қожалығы басшысы Тұманов Ермек 6 млн. теңге несиеге 2 бас асыл тұқымды бұқа мен 32 бас сиыр алуға қол жеткізді.

Елбасы бастамасымен қолға алынған «Дипломмен – ауылға!» бағдарламасы бойынша ауылдық округке қарасты №39, №128, №175 мектептеріне алты жас маман жұмысқа орналасып, тиісті көтерме жәрдемақылары бөлінген.

Қараөзек ауыл тұрғындарын ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында «Ақбұлақ» бағдарламасымен республикалық бюджеттен 244 млн. теңге қаржы бөлініп, Қараөзек ауылының ауыз су жүйесіне қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілуде. Құрылыс-монтаждау жұмыстары барысында 2011 жылы әзірленген жобалау құжаттарында 95 тұрғын үй ауыз су желісіне қосылмай қалғаны анықталған болатын. Осы орайда, ауылдық әкімшілік тарапынан тапсырыс беруші қалалық құрылыс бөлімімен тиісті жұмыстар жүргізіліп, тұрғын үйлерге ауыз су желісі толық жеткізіледі деп жоспарлануда.

«Өңірлерді дамыту» бағдарламасы негізінде Қараөзек ауылы, Арғын көшесінің тас жолына өткен жылы жүргізілген ағымдағы жөндеу жұмыстарын жалғастыру мақсатында республикалық бюджеттен қаржы бөлініп, мемлекеттік сатып алу жеңімпазы «Дидар құрылыс» ЖШС 300 метр жолға жөндеу жұмыстарын жүргізді.

Мемлекетіміздің елді мекендерге қамқорлығы ауылдың өсіп-өркендеуіне, әлеуметтік-экономикалық жағдайының көтерілуіне осылайша дем беруде.

**Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ.**

**Қызылорда қалалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығында «Ұлағатты ұрпақ – ел болашағы» тақырыбында дөңгелек үстел отырысы өтті.**

# ҰЛАҒАТТЫ ҰРПАҚ – ЕЛ БОЛАШАҒЫ

Облыстық ішкі саясат басқармасы, «Мәртебелі Қазақстан» қоғамдық қоры және қалалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен өткен шараның мақсаты жас ұрпақтың адамгершілік, имандылық қасиеттерін арттыруға ықпал ету, жастарды елін, жерін сүюге, тілін, дінін, ата-анасын құрметтеуге, рухани құндылықтарымызды бағалауға насихаттау, қоғамда ұрпақ тәрбиесіне қатысты атқарылып жатқан өнегелі істерден хабардар етіп, олардың қоғамдағы белсенділігін арттыру болып табылады.

Басқосуға облыстық ішкі саясат басқармасының, облыстық тілдерді оқытудың өңірлік орталығының қызметкерлері мен дін өкілдері, мектеп оқушылары мен ата-аналар және ұстаздар қатысты.

Дөңгелек үстел отырысын облыстық ішкі саясат басқармасының сарапшысы, дінтанушы маман Жеңісбек Дәрібаев ашып, тақырыптың өзектілігі, оның маңызы жөнінде және дін саласында, әсіресе дәстүрлі дінді насихаттау барысында аймақта атқарылып жатқан шаралар жайында айтып өтті. Өз кезегінде сөз алған «Мәртебелі Қазақстан» қоғамдық қорының төрайымы Нұрсәуле Мұсаева ұрпақ ұлағаттылығы, жастарды білімге, елжандылыққа тәрбиелеудің маңызы турасында әңгімелесе, дінтанушы ғалым Тұрар Әбуов бүгінгі таңдағы діннің қоғамдағы рөліне тоқталды, жастарды түрлі діни ағымдардың шырмауына түсуден сақ болуға шақырды. Басқосудың қонағы, қала тұрғыны қажы Күләй Ибраимова биыл қажылыққа барған сапары, ондағы алған әсерімен бөлісіп, жас буынды имандылыққа үндеді. Дөңгелек үстел барысында оқушылар дінге, тілге, адамгершілікке, тәрбиеге қатысты өздерін қызықтырған сұрақтарын қойды, ұсыныс-пікірлерімен бөлісті, тақырыпқа байланысты ақпараттық-танымдық бейнематериалдар көрсетілді. Соңында өскелең ұрпақты адамгершілікке тәрбиелеуде белсенділік танытып жүрген бір топ ұстаз арнайы Алғыс хатпен марапатталды.

Дөңгелек үстел отырысын қалалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының ұйымдастырушы - педагогы Бағдагүл Нақышова жүргізді.

**Айнұр БАТТАЛОВА.**

● ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

# ТҰМАНДЫ АЛЬБИОННАН ЖЕТКЕН СЫЙЛЫҚТАР...

## балғындарға қуаныш сыйлады



Қазақстан Республикасының өткен жылы қабылданған «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзету арқылы қолдау туралы» Заңына байланысты мүгедек және мүмкіндігі шектеулі балаларды түзете дамыту, оңалту, әлеуметтік бейімдеу мақсатында аудандық білім бөлімі жанынан заңды тұлға статусы берілмеген психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті ашылған болатын. Қазіргі уақытта Сырдария ауданының психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті мемлекеттік мекемесі көмекке мұқтаж мүгедек және мүмкіндігі шектеулі 25 баламен жұмыс жасауда.

2005 жылдан бері психологиялық-педагогикалық түзету кабинетінен 122 бала түзету көмегін алды. Биылғы жылдың қыркүйек айынан бастап 25 бала аталмыш кабинетке келіп, қажетті көмектерін алып жатыр.

– Бізбен бірге бұл балалардың ата-аналары да жұмыс істейді. Олар балаларымен бірге кабинетке келеді, сондай-ақ үй жағдайында балалардың уақытылы дәрі-дәрмек қабылдауына, түрлі жаттығулар жасауына көмектеседі. Міне, осындай белсенді қимыл жасаудың, ата-анасының қамқорлығы арқасында өз аяғына тұрып жатқандары да бар,-дейді бізбен әңгімесінде кабинет жетекшісі Жанар Сағындықова. – Әрине, қолымнан келсе, бұл жерді осы балалар үшін жұмаққа айналдырар едім. Қол қысқа. Бюджеттен кабинет үшін көп көлемде қаржы бөлінбейді. Мысалы, сабақ үшін қажетті құрал-жабдықтар көбіне демеушілер арқылы келеді.

Демеуші демекші, жақында тұманды Альбион елінен арқаланып, «PROTRADE» Central Asia компаниясының атқарушы директоры Кевин Робертс аудан орталығына келіп, аталған кабинетте мүмкіндігі шектеулі балалармен, олардың ата-аналарымен кездесті. Балғындарға алты қол арба, жұмсақ ойыншықтар сыйға тартты. Бір қызығы Кевин Робертс мырзаның жары, екі баланың анасы Айна Бөлебайқызы – Тереңөзектің тумасы.

– Осында туып өскен Айнаның туған жерін көру, қаймағы бұзылмаған ұлттық құндылықтарды сақтап қалған Сыр елінің халқымен танысу мен үшін үлкен қуаныш, – дейді ол, – Осында келуіме себепкер болған Айнаға алғысым шексіз. Әрине, өмірдің қызығын әлі көріп үлгірмеген балалардың осындай жағдайларға тап болуы өкінішті. Біздің қолымыздан оларға осылайша көмектесу ғана келеді. Бұл сапар біздің іскерлік байланысымыздың бастауы болатынына сенемін.

Қол арба Сәтбай Аяжанға, Болатбекова Нұрайға, Мейрамбекқызы Нұрайға тапсырылып, 2 қол арба кабинетте қалдырылды. Себебі, үйінен көлікпен келетін кейбір балаларды кабинетке дейін әкелу де қиындық тудырады екен. Сондықтан осы арбалармен оларды кабинетке дейін алып келу жоспарлануда.

– Болашақта осындай жүріп-тұруы қиын балалар үшін арнайы жабдықталған көлік әперу ойда бар, – дейді Айна ханым.

Айтпақшы, қайырымдылық сапармен келген Кевин мырза жары Айнамен бірге үлкен ұлы Тимучинді, қызы Сараны ала келіпті. Баланың аты бала емес пе, кабинетке келген өзге балалармен бірге қазақтың жиендері асыр сала ойнап, тіпті ойыншыққа таласып та алды. Ал, Тимучин болса үш тілде: қазақ, ағылшын, орыс тілінде ағып тұр...

Қайырымдылық акциясы кезінде ата-аналар атынан Света, Ақнұр есімді аналар сөйлеп, сонау қиырдан келіп, тағдыр тәлкегіне ұшыраған балаларға көмек қолын созған атымтай жомарт азаматқа алғысын білдірді.

**С.СҰЛТАНҚЫЗЫ,**
**Е.АҚҚАЛИҰЛЫ.**

# КӘСІПОДАҚ КҮШІ – БІРЛІКТЕ

Бір кездері 13000-ға дейін жеткен кәсіподақ мүшелері, кейіннен қысқартуларға ұшырап, қайта ұйымдастыруға байланысты саны азайып кетті. Қазіргі таңда 4000-ға жуық кәсіподақ мүшелерін біріктіретін облыстық комитет құрылымында 7 аудандық кәсіподақ комитеті, 220 бастауыш ұйым бар.

Мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің облыстық кәсіподақ комитетінде кәсіподақ мүшелерін ынталандыру мақсатында көптеген шаралар атқарылуда. Комитет штатында заңгер қызметі сақталып, тегін заңгерлік көмек көрсетіледі. Кәсіподақ активтерін оқыту, семинарлар мен практикум-кеңестер үнемі өткізіледі.

Сондай-ақ, еңбекшілер мен олардың балаларын сауықтыру да облыстық комитеттің басты шараларының бірі. Балаларды жазғы демалыс лагерьлеріне жіберіп, еңбекшілердің шипажайда емделуіне кеткен шығынын 30 пайызға дейін өтеп отыр.

Кәсіподақ ұйымдарының алға қойған басты міндеті – өз мүшелерінің кәсіби, еңбек, әлеуметтік-экономикалық құқықтары мен мүдделерін қорғауды облыстық мемлекеттік, банк мекемелері және қоғамдық қызмет көрсету қызметкерлерінің және денсаулық сақтау саласы қызметкерлерінің кәсіподақ комитеттерінің заңгері Інжу Жүсіпәлиқызы жүзеге асырып келеді.

Өз ісінің үздігі, білікті де білімді заңгердің 32 жыл бойы кәсіподақ саласына сіңірген еңбегі, қосқан үлесі зор.

Жуырда облыстық кәсіподақтар кеңесінің ұйымдастыруымен өткен кеште «Кәсіподақ тарланы» номинациясымен заңгер І.Жүсіпәлиева, «Жанашыр» номинациясымен әрдайым кәсіподақ мүшелеріне жанашырлық танытып, қамқорлық көрсетіп, олардың мүддесін қорғауда өз үлесін қосып келе жатқан Жалағаш аудандық кәсіподақ комитетінің төрағасы Ажаркүл Каюпова, Қазақстан Республикасы Кәсіподақтарының Федерациясының «Құрмет» грамотасымен Жаңақорған аудандық кәсіподақ комитетінің төрағасы Қалмақан Тәжіғұлов, Қызылорда облыстық кәсіподақ кеңесінің «Құрмет» грамотасымен Суда құтқару қызметінің кәсіподақ ұйымының төрағасы Сара Жақанова марапатталды.

Салық департаментінің ұжымы арасында кәсіподақтар күнін атап өту мақсатында кеш ұйымдастырылды. Кеште кәсіподақ ұйымында атқарылған істері, орындалған жұмыстары жөнінде баяндалып, кәсіподаққа үнемі қолдау көрсетіп, белсенді басшы бола білген А.Б.Тілегенов, зейнеткерлік жасқа жеткен департамент қызметкерлері Г.С.Щербакова, Н.Ыдырысов облыстық кәсіподақ комитетінің «Құрмет» грамотасымен марапатталды.

**Сәуле ТҰРСЫНБАЕВА,**
**облыстық мемлекеттік, банк мекемелері және қоғамдық қызмет көрсету қызметкерлерінің кәсіподақ комитетінің қызметкері.**

KAZAKHMYS

БАЛАУСА

Бәйге!
Бәйге! Бәйге!

Қазақмыс Тобы мен Қазақстан Жазушылар Одағы бірлесе отырып сәбилер мен бүлдіршіндерге арналған әдеби шығармаларға «Балауса» атты байқау жариялайды. Оған кәсіби және әуесқой авторлар қатыса алады.

Байқауға 2-8 жас аралығындағы сәбилерге арналған прозалық және поэзиялық шығармалар қабылданады. Байқауға ұсынылатын шығармалардың жалпы көлемі 3 беттен аспауы керек және мәтіні 1,5 интервалмен, 14-кегельмен терілуі, 3 дана етіп жолдануы қажет.

Автордың аты-жөні, мекен-жайы, телефоны жабық конвертке салынып, сыртына бүркеншік аты жазылып, 050000, Алматы қаласы, Бас пошта, а/ж 176, «Балауса» байқауының мекен-жайына жіберілуі керек.
Шығармалар **2014 жылдың 15 ақпанына дейін қабылданады.**
Байқаудың қорытындысы 2014 жылдың 2 сәуірінде жарияланады.

Өткен ғасырдың басында қазақ мәдениеті мен әдебиетіне, ғылымына өлшеусіз үлес қосқан, сол үшін ұлтшылдық қамытын киіп, тар қапаста тағдыры шешілген арыстардың арасында Сырдың асыл азаматтарының да көп болғанын тарих дәлелдейді. Өз заманында өлім деген ерлердің қайқайсысының да талайлы тағдырға кезіккені, дәуірінен озық туған océландардың... 

# Қожықовтар қолтаңбасы

Өмірдің әрбір тетігіне кірпіш болып қаланып, өнер әлемінің биік шыңын бағындырған, сол өнер өлкесінде өзіндік қолтаңбалары қалған Қожықовтар әулеті қазақ тарихында таңбалы орны бар жандар. «Өнер» дейтін киелі де, ғажайып дүниенің тізгінін ұстап, содан қасиетті тұмар таққан Қожықовтардың мәдениет майданындағы іздерінің асыл екенін білеміз.

Жиырмасыншы ғасырдың басында Сыр елінде қазаққа аты мәшһүр болған болыс Мұңайтпас Лапин еуропалық үлгіде мектеп ашып, оған үлкен оқуды бітірген зиялы жігіт Қоңырқожа Қожықов мұғалім болып барады. Болыстың Күләндам жәнеЛәтипа атты қыздары да мектепке оқуға барады. Осы кезден бастап екі әулеттің, екі жастың тағдырлары тоғысады. Бір-біріне ғашық болған екі жас Қоңырқожа менЛәтипа ескі салт-санаға қарамай қол ұстасып қашып кетіп, Перовскіге тұрақтайды. Қоңырқожа жарыЛәтипаның ағасы қазақтан шыққан тұңғыш заңгер Серәлі Лапинді пана тұта жүріп, онымен айнымас дос болады.



ЖарыЛәтипа Қожықова жанына түскен жарадан жазыла алмаса да, тағдырдың қатал соққысына тізе бүкпей, балаларына білім алып беріп, тұлға дәрежесіне жеткізіп, өз шығармашылығын да дамытып кетеді. Оның шығармашылығынан қолданбалы өнердің, әсіресе, қазақтың киіз үйін безендіру айрықша орын алады. Ләтипа Қожықованың қолынан шыққан киіз үй мен ер адамдардың киімдері 1945 жылы үкіметіміздің бағалы сыйлығы ретінде американдық делегацияға беріліп, күні бүгінге дейін Вашингтондағы Т.Рузвельтттің мемориалдық музейінде сақтаулы. Өмірлік қосағынан тірідей айырылған ол барлық өмірін балаларына арнайды. Өзінің тума таланты мен өнерге деген сүйіспеншілігін өз бауырынан өрген төрт ұлына да бере білген. Міне, осындай ана өнерінің игі ықпалында жүріп өскен ағайынды Қожықовтар өнер әлемінде қадау-қадау дүниелер туғызды.



Петербордағы университеттің заң факультетін бітірген Серәлі, Самарқан өлкесінде заңгерлік кеңсе ашып, тарихи ескерткіштерде жазылған сөздерді тәржімалаумен айналысқан. Әрі дос, әрі туыс Серәлі мен Қоңырқожа тізе қосып жұмыс жасайды. Екеуі бірігіп шығыс қолжазбалары мен сирек кездесетін кітаптарды қазақ тілінде сөйлетеді. 1905 жылы теміржолшылармен бірге ереуілге шыққаны үшін Қоңырқожа қамауға алынып, одан босаған соң, Түркістан өлкесін паналайды. Дүниеге бірінен соң бірі Қожахмет, Құлахмет, Нұрахмет, Сұлтанахмет атты ұлдар келеді.

Қазақтың қаймағын сыпырып, талай зиялы отбасының шаңырағын шайқап, бас көтерер жайсаңдарымыздың тағдырын бір ғана үкіммен шешіп, талай тарланды тәрк еткен отыз жетінші жылдың ойраны бұл әулетті де шарпиды. 1938 жылы Қоңырқожа тұтқындалып, түрмеде 58 жасында өмірден өтеді.

Қожықовтардың үлкені Қожахметтің есімі Қазақстандағы кәсіби бейнелеу өнерінің қалыптасуымен байланысты. СССР Суретшілер одағының мүшесі, Қазақстандағы тұңғыш суретші-график, карикатура және плакат жанрының негізін салушы. Қазақстанның орталық музейінде, ұлттық мәдениет институтында бас суретші болып қызмет атқарып жүрген Қожахмет те 1938 жылы тұтқындалып, денсаулығына байланысты 1944 жылы абақтыдан босаған. Ол 43 жасында айықпас дерттен дүние салады.

Ленинград драма театрындағы сахна өнері саңлақтарының студияларында әзірліктен өткен Құлахмет Қожықов халық мәдениетін дамытуға риясыз үлес қосқан өнер иесі. Шәкен Аймановпен бірге ұлттық кино өнерінің көптеген классикалық шығармаларының жарық көруіне атсалысқан. 1958 жылы «Қазақтардың ұлттық өнері» атты ғылыми-зерттеу фильмін түсірген. 1978 жылы ол Қазақстанда республикалық музейдің негізін қалаған. Қазақтың кино және театр өнерінің бірінші суретшісі ретінде танылған, ол қазақ киносының алтын қорына енген ондаған фильмнің қоюшы-суретшісі.

Науқас болса да өнерді тастамаған Нұрахмет Қожықов Оңтүстік Қазақстандағы көптеген скульптуралық жұмыстарды өмірге әкеліп, артына өшпес мұра қалдырған мүсінші.

Қожықовтардың ең кішісі Сұлтанахмет көрнекті қазақ режиссері, Қазақ ССР мәдениетіне еңбегі сіңген қайраткер, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, киномотографистер одағының хатшысы және көркемдік жетекшісі, бірнеше мемлекеттік наградалардың иесі. Қазақ киносы туралы әңгіме қозғалса, алдымен ауызға Қожықов есімі ілігеді. Шығармашылық қызметін 1958 жылдан бастаған ол қазақ өнеріне қырық жылға жуық өмірін берді. Ол өзінің биік талғамының, зор дарыны мен қабілетінің арқасында асқақ адамгершілікті паш ететін, шынайы махаббаттың үлгісін көрсететін аса құнды дүниелерді өмірге әкелді. Александр Довженко сынды даңқты режиссердің шеберханасында тәжірибиеден өте жүріп, ВГИК-ті бітіреді. Оның талантынан туған «Наша лето», «Девушка-джигит», «Ана мен бала», «Біз Жетісуданбыз», «Жартастағы шынар», «Бізді танып қойыңдар» деп аталатын кесек туындылары қазақ киносының алтын қорынан орын алатын, қазақты әлемге паш ететін ғажайып дүниелер.

Мәңгілік махаббатты жыр еткен, қазақы салт-сананың иісі аңқыған, елдік пен ерлікті ту еткен, қазақ кино өнерінің бірегей туындысы – «Қыз Жібекті» қойған режиссер. Отыз жылдан бері сахнадан түспей келе жатқан бұл шығарманың әрбір көрсетілімін қалың жұртшылық ыстық ықыласпен сағына күтеді. Біздің ұлттық киномызда ғажайып оқиғаға толы болып қалатын ленталарды түсірген, өнер аспанында қарлығаш боп қалықтаған, сұлулық әлеміне жетелейтін құнды дүниелер туғызған, табиғатынан талант қонған дарын иесі Сұлтанахмет Қожықовтың туғанына биылғы жылы 90 жыл толып отыр. Бүкіл ғұмырын қазақ өнеріне арнаған, есімі әлемге әйгілі болған талантты ұлдарын Сыр топырағы ешқашан ұмытпақ емес. Халқына өміршеңдігімен мағыналы да құнды туындылар сыйлаған Қожықовтар әулетінің біздің Сыр өңірінде тамыр жайып, қанаттанғанын, Сыр топырағынан нәр алғанын әрдайым мақтан етеміз.

**Бақыт ТОҚТАМҰРАТҚЫЗЫ,**
**облыстық тарихи-өлкетану музейінің директоры.**

ОБЛЫСТЫҚ ФИЛАРМОНИЯҒА-40 ЖЫЛ

"Өнер көзі – халықта" деген қанатты сөз бүкіл өнерпаздарға арналған темірқазық секілді. Шын мәнісінде өнерпаздардың бәрі де халық арасынан шыққан дарындар. Табиғаттың берген осы қасиетін қастерлеп, қадірлеп рухани байлыққа айналдырып, өзіне қайтарып берген өнерпаздар осы халықтың төл перзенттері.

Өткен кезеңдерге көз салсақ, біздің Сыр өңіріндегі өнер иелері – ақындарымыз, жыршы-жырауларымыз, әншілеріміз, күйшілеріміз, т.б өнерпаздарымыздың да тарихы бай әрі әсем. Сонау Қорқыт бабадан тін тартатын дәстүрлі өнерімізден бастап, осы кездегі өнерпаздарымыз ұсынып жүрген өнер түрлерінің түп-төркіні тым әріде. Қилы-қилы заманғы уақиғаларды тарих бетіне жазып, айтып, кейінгі ұрпаққа шежіре сияқты беріп отырған да өнер иелері.

Біздің облысымыздың рухани орталығы – облыстық филармонияның елге қызмет етіп келе жатқанына 40 жыл уақыт өтіпті. Осынау орны дара өнер ұжымының Сыр өңірінен, халықтың дәл ортасынан шыққан небір жезтаңдай әншілері, көмейінде күміс қоңырауы бар жыршы-жыраулары, саф алтындай жарқыраған, жан дүниеңді алай-дүлей ететін өлең сөздің жампоздары елге қалтқысыз еңбек еткенін біз тарихтан білеміз. Солардың шығармаларын төкпей-шашпай кейінгі ұрпаққа аманат етіп тапсыру бағытында еңбек етіп келе жатқан осы ұжым.

# Қуаныш пен шаттықтың шаңырағы

Кешегі Кеңес дәуірінің өзінде Сыр бойының бойтұмары секілді жыршы-жыраулық өнерді өгейсінсе де ел арасында бабаларымыздан қалған төл өнерімізді ұмытпай, халыққа насихаттап жүрген біздің ақын, жырауларымыз аз болған жоқ. Әр заманның өз саясатына лайық түрлі рухани, мәдени қозғалыстары болған. Сырдағы мәдени қозғалыстар өткен ғасырдың отызыншы-қырқыншы жылдары арасында өңірдегі өнерпаздардың басын қосып, біріктірген Нартай Бекежановтың (1890-1954) басқаруында пайда болған. "Нартай бригадасы" деген атпен елдің есінде қалған өнер ұжымы дүниеге келді. Өздері Қызылорда аймағы өнерпаздарынан құралса да орталығы Шымкент қаласында болды. Оны "концерттік эстарада бюросы" (КЭБ) деп атады. Осы бюроның бір саласы жоғарыда айтылған «Нартай бригадасы» еді. Нартай Бекежанов өзінің өнер отауына Қызылорда төңірегінен жеке-жеке өнер көрсетіп, елге танымал болған өнерпаздардың басын құрап, бригадаға тартты. Арал, Қазалы, Қармақшы, Жалағаш, Қызылорда, Тереңөзек, Шиелі, Жаңақорған аудандарын аралап жергілікті жерлерден өнерпаздарды ұйымдастырды. Оларға айлық беріп, сахналық киімдер, музыкалық аспаптармен жабдықтап сахнаға әзірледі. Айтыс ақындары-жыршы, жыраулар Әлібек Байкенов, Әбділда Жүргенбаев, Күндебай Алдоңғаров, күйшілер Құрақтың Досжаны, Жолдыбай Елеукенов Төлеген Қаражанов, әншілер Айзахан Бижанова, Фатима Төлегенова, Тұрсынкүл Баяхунова, Мырзабай Әділов, жас жыршы Шамшат Төлепованың көрсеткен өнерлері, дауыстары әлі ел құлағында.

Нартай Бекежанов өмірден озғаннан кейін де бұл ұжым өз жұмыстарын жалғастырып, ұжымды Мырзабай Әділов, Ақмырза Тұяқбаев басқарды. Нартай Бекежановтың бригадасы Ұлы Отан соғысы кезінде еңсесі түскен елдің рухын көтеріп, қыруар еңбек етті. Сол кездегі халықтың ауыр тұрмыстарындағы қиыншылықтарды жеңу жолында елге сүйеніш болып азалы отбасыларының қолтығынан демеген өнер ұжымы болды.

1972 жылы үкіметтің арнаулы қаулысымен сол Нартай бригадасы өнер ұжымының ізімен Қызылорда мемлекеттік филармониясы өмірге келді. Бұл өнер мекемесіне жаңадан оқу бітіріп келген жастар тартылды. Бірінші филармонияның директорлығына Алматының Құрманғазы атындағы мемлекеттік консерваториясын бітіріп келген жас маман Тәңірберген Қалауов сайланды. Сол кездегі саясат ағымына сәйкес филармония ұжымы репертуарларын сараптап, орындаушылардың мамандық сапасына лайықтап «Өнер күмбезі» фольклорлық, «Ақтолқын» эстрадалық ансамбльдерін жасақтады. Филармония тек қана Қызылорда облысы еңбеккерлерін қамтып қана қоймай, көрші Ақтөбе, Шымкент, Жамбыл облыстары еңбеккерлеріне де өнер көрсетті. Кейін басқа республикаларға да шығып тұрды. Қарақалпақ АССР-ы, Кенимех, Тамды, Үшқұдық аудандарына барып өнер көрсетуді дағдыға айналдырды. Бірте-бірте филармония халықтың сұранысына ие болған өнер ұжымына айналды. Филармонияның материалдық базасы кеңейіп, концерттік киім, гастрольге шығуға лайық автобустар, музыкалық аппаратуралармен қамтамасыз етілді. 40 жылдық тарихы бар филармония ұжымы түрлі-түрлі өнер байқаулары мен республикадан тыс мәдени шаралар-конкурстарға қатысты. Өнер ұжымында Күлән Қалымбетова, Қазақ Республикасына еңбегі сіңген артист атағын алса, дәстүрлі әнші Шынберген Тілеулесов «Ерең еңбегі үшін» медалінің иегері атанды. ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Құрмет Грамотасы» алғыс хаттармен марапатталған өнерпаздар бар. Әртістер Үміт Медеуова, Мейрамкүл Сейталиева, Әлмырза Ноғайбаев, Талғат Мақашовтар Мәдениет министрлігі берген «ҚР Мәдениет қайраткері» төс белгісімен марапатталды.

Қазір руханиятшыл азамат Талғат Мақашев басқарып отырған облыстық филармонияда Тұрмағанбет Ізтілеуов атындағы халық аспаптар оркестрі, «Ошаған» әзіл-сықақ отауы, «Сыр самалы» вокальды-аспапты ансамблі, «Тұран» вокальды-эстрадалық триосы, «Жанкент» аспапты дуэті, «Томирис», «Бұраң бел» би ансамбльдері, «Ақмешіт» фольклорлық ансамбльдері халыққа қызмет етіп келеді.

Болашағы зор, облыстық филармонияның алда әлі де атқаратын рухани қызметтері көп. Бұл өнер ұжымы Сыр елінің қуанышы мен шаттығының шаңырағы болып қала бермек.

**Жұмабек АҚҚҰЛОВ,**
**мәдениет ардагері,**
**ҚР Мәдениет қайраткері.**

● ӨҢІР ӨНДІРІСТЕРІ

# БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ БЕЛГРАДТЫҚ ТРАКТОРЛАР

## ҚЫЗЫЛОРДАДА ШЫҒАРЫЛАДЫ





«АзовАралАгромаш» біріккен кәсіпорны жауапкершілігі шектеулі серіктестігі өз өндірісінің ауқымын кеңейте түсуде. Соның бір айғағы болса керек, серіктестік бүгіндері Сербия елінің Белград қаласындағы индустриалды машиналар мен тракторлар (IMT) зауытымен бірлескен жаңа тракторларды құрастырып, шығаруды қолға алды.

Қазіргі күні серіктестік алғашқы кезекте шығаруға тиісті 15 техниканың 14-н құрастырып қойған. Олардың алғашқы екеуі өз сұраныс жасаушыларына сатылып та кеткен. Қалған тракторларға да қызығушылық танытушылар көп. Сондықтан да олар бұл техниканың тиімділігіне ерекше назар аударуда.

Серіктестіктің бас директоры Нұртай Ителгиевтің айтуына қарағанда, Сербияның доңғалақты әмбебап тракторы Еуропа елдерінде үлкен сұранысқа ие. Өйткені, ол барлық еуропалық талаптарға сай шығарылады. Оны Қазақстанда құрастырып, шығаруды таңдап алудың өзіндік себебі де бар. Нақтырақ айтқанда, бұл трактор біздің ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілерге жақсы таныс Белорусь елінен шығарылатын МТЗ-80 тракторына өте ұқсас. Соған орай, ол дизель отынын біржарым есе үнемдейді.

Жалпы еуропалық елдердің селолық жерлерінде анау айтты үлкен техникалар қолданыла бермейтіні белгілі. Өйткені, олар қымбат, жанар-жағармайды үнемдейтін техникаларға иек артады. Біздегі жанар-жағармай бағасы да жыл санап өсіп, әлемдік деңгейдегі бағаға жақындап келеді. Ал бағаның көтерілуі де алдымен ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге ауыр тиеді. Сондықтан да мұндай жеңіл әрі жанар-жағармайды үнемдей алатын тиімді тракторлардың қажеттілігі өзінен-өзі белгілі.

Сонымен, кәсіпорын қазіргі күні тек 28-ден 101 квт немесе 140 аттың күшіне тең тракторларды шығарып қана қоймайды. Сонымен қатар, ол түрлі тіркемелер мен оларға қажетті қорапшаларды, соқа мен пресс жинақтаушы, тыңайтқыш шашқыш пен жүкті тиеп, түсіру қондырғыларын, тұқым сепкіш пен басқа да ауыл шаруашылығына қажетті дүниелерді шығарады.

Серіктестік басшысы ауыл шаруашылығына қолайлы болып тұрған бұл трактордың өкінішке орай бағасы да МТЗ-80 тракторымен шамалас, яғни 23-24 мың доллар тұратынын жеткізді. Оның бұлайша қымбат болуына алып келген техникаларға 15 пайыз кедендік салық салынатын көрінеді. Кедендік одақ елдерінде мұндай техника шығарылмайтын болғандықтан серіктестік басшылары ҚР Үкіметіне мұндай кедендік салықтарды алып тастау жөніндегі ұсыныспен де шыққан. Егер де бұл ұсыныс қолдау тапса, онда Сербиядан әкелінетін тракторлар бағасы 15 пайызға арзандайтын болады. Сондай-ақ, бұл техниканы сатып алушыларға қолайлы болуы үшін оны лизингтік бағдарламаға енгізіп, сатуға да болады. Амандық болса, бұл іс те жүзеге асып жатса, оны ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілер толық пайдалануға мүмкіндік алады. Белградтық трактордың қызылордалық құрастыру цехында өткен тұсаукесерге келген зауыттың басшыларымен әңгіме барысында облыс әкімі Қырымбек Көшербаев бұл техниканы сатуды «Байқоңыр» ӘКК-ның арнайы лизингілік бағдарламасына енгізуді де тапсырған болатын. Ал бұл дегеніңіз ауыл шаруашылығы құрылымдары үшін үлкен қолдау екені айтпаса да түсінікті.

Әрине, трактор секілді техникаларды құрастырып шығару бір бөлек те, оны алуға қол жеткізу бір бөлек. Дамыған Еуропа елдерінің селолық жерлеріндегі әрбір үйде мұндай шағын тракторларды көптеп көруге болады. Бірақ, ондай мүмкіндік бізде әзірге жоқ. Егер де әрбір үйді айтпағанның өзінде ауылдық округтер осындай 10-15 тракторды тіркемесімен алып жұмыс жасаса, онда олардың тірліктері де өрге басары сөзсіз. Өйткені, бұл әмбебап трактордың атқармайтын тірлігі жоқ. Міне, осындай есеппен алғанда серіктестікке 140 ауылдық округке біржарым мың трактор шығаруына тура келеді. Бұл қолдан келетін тірлік дейді мұндағы мамандар. Сонымен қатар, тракторға сервистік қызмет көрсетіліп, оны жеңілдетілген қосалқы бөлшектермен қамтамасыз етуге болады екен.

Негізі қандай да бір тауардың не техниканың бәсекелестікке шыдас беруі қажет. Өйткені, бәсекелетікке төтеп бере алмаған кәсіпорын қазіргідей нарық жағдайында жұмысын тоқтатуға мәжбүр болады. «АзовАралАгромаш» біріккен кәсіпорны мұндай жағдайды бастан өткерген. Анығын айтқанда, бұған дейін біздің аймаққа монополист «Россельмаш» кәсіпорны пресс жинақтаушы техниканы жеткізіп тұрды. Әрі ол оның бағасын 3,5 млн. теңгеге бағалады. Ал біздің біріккен кәсіпорын сербтік пресс жинақтаушы техниканы құрастырып шығарып, оны сұраныс жасаушыға 2,5 млн. теңгеге ұсынды. Техника бағасының арасы жер мен көктей екенін білген «Россельмаш» кәсіпорнындағылар нарықтан кетпесе де, шығарған техникасының бағасын 2,8 млн. теңгеге түсіруге мәжбүр болды.

Әрине, бағаны түсіруге техниканы көптеп шығарудың да себебі де бар. Осы жайды зерттеп көрген кәсіпорын басшылары мақта өсіретін Оңтүстік қазақстандықтардың үш доңғалақты арнайы тракторларға сұранысы жоғары екенін білген. Сөйтіп, сербтік серіктестеріне сондай техника шығаруға ұсыныс та жасаған. Ал белградтық конструкторлар ондай техникаларды шығаруға болатынын айтып қолға алған. Амандық болса, бұл іс те жүзеге асып жаста, онда «АзовАралАгромаш» біріккен кәсіпорнының жұмыс ауқымы қазіргіден де кеңейе түспек.

**Айғали ҚАРАБАЛАЕВ.**

# ОРТАЛЫҚ ҮЗДІКТЕР ҚАТАРЫНДА

● «ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ-2020»

Қазақстан экономикасына елеулі үлес қосып жатқан көшбасшыларды анықтайтын жалпыұлттық республикалық Ұлттық бизнес-рейтингі (ҰБР) түзген тізімде «Жаңақорған аудандық жұмыспен қамту орталығы» коммуналдық мекемесі үздіктер қатарынан орын алды.

Кешенді рейтингтік бағдарламасына сәйкес 2011-2012 жылдың қорытындысы бойынша республикадағы жұмыспен қамту қызмет түрлерімен айналысатын кәсіпорындардың, атап айтқанда Ұлттық бизнес-рейтингісі бойынша «ТОП-100» қатарынан көш бастаған Жаңақорған аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің жұмыспен қамту орталығы мекемесі «Қазақстан-2013 көшбасшысы» деген дәрежеге ие болды. Яғни, экономикамыздағы көшбасшы кәсіпорындардың жалпымемлекеттік республикалық рейтинг бағдарламасы бойынша арнайы атаққа ие болды.

Үздік деп танылған орталыққа «Сала көшбасшысы - 2013» ұлттық сертификаты мен медалі табыс етілсе, орталық басшысы Ақылбек Жанибеков «Қазақстан даңқы» орденін омырауына тақты. Сондай-ақ, орталық мамандары Самал Абдуллаева «Жыл маманы-2013» ұлттық сертификатына, Жаңабек Тұрлыбеков «Тиімділігі үшін» медаліне ие болды.

Еске сала кетейік, Ұлттық бизнес-орталығы кешенді халықаралық рейтингтік жоба болып табылады. Ұйым ТМД мемлекеттері мен Кедендік одақта кәсіпорын қызметінің тиімділігіне баға беруші коммерциялық емес жалпымемлекеттік рейтинг ретінде кеңінен танымал.

**Нұрбек САҒАТҰЛЫ.**

# ИМАМДАР БІЛІМДЕРІН ЖЕТІЛДІРУДЕ

Қазіргі кей жастардың діни нанымсенімге деген еркіндікті өз мәнінде түсінбей, адасқан ағымдардың ықпалына түсіп қалуы жиі кездесетіні жасырын емес. Сондықтан дәстүрлі Ислам жолындағы діни қызметкерлердің біліктілігін арттыру қажеттігі туындайды. Осы орайда, Тасбөгет кентіндегі «Құддыс ишан» мешітінде Сырдария ауданына қарасты ауыл мен қалалық мешіттердің имамдары бір айлық діни білім жетілдіру семинарында дәріс алуда.

Алла жолындағы қызметтері бір болғанымен, әрқайсысы әртүрлі ауыл-аймақтан келген имамдар семинар барысында оқып қана қоймай бір-бірімен етене танысып, тәжірибе алмасты. Оларға «Әл-Азқар» университетінен Исламтану факультеті бойынша білім алған Мейрамбек Жәмиев дәріс оқуда.

– Имамдардың діни білім жетілдіру семинары жақсы деңгейде өтуде, – деді ол бізбен әңгімесінде. – Менің оқыған дәрістерім негізінен күнделікті өмірде кездесетін мәселелерді қамтығандықтан имамдарға қызықты әрі қызу талқымен өтуде. Қорыта айтқанда, семинарға қатысушы имамдардың білім алуға деген құштарлығы жоғары деңгейде.

Дәріс алып жатқан имамдар семинар басталғалы біршама тың мәселелерге қанықты. «Бесіктен қабірге дейін ілім ізде» деп ардақты Пайғамбарымыздың хадисінде айтылғандай білім мен тәжірибені арттыратын осындай пайдасы зор семинар алдағы уақытта да жалғасын таба бермек.

**Әсел ЕСКЕНДІР, орталық «Ақмешіт-Сырдария» мешітінің баспасөз хатшысы.**

● ОЙТАРАЗЫ

# ТАЗЫ ТҰҚЫМЫН ҚАЛАЙ САҚТАЙМЫЗ?

Қазақ жеті қазынаға тазыны енгізді. Бабалар адамның серігіне айналған тазыны басты байлықтың бірі көрді. Қазір бұл ит тұқымын көре алмай пұшайман күйге түсіп жүрген жайымыз бар. Ілгеріде басқаша болғанын бәріміз білеміз. Әрбір қазақтың шаңырағында кем дегенде бір-екі тазыдан болар еді. Қазір оны ауыл-ауыл түгіл, аудан-ауданнан таба алмайтын жағдайға түстік. Елімізде олардың саны мыңға да жетпейді екен. Осыдан-ақ тазының жағдайын түсіне беріңіз. Кезінде Сыр өңірінде қазақы ит тұқымдары көп болатын. Қалың қазақ топтасқан өңір ғой. Өкініштісі, бүгінгі таңда соның бәрі арманға айналды. Олар қандай иттерді өсіріп жүр дегенде тағы да ойға берілуге тура келеді. Себебі, қазақ шаңырағында жер-жаһанның түкпір-түкпірінен келген иттер көп. Алайда, қазақтың жанына жақын тазы мен төбетке орын табыла бермейді.

Кинология деген ұғым бар. Грек тілінен тәржімалағанда kynos – ит, logos – ілім дегенді білдіреді. Бір сөзбен айтқанда, кинология ит өсіру туралы ғылым саналады. Ол ит анатомиясы мен физиологиясын, үй иті тұқымының шығу тегі мен эволюциясын, оларды өсіру, қолға үйрету, қоректендіру, шаруашылыққа пайдалану мәселелерін зерттейді. Оған жай дүние есебінде қарап келеміз. Иттерді зерттеуге көңіл бөліне бермейді. Баяғы жайбасарлық әдетімізбен жүрміз. Күндердің күнінде әлем жұртшылығы алдында тазының қазақтың жансерігіне айналғанын дәлелдей алмай қалуымыз да әбден мүмкін ғой.

Айтса айтқандай, біз бүгінгі күні көптеген ұлттық құндылықтардан ажырап қалып отырмыз. Ол жайында баспасөз беттерінде аз айтылған жоқ. Қымыз бен көкпар мәселесі біздің еңсемізді түсіргені жасырын емес. Енді олардың қатарына тазы мен төбет қосылса, бас шайқап, бармақ тістегеннің көкесі сонда болар еді. Әзірге біздің бұл байлығымызға көз аларта қойған ешкім жоқ. Дегенмен, сондай сыбысты құлағымыз шалып қалғаны жасырын емес. Тегіміз бір түріктер дүниежүзілік кинология орталығына біздің тазыға ұқсайтын иттің түрін тіркетуге күш салып жүргені оқта-текте айтылып қалып жүр. Егер дәл осы жағдай орын алған жағдайда бізге тазыны қазақы тұқым екенін дәлелдеу қиынға соғатын түрі бар. Өкінішке қарай, сол хабарды естігенмен, біз бәз-баяғы қалпымызбен жайбарақат жүріп жатырмыз. Біз де жеті қазынаның бірі саналған тазыны әлемге танытамыз десек, сол бағытта жүйелі жұмыс жүргізгеніміз артық емес. Өйстіп жүріп қымыз бен көкпардан ажырап қалғанымыз секілді тазыға да ие бола алмай қалуымыз әбден мүмкін.



Қорқыт ата атындағы университеттің оқытушысы Оразхан Айдаров қазір қазақ тазысының құмай деген түрі жоғалып кету қаупінде тұрғанын айтады. «Айдың күні аманда оны құртып алсақ, келешек ұрпаққа не дейміз? Бізді осы жағы ойландырып отыр. Рас, дүниежүзілік кинологиялық орталыққа тазы қазаққа тән тұқым түрінде тіркеле қоймаған. Түріктер соған ұқсайтын ит тұқымын тіркетіп қойса, бізге қиын тиетін түрі бар. Елдің арасында төбет пен тазы тұқымын сақтап қалуға көңіл бөліп жүрген адамдар баршылық. Алайда, оларға ешқандай қолдау жасалып жатқан жоқ. Соның салдарынан жылдан жылға қазақы ит тұқымдары құрып бара жатыр. Қолдағы деректерге сүйенсек, осыдан жарты ғасырдай бұрын елімізде саны 10 мыңға жуықтайтын тазы болған екен. Қазіргі күні олардың саны 300-ге әрең жетеді. Жалпы, қазақтың саятшылық өнерінде тазымен аңға шығудың маңызы ерекше деп айта аламын. Бұл – қазаққа ғана тән тұқым. Одан ажырап қалмауымыз тиіс. Осы бағытта жүйелі жұмыс жүргізгеніміз артықтық етпейді. Оған немқұрайды қарамайық дегім келеді» дейді ол.

Әлемдік кинология орталығына тіркелу үшін иттің тегі сараланады. Оның қаны ғылыми тұрғыда сараптаудан өткізіледі. Сондай-ақ, олардың саны кем дегенде еркегі мен ұрғашысын қосқанда 1000-ға жетуі қажет. Өкінішке қарай, қазір біздің қолымызда оның үштен бір бөлігі ғана бар. Аңшылыққа құмар қазақ тазысының орнына тегі белгісіз басқа ит тұқымдарын ертіп шығатын болды. Дәл осындай көрініс қазақы аймақ – Сыр өңіріне де тән құбылысқа айналды. Ал тазы аялы алақан жылуын күтіп тұр.

**Әділжан ҮМБЕТ.**

# Іңкәрлік шірімдері

**Аққан жұлдыздай жарқ етіп, жалт беретін баянсыз өмір-ай десеңізші! Байырғы жорналшы, апайтөс ақын, сұңғыла сықақшы, ақжүрек азамат Жанұзақ Қожабергеновтың бақилық болғанына да қырық күн болып қалыпты. Досымның қазасы жайлы суық хабар жеткен күні байыз таппай менің үрейлі кеудемнен қиқулап ұшқан бозөкпе сезім жаралы жапалақтай күнделік бетіне құлдырап құлай берген еді. Сол көбелек күйдің күнәсіз кейпін Сіздің кенерелі құзырыңызға ұсынуды жөн көрдім. Жанұзақтың жаны жаннатта болсын!**



Екеуміз бір ауылдан едік. Қызылорда қаласының іргесіндегі «Қызылжарма» ауылынан. Әкесі Мырзахмет ептеп молдалығы бар көзіқаракты, ел ішінде сыйлы, аса жинақы жан болатын. Анасы Орынбасар қой аузынан шөп алмайтын, өте биязы, күндіз-түні қимыл үстінде жүретін еңбеккер адам еді.

Екеуміз мектепке бір жылда бардық. Бастауыш сыныптарды бітіріп, қалаға келгесін де бір көшенің бойында тұрдық. Шаңқайдың Чкалов көшесінде. Бірақ жас күнінде Жанұзақ қатты ауырып, аяғынан азап көрді. Ақыры ота жасатып, аяғын сылтып басатын болды. Сөйтіп жүргенде оқуды үзіп алды да мектепті менен кейін бітірді.

Сонан аз уақыт облыстық баспаханада жұмыс істеді.

Жыл жарымдай уақыт типографияда бірге жүрдік. Мен мұнда институттың көптиражды газетін басып шығаруға келем.

Кешікпей институтқа ол да келді. Мұнда да бір факультетте оқыдық. (Осы қаладағы қазіргі Қорқыт ата атындағы университетте.)

Студент кезімізде хабар-ошар, өлең жазып облыстық газеттің есігін бірге тоздырдық.

Елуінші жылдардың ортасынан ауған түс қой. Жазушылар одағының Оңтүстіктегі облысаралық бөлімшесін қазақтың «қырғи тілді ақыны», бәрімізді бетіне қарап, тамсана тәнті болып келе жатқан бәйтерек ұстазымыз Асқар Тоқмағамбетов басқарды. Ол Алматыдан осында көшіп келіп, түпкілікті жайғасып алған кезі.

Апта сайын сәрсенбі күні сол бөлімшеде бас қосамыз. Пір тұтқан әділ қазымыз Асекеңнің алдында жарысып өлең оқимыз. Бұл біз үшін үлкен мақтаныш әрі емтихан. Сәтті шыққан тұстарына қуанамыз. Қызығамыз. Бір-бірімізді құттықтаймыз. Шықпай қалған жеріне күлеміз, әжуалаcамыз. Талқылаймыз. Сөз саралап, ой кестелейміз. Шабыт шабақтаймыз. Гуілдесіп тарқаймыз. Әр кездескенде бір байып, өсіп қаламыз.

Ол бір шуақты шақ еді ғой. Кеудемізді меңдеп алған жыр көшінің шуағы.

Институттан кейін екі жылдай радиода бірге жұмыс жасадық.

Мен облыстық комсомол комитетінде істеп жүрген кезімде Жанұзақ осындағы штаттан тыс шығармашылық жастар арасындағы жұмыс бөлімін басқарды.

Оңтүстік өлкесі құрылғанда Шымкент шаһарында әр түрлі басқосулар жиі болып тұрады. Оған да бірге барып-қайтып жүрдік. Жол-жөнекей өлеңмен ой екшеп жүреміз, айтысамыз.

Кешікпей мен қызмет бабымен Алматыға кетіп қалдым да (1967 жылы), екеуміз сирек кездесетін болдық. Әрине, мен алаңсыз кеткенім жоқ. Қызылордаға жылда келем, келген сайын бас қосып, шүрқырасып қаламыз. Көріскенше жинақталған әсермен бөлісеміз.

Жанұзақ кештеу үйленді. Бір отбасының жалғыз шынары болатын. Әкесі ерте кетіп, бұл анасының қолында қақпақыл көрмей, еркін өсті. Өзі жастайынан өлең жазып, дағдыланған жас пері үнемі шығармашылық қауымның ортасында жүреді. Жыр думанының шапағатына бөленген серілік өмір өзіне ұнаған болуы керек. Үйленбей жүре берді.

Анасы өте мейірімді жан болатын. Сыр бойында калам ұстаған азаматтардың ішінде бұл кісінің қолынан дәм татпаған адам жоқ. Осы өңірге Орталықтан ақынжазушы келсе бұл үйге түспей кетпеуші еді. Жанұзақтың анасы бәрімізге Ана болды.

Бірақ Жанұзақтың отбасын құрмай жүріп қалғаны анасына да, бізге де онша ыңғайлы бола қоймады. Жігіт отызға келді.

Бір күні Орынбасар апа: «Осыны үйлендірсеңдерші. Өзіне салсаң, бұл мәселені шешпейді», – деді.

Оңашалап нақтылай сөйлестік:

– Үй болу ойыңда бар ма, жоқ, әлде осылай жүре бересің бе?

– Бар ғой...

– Көзің түсіп, көңілің ауған біреуің де бар шығар?

– Бар ғой...

– Ол кім?

– Орынкүл.

– Ол сенің ниетіңді сезе ме?

– Біледі...

– Қарсылығы жоқ па?

– Жоқ-ау, сірә...

– Онда той күнін белгілей бер.

Орынкүл деп отырғаны өзіміз бала күнімізден бір аулада ойнаған Қанибай досымыздың қарындасы. Жиырмаға толып, бой түзеген кезі. Қанибай алмас қылыштай жарқылдаған өткір, жаужүрек жігіт, біздің «көшелес отрядтың» бұғыбай басшысы. Өзі менің нағашы жұртымнан. Арамыздан қыл өтпейді.

Сонымен Жәкеңді Орынкүлге үйлендіріп, ұлан-асыр той жасадық. Оны өзім басқардым. Бұлар жақсы отбасын құрды. Ұрпақтары өсіп, өркен жайып келеді. Алыс-берістің мерейін шығаратын сәнсалтанаты жарасқан құдандалы қауымы бар.

Жанұзақ менен жарты жас кіші болатын. Бірақ менен кішілігін де, менің кісілігімді де мойындамай кеткен бірден-бір пенде осы баһадұр. Алайда обалы не керек, жібі түзу, кеңпейіл жігіт емес пе – айтқаныма көнбеген кезі де жоқ. Жақсы дос еді, адал дос еді. Сондықтан мен де оның алдында бас иетінмін. Қанша айтқанмен бір ананың баласындай болдық қой.

Жанұзақ отауызды жігіт болатын. Онымен тілдескенде аңдап сөйлемесең, қолайсыз жағдайға тап боласың. Оның тілдік қоры соншалықты шексіз. Әлдекалай орнын таба қоймаған сөзіңді кешірмейді. Намысына тиетіндей қылып әзілмен алып ұрады. Ол тіпті, қалай сөйлесең де қытығына тигізіп қалжыңдайтын. Сен онымен айтыса алмайсың. Әрқашан да тіл байлығың олқы түсіп жатады. Ол сөз саптауда шын дарын иесі болатын. Мұның өзі маңайындағыларға жағымды ықпал еткені даусыз.

Әдетте Жанұзақтың қалжыңы әркез зілсіз, ойнақы да ажарлы қалжың болатын. Сондықтан сен де кек сақтамайсың. Жанұзаққа ренжу мүмкін емес. Керісінше аталы сөз естіп жаның жадырап қалғанына мойынсынасың. Өз ойың да қанаттанғандай болады.

Сыр бойында қазақтың шынайы ұлттық шұрайлы тілінің шырайын шығарып айтатын екі адам болса, соның бірі, ал біреу болса, нақ соның өзі – осы Жанұзақ. Өз көзім көрген сондай кестелі сөздің шебері мұнда аз болған жоқ. Әсіресе, Асқар, Мырқы, Өтеген, тағы басқалары. Бірақ олардың жөні басқалау болатын. Мінез басқа.

Мен өз өмір жолымда осы типтес бірнеше адамды көрдім. Соның бірі өзімнің жездем Әбітай Оразбаев (ақын Иран-Ғайыптың әкесі). Түпні түрған ұлттық менталитеттің адамы. Қазақтың шынайы ұлттық болмысын өз сүйегінде толығымен сақтаған. Сол сияқты даңқты батыр, жазушы Бауыржан Момышұлы. Әділдіктің, ата дәстүрінің бас ту ұстаушысы. Енді бірі – атақты режиссер Асқар Тоқпанов. Театрды көркемсөздің шеберханасына айналдырған жан. Одан кейін өзімнің замандасым, әдеби сыншы Асқар Сүлейменов.

Бұларда шығармашылық дарыннан басқа жалғандық пен ездікке жол бермейтін қазақы мінез бар еді. Өкінішке орай бүгін арамызда бұлардың бірі де жоқ. Олар өздерінің тектілігімен, сөз өнеріндегі зергерлігімен, ақыл-парасатының бойшандығымен біздің ұлттық бейнемізді барынша марқайтып көрсеткен адамдар еді. Біздің осы бағыттағы жауапкершілігімізді айшықтап, кестелеп кеткен жандар еді.

Жанұзақтың да тілі мірдің оғындай болатын. Не айтса да, қазақтың төл сөзінен шашау шығармай, бөгде сөз қоспай мөлдіретіп, жетер жеріне жеткізіп, тігісін жатқызып айтатын еді.

Жастыққа тән максимализм оның отты кеудесінде үнемі жалын күжірейтіп жүретін. Дүниенің кілті өзінің қолында тұрғандай бізді үнемі жақсылыққа сендіруге тырысатын. Өмірге құштарлық солай жасайтын. Оның арманға толы кеудесі жақсылықтан басқа ештеңені қабылдамайтын.

Қалжыңдары да күтпеген жерден келіп тосыннан сергітіп кетеді. «Мен өлсем, жыламаңдар, басыма бір шөлмек арақ көмсеңдер болады» дейтін. Бұл сөзіне қарап оның сырын білмейтін адам «өзі маскүнем болған екен-ау» деп қалуы да мүмкін. Бірақ Жанұзақ маскүнем болған жоқ. Өзгелер сияқты ол да арақ ішті. Бірақ асыра сілтеген жоқ. Тағдырдың қатал қыспағына, жалған дүниенің қыңыр қиянатына қарсы тұру үшін, сол қарсылықты бар ызасымен жарақтап жалынға орап көрсетуге бағытталған құдіретті өлең жазу үшін ішті. Ащы арақ азулы тағдырдың қубыжық қасіреттерін сылып тастайтындай көрді. Өзі соған сенді.

Шынында арақ Жанұзақты жеңе алмады, оның абыройын төге алмады, беделіне нұқсан келтіре алмады. Жанұзақ арақты жеңді деп айтуға толық мүмкіндік бар. Өйткені ол 75 жыл мағыналы өмір кешті. Сол өмірде оның құшағы ашық достары көп болды. Аяқтан шалған дұшпаны болды деп ойламаймын. Біреу жамандық жасарау деп білмейтін ақ жүрегі оны біздің заманымыздың әпендісі етіп те көрсететін. Алғырттығы мен аңғалдығы астасып кеткен шақта ақ қанатты періште дерсің.

Жанұзақ әдемі жыр жиназын жасады, шым-шытырық оқиғалы әңгіме-очерктер, салиқалы мақалалар жазды. Мен оның әр сөзін толқымай оқи алмаймын. Жүгіртіп оқитын емес, ойланып оқитын сөздерге құшақ ашып қуанасың. «Әңгелек-дөңгелек», «Зергер», «Інірдегі інкәрлік» деген кітаптары да нақ осылай жан шуағына бөленгені есімде.

Енді әлем Жанұзақсыз қалды. Отбасы, бала-шағасы, жақын-жуығы, құда-жекжаты, дос-жараны күңіреніп қалғаны даусыз.

Мен үшін әлем имандылық шырақшысынан айырылғандай. Бұл өмір Жанұзақсыз қалай жалғасатынын әзір елестету қиын. Өз басым осы дүние Жанұзақ сияқты адамдар болғасын ғана шырайлы көрінетін, осылардың арқасында ғана біздің қоғам оспадарсыз әдептен айығып келеді деп ойлайтынмын.

Жанұзақ өмірге философиялық тұрғыдан қараушы еді. Өмірдің құйтырқы құқайларына наразылығын сездіртпейтін. Сөз жоқ іштей буырқанып, күйзеліп, қаһарланып тұратын шығар. Бірақ жүзінен оны байқамайтынсың.

Оның жүзі әрқашан жайнап тұратын. Өйткені бұл өмір ол үшін шаттық мекені болатын. Тіршілік – үздіксіз жалғасып жатқан той. Той – қуаныштың субұрқағы. Дүние қуанышпен ғана қызық. Сондықтан бәріміз де қуаныш тудыратын ситуация жасауға ұмтылуымыз керек, жеңіс симфониясы жалғаса берсін деп тұратын Жанұзақтың жанары.

Өмірге қаяу түсіретін нәрсенің өзін де Жанұзақ күлкіге айналдыратын. Ал оның айтқандарын мұқият тыңдаған жан: «Осы күліп тұр ма өзі?» деп ойға қалатын. Сараптай алсаң, ол шынымен күліп тұрмайтын. Ол шын мәнісінде еңіреп жылап тұратын еді. Іштей, жанымен жылайтын.

Өмірдегі қайшылықтардың бірі де Жанұзақты жанап өте алмады. Ол әрбір оқыс қылықты өз жүрегімен қабылдап, сол заматта бойындағы бар қуат-күшімен ашына үн қататын. Оның қай шығармасын алып қарасаң да, «Ей, ағайын, өтпен ойнамасаңдаршы» деп тұрғандай еді. Оның бүкіл шығармасы осы бітімімен ерекшеленетін.

Ол іштей қынжылып жүретін. Адамдар мен қоғамның басынан кешіп жатқан азабын азайта алмай қынжылатын.

Бұл ретте ол Эзоп пен Мольерді, Крылов пен Гогольді, Бейімбет пен Оспанханды еріксіз еске түсіретін.

Сондықтан да мен жарық дүние өзінің жаужүрек айыптаушысынан айырылды деп есептеймін. Қоғамның бей-берекет қылықтарын енді кім әжуаламақ?

Бұдан былайғы күлкіде не мән болар екен?

**Садықбек ХАНГЕЛДИН,**
**Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі.**

МАМАН КЕҢЕСІ

# ҚАНТ ДИАБЕТІНІҢ БЕЛГІЛЕРІ

Қанда қант мөлшерінің көбейіп кетуінен пайда болатын дертті диабет деп атайды. Бұл аурумен жас та, орта жастағылар да, кәрі де ауырады. Әсіресе, жасөспірім кездегі диабет ауруы өте қиын, мұндай жаста диабетпен ауырғандарға арнаулы дәрі (инсулин) қолдану ұсынылады. Әйтсе де, бұл ауру 40-тан асқан, тамақты шектен тыс ішіп, толыса бастаған адамдарға тән болып келеді. Қант диабеті – көмірсутек, май, ақуыздың зат алмасуының созылмалы бұзылуы, яғни қанға көп мөлшерде қант түйіршегінің бөлінуі болып табылады. Диабет инсулиннің асқазан асты безінен жеткілікті мөлшерде бөлінбеуі салдарынан басталады. Инсулинсіз ағза қант түйіршегін өңдей алмайды. Соның салдарынан қанның құрамында қант мөлшері артады. Қант диабетінің негізгі белгілері ретінде үнемі сусап тұру (полидипсия), кіші дәреттің жиілеп, көп болуы (полиурия), үнемі шаршаулы сезіну (полифагия), қолаяқтың ұйып, жансыздануы, үнемі қарын аштығынан арылмау, салмақ азаюы саналады. Қант диабетінің екінші деңгейлі белгілері болып терінің қышуы, көздің көру қабілетінің айырылуы («тұман көлегейлегендей»), жыныс қынабының жиі инфекциямен ауыруы, аяққа жазылмайтын созылмалы жара шығуы, естен тану (қысылтаяң жағдайларда) саналады.

Осы аталған белгілер басқа ауруларға да тән. 40 жастан кейін диабетті дәрідәрмексіз-ақ тамақтануды дұрыс жолға қою және салауатты өмір салтын ұстану арқылы емдеуге болады. Диабетпен ауыратындар диетаны өмір бойы сақтауы керек. Бұл жағдайда дұрыс диета сақтаудың мәні зор.

**Гүлбану САҒИДАТОВА,**
**І-санатты аймақ мейіркеш.**



## ЖАНҚОЖА БАТЫР – 240 ЖЫЛ

# Бабажан

**Жалпы негізгі тарих үшін кешірімді жайт – ресми тарихтың бір басылымында аталмай, екінші бір басылымында осы бекініс маңындағы жайттарды ғана шолып шығатын аласапыран оқиғаларға толы XIX ғасырдағы Хиуа мен қазақ арақатынасындағы түйінді бір оқиға бар. Ол – қазақтардың Сырдың төменгі етегінде орналасқан Хиуа наибы Бабажан бекінісін талқандауы.**

**Молдахмет ҚАНАЗ**

...Хиуа әу бастан-ақ бас иесіз қалған қазақтарға жаулық, үстем пейіл ұстанды. Және бұл саясатты өздері орыстардың боданына түсіп, тұншыққанға дейін бір сәт те тоқтатқан емес.

«1812 жылы қыс айында Хиуа ханы Мұхаммедрақым (1806-1825 жж. хан болған) өзі бастап Сырдария мен Қуандария өзендерінің бойында қыстап жатқан бейбіт елге шабуыл жасайды. Бұл өңірдегі Кіші жүздің шөмекей рулары талан-таражға түсіріліп, 100 мың қойдан, 40 мың түйеден айырылады, 500-дей қыз-келіншек тұтқынға әкетіледі. 1815 жылы Мұхаммедрақым 5000 әскерін тағы да Сырдың төменгі ағысы бойындағы қазақ руларын тонауға аттандырады. Бұл жолы Кіші жүздің шекті рулары жапа шегеді. Хиуа әскері мол олжамен кері оралады. 1816 жылы хиуалықтардың келесі жорығы тағы да осы өңірге бағытталады. Бұл жорықта тек қазақтар жағынан өлгендер саны 2000-нан асады» («Ақша бұлтты Ақтан батыр». Алматы, 2010 ж. 18-бет).

Орыстардың Сырдарияға біртебірте жақындап келе жатқандықтарынан толық хабардар Хиуа ханы Мұхаммедрақым баласы Аллақұлы мемлекет шекарасын бекемдеу үшін Жаңадария мен Қуандария, Сырдарияның төменгі етегіне бекіністер салуды одан әрі жалғастырып, бекіністерге хан өкілі – наибтарды отырғызады. Сол шептің бірі қалың қазақтың ортасына орналасқан осы Бабажан бекінісі. Наиб хан қазынасына салық жинайды, жергілікті қазақтарды басқарады, шекараға бас-көз болады.

Бұл мекен ауызша әрқилы атала береді: IX-XI ғасырларда өмір сүрген Оғыз мемлекетінің астанасы Жанкенттің маңында болғандықтан – Жанкент, бекініс иесінің атымен – Бабажан, көне жұрттың маңынан кейін салынғандықтан – Жаңақала, қазақтар үшін зорлық-зомбылықтың ордасы болғандықтан – («Сәтсіз күні салынды Бабажан ердің қаласы») Жаманқала. Ең дәйектісі – Бабажан бекінісі.

«1819 жылы Шерғазы ханның ұлы Жанғазыны (1) Мұхаммедрақым Сырдың төменгі бойындағы қазақтарға хан етіп бекітеді» деп көрсетеді тарихшы Берекет Кәрібаев (Сонда. 17-18 беттер).

Қазақтар екұдай жағдайда қалды. Оқиғаның сорабын барласақ, бірсыпырасы Хиуаны қолдаса, ендігі бір тобы олардан іргені аулақ салғанды жөн көрген. Аралдық Ізжан Жалғасовтың көрсетуінде, бекініс салуға келе жатқан бетте Бабажан алдарынан шыққан Бекжанды өлтіреді. Сонан кейін жұрт онымен сөйлесуге Баймолда биді жіберген. Қазақтар мәміле сұрады екен деп, ат басын кері бұрған олар жоқ. Демек, әу бастан-ақ хиуалықтардың беттері қатты.

Бабажанға байланысты жайт халық санасында берік таңбаланып қалған. Бұл қасіретті барынша ықшамдап баян еткенде оқиға желісі мынадай: Хиуа Сыр бойының төменгі етегіндегі қазақтардан алым-салық жинап, орыспен арадағы шекараны бақылап тұру үшін Бабажан деген сартты шеріктерімен жіберіп, ол Жанкент қаласының маңынан жергілікті халықтың көмегімен қорған салып алды. Ізіндегі қарулы қолы мен мұндағы жергілікті қазақ жандайшаптарына арқа сүйеген ол мал есебімен алатын алым-салықты місе тұтпай, қазақтың арына да қол салды. Бойын үйрете келе әр күн сайын қырқылмаған тоқты, бүлінбеген қыз талап етуді шығарды. Оның үстіне әу бастан Хиуаның теперішіне көнбейтін Жанқожа қырға кетерде ағасы Ақмырзаға мына залымдардың кесірі тиер, аулақ болалық, бірге жүр деген. Ол болса: «Егін салып отырған шаруамын, салығын төлесем болды емес пе. Бабажанның менде несі бар?» деп інісіне ермей қалады. Егісіне малын түсірткен бір кикілжінде Ақмырза Қосбармақтың үлкен ұлы Сырлыбайды ашу үстінде садақпен атып өлтіреді. Сонан Ақмырза мен билік басында жүрген Раманқұлдың (2) араларында жаулық пайда болып, ол Бабажанға ғайбаттап, Ақмырзаның қол-аяғын байлатып, дарияға ағыздырып жібереді. Халықтың көтерілуіне басты себеп осы екі жайт.

Хабар қырдағы Жанқожаға жетіп, кішкенелер зорлықтың ордасына айналған қамалды талқандауға бәтуаласады.

Қаракесек Ақтан (3) батыр бастаған қалың қол Жанқожа жетемін дегенше қамалды бұзып, батыр келген соң сол жерде Бабажанды қазыққа отырғызып өлтірген. Жас баласы Майқарабекті (4) қасына адам қосып, еліне қайтарады.

Халқына қорған бола алмаған Жанғазының қара жорғасын жырауы Төремұратқа (5) мінгізіп, Жанқожа ханды қырға жаяу айдап кеткен. Жолда әбден шаршап-шалдыққан хан тұсынан шалқақтап өтіп бара жатқан Төремұраттан аяқ суытып алмаққа атын сұраса, батырды арқаланған жырау: «ертең өлетін ханда нем бар?» деп, оған назар да салмай тұсынан жорғалатып өте шығады.

Би Раманқұл туысына батырдың қолы батпай оның жазасын жергілікті билерге тапсырады. Қариялардың тағы бір баяндауында бекініс алыну бойына Раманқұл батырдың көзіне түспей қашып кеткен.

Шежіреші қария Өмірзақ Ахметовтың мінездемесінде: «Жанғазы – төре. Абылайдың отыз ұлының біреуі. Туысынан бозөкпе. Ел басқару қабілеті жоқ, тек ерқара адам. Елінен әкімшілікке қолы жетпей Жанқожаны сағалап мында келгесін Жәкең Абылайдың аруағын сыйлап, Қарлаңның аузынан жер беріп, сол маңайға хансың деп отырғызып қояды. Бұл біраз жыл отырады. Бұның қолынан ешнәрсе де келмейді. Соның осалдығын пайдаланып, Раманқұл Хиуадан Бабажанды келтіреді».

Сырдағы қалың ел арнайы билер тобын жіберіп, батырдан енді Жанғазы ханды өздеріне қайтаруды сұрайды.

Осы жайт туралы Тойымбет Күлімбетов қарияның маған жазып берген қолжазбасынан үзінді алу қажет боп тұр:

«Бұл жағдайды естіген батыр жан-жаққа ат шаптырып, елді жинап мал сойғызып, Жанғазыны бұрынғы хан пормалы киімдерін кигізіп, ақ киіздің үстіне отырғызыпты: «Ай, Жанғазы, мен сені өлтіремін деп едім. Себебі, жаман сәурік те алдындағы үйірін бөтен айғырға өлмей бермейді. Үйірін қорғайды. Үйірі үшін жарақаттанады. Сен сол сәурік құрлы болмай алдындағы халқыңды Бабажанға қорлаттың. Халық үшін неге өлмедің? Халқыңды қолыңа ұстап, Бабажанға неге қарсы тұрмадың? Бас сауғалап, халқыңды Бабажанға қорлатып, халқыңа азар-ақырет көрсетіп, халқыңа жаның ашымады. Дегенмен, сол халқың сені тағы сұрап отыр. Сен енді халқыңның тілегі бойынша халқыңа бар. Орныңа хан бол. Халқыңның қадірін біліп, қамын ойла. Әділ бол! Сарттан келген халқыңды қолыңа ұстап қарсы тұр. Халық үшін жаныңды қиып өл. Енді мұнан былай осындай жағдай болса, өкпелеме», – деп барлық жағдай ақылын айтып, Жанғазыны хан салтанатымен Сыр бойындағы халыққа беріп жібереді. «Өлімнен ұят күшті» деген. Батырдың алдында өмірімдегі бір ұялған жерім болды», – депті Жанғазы. Омар төре мен екеуі Сыр бойындағы өзінің қаласына келіп, орнына халыққа хан болады.

...Сонан соң Жанғазы Сырдария бойындағы халыққа үш жыл хандық құрды. Үш жыл ішінде алдына дауласып келген адамдардан Жанқожа батырдың жаны ашитын адамдарының дауларын ашпай кейінге алып қала береді. Төртінші жылға қарағанда істерін, дауларын қарап, үш адамын батыр Ырғыз жағында алыста жүргенде дарға асып өлтіреді. Батыр есітіп келемін дегенше Жанғазы қашып, Хиуа ханына қарасты Әмудария бойындағы Назархан қаласының қасынан бес-алты шақырымдай жерден халықтың егістік жерінің ортасынан патшалық үлкен қылып соқпадан жай салдырады. Сол жайды бітіріп, енді төбесін жабуға қарағанда Хиуа ханы Жанғазыны шақыртып алдырады. Жайдың төбесі жабылмай қалады. Сол уақыттарда Хиуа ханы Марымен жау екен. Жанғазыға Хиуа ханы: «Сен әскер басы болып әскер алып Марыға барасың. Марыны жаулап алып келесің. Келген соң саған Назархан қаласының хандығын беремін», – дейді. Жанғазы бес мың әскерге бас болып Марыны жаулап алуға Марыға кетеді. Марыға барып, Марымен бір жылдай соғысады. Сол соғысып жүргенде Жанғазы жаудан өледі. Жанғазының сүйегін әскерлері былғарыға тігіп алып келіп, Назархан қаласының қасындағы өзінің салдырған жайының тұсындағы биіктің басына жерлейді. Жанғазының салдырған жайының төбесі осы күнге дейін ашық, жабылмаған. Соқпалары құламай тұр. Өзі өлген соң әйел, балалары ол жайға кірмеген болуы керек. Мен өзім барып арнайы көзіммен көрдім. Сырты бір ауыз, іші бөлме-бөлме. Мал қоралары да ішінде. Бір гектар жер шамасы жайдың көлемі.

Қазақта сол заманның ақындарының Жанғазы туралы айтқан шығармаларынан аз ғана жадымда қалған үзінді:

Кешегі Жанғазы хан қашаған хан
Серғазы алпыс-жетпіс
жасаған хан.
О, дариға, солар да өтті,
кім қалады.
Күнелткен жетім-жесір
босағаңнан.

Осындай айтқан өлеңдері көп. Бірақ менің жадымда қайсысы қалып жатыр».

Тағы бір халық жырында былай делінеді:

«...Қайыптың ұлы Жанғазы,
Хан болыпты дәріпті.
Сырдың бойын сағалап,
Көп қаланы салыпты.
Әкім қылып осы елге,
Бабажан деген сарттың
Қолына берді жарлықты.
Біздің Алаш баласы
Бабажан сартқа қанықты.
Бабажанның қорлығы
Қазақтарды налытты.
Налытқаны емей немене,
Ақтылы қошқар, саулықты,
Үй басына салыпты.
Еріксіз қара қозыдан,
Бабажан алды салықты.
Елде жақсы мал болса,
Елде сұлу жар болса,
Елде жақсы қыз болса,
Бабажан алып сарықты.
Бастан кетіп ықтияр,
Тамам қазақ тарықты...»
(«Толқын». 4 қыркүйек, 1992 ж.).

«...Ал енді Төремұрат баяғы Жанғазыға істеп кеткені бар, Жанғазыдан қорқып, Сыр бойына келіп, жыр жырлай алмайды (Ханның қара жорғасын қасқырға жегізіп алған – М.Қ.). Батыр да Сыр бойына жақындамайды, – деп жазады Тойымбет қария одан әрі. – ...Халық Төремұратқа жаны ашып, ханға лайықты үш тоғыз өлі дүние жинап береді. Және тоғыз қысырақ, бір айғыр береді. Сонымен Төремұрат дүниесін атына бөктеріп, қысырақтарын айдап дарияның жағасына келеді. Жанғазының қаласы жағыстың арғы ауылына жақын еді. Шамасы, осы күнгі Қарлаң маңы. Қарлаңның батыс бетінде Жанғазы қаласының орны осы күнге дейін әлі тұр.



Төремұрат дарияға келіп, әрі өтпей үш күн кідірді. Төртінші күні ханның ордасының айналасына аттар байланып, халық жиыла бастады. Мұны бер жақта тұрып көрген Төремұрат қысырағын айдап ханның ордасына келіп, мінген атын бір қазыққа байлап тастап, домбырасының құлағын бұрап келтіріп алып, ордаdebug ның есігін ашумен бірге өлеңдетіп айқайлай береді:

– Ассалаумалейкүм,
Алдияр тақсыр ханымыз.
Алдыңа келді қарашың,
Арызды қабыл алыңыз.
Болатұғын түрі жоқ,
Ханға келмей сәніміз, – деп осы сияқты өлеңдермен ханнан күнәсін сұрап өтініп, жырлай береді. Есікті ашып, табалдырықтан аттай бергенде хан ақырып: «Тұр солай! Өлмеймін деп келдің бе?» – дейді. Сонда Төремұрат: «Ілгері де, кейін де кете алмай, бір аяғым табалдырықтың ішінде, бір аяғым сыртында, орданың есігін жамылып тұрып, күнәмді кеш деп өтініп жырлай бердім», – депті. Орда толған батыр, билер отыр. Олардың біреуінде де үн жоқ. Ханда да үн жоқ. Мен жалғыз жанымды сұрап зарлап, қақсап тұрмын. Көп уақыт өтті. Біреуінде де үн болмады. Сосын:

– Есіктің алды айтақыр,
Айнала құрдым ақ шатыр.
Надандықтың зарынан
Алдымдағы ханыма
Жазықты болдым мен пақыр.
Хан ыржиып күлмейді,
Зарлаған мендей пақырдың
Кім екенін білмейді,
Хабардар бол, көп батыр, – деп көпшілікке жабыстым. Мұнда да көпшіліктен де, ханнан да үн болмады. Осы пормада көп уақытқа дейін қақсап, зарлап тұрдым жалғыз жанымды сұрап. Ешбір адамнан үн шықпады. Мұнан да болмаған соң қатар отырған батыр, билердің атын атап бас салып жабыстым, – депті.

– Пәленше ағам, қайдасың?
Түленше ағам, қайдасың?
Алдымдағы ханыма
Күнәм қаптың тауындай
Жорғаң жазым болмасын.
Ханның көуілі қатыңқы.
Жібітетін көуілін
Таба алмай тұрмын айласын.
Осындайда болмаса,
Өңкей қабылан, жолбарыстың
Көремін қашан пайдасын? –
деп осылайша баспа-бас атын атап жабысып қатар отырған адамды осы пормада жабысып, жырлап келгенімде: «Өй, мұңдар, кештім қаныңды. От басына келіп айта ғой. Қаныңды ішермін деп едім, болмады. От басына кел. Өлімнен құтылдың ғой», – дейді Жанғазы күліп. Жанғазыдан басқада үн жоқ. Сол күні ханның алдында жырлап, батыр, билерді мақтап, ханнан, би, батырлардан көп олжа түсірдім, – депті. – Хан менің тоғызымды не қылсын. «Кембағал, менен қорқып Сырға келе алмай ашығып жүдеп қалыпсың ғой. Маған әкелген малыңды алып барып қатын-балаларыңа расхот қыл. Бірақ хан беріп жіберді деп айт әйел, балаларыңа» деп күліпті Жанғазы. Сонымен өлімнен құтылып, олжалы болып халыққа араласып кеттім», – депті Төремұрат».

1969 жылдың 3 желтоқсанында Қазалыда әңгімелескенімде Бекетаев Жармақанның осы жайт туралы: «Сонда Төремұрат хан алдында былай жорғалауға мәжбүр болған», – дегені бар-ды:

– Сәтсіз күні салынды
Бабажан ердің қаласы.
Бұлаңдаған қара аттың
Менен де болды жаласы.
Неге көңілің бітеді,
Хан иемнің баласы?
Малға көңілің біте ме?
Малыңды санап ала-шы
Малға көңілің бітпесе,
Тентегіңді шала-шы.
Сонда жиеней Жәңке:

– Жөнімен сөйле. Өлтіретін бе еді сені! – деп араға түскен екен. Әліке қанжарды алдына тастай берді (Әліке деп отырғаны ханның жанындағы оққағары болса керек – М.Қ.).

Төремұраттан Ыбырайым, онан Ерқосай. Раманқұлдың немерелері бар еді. Ұсталып кетті. Раманқұл таттыбай. Раманқұл қашарда оған ат дайындағандар Қалымбет пен Шәкен», – деп тағы қосқан-ды қария.

Бозкөл елді мекенінің тұрғыны Т.Төребекұлының жазбаларында осы ретте Жанғазының бетін қайтаратын Бекарыстан би.

Тойымбет Күлімбетовтің қолжазбасындағы Досқожа мен Төремұрат айтысының біздің тақырыбымызға қатысты тұсы былай (Төремұрат айтыс үстінде қарсыласы Досқожаны кемітіп Доғалақ деп атайды. – М.Қ.):

«Доғалақ:
– Сен, әлім, өз-өзіңмен
бау боласың,
Жиналып әлім, шөмен
жау боласың.
Батыр деп Жанқожаны
көп мақтайсың,
Хиуаның алдың бұзып
қай қаласын?
Төремұрат:
– Айтамын айта келе,
әуелім жар,
Жантақты желе басып
оттайды нар.
Бас қылып Бабажанды мың
сарт қырдық.
Басына кең дүниені түсіріп тар.
Сойдақтың (6) өтірік десе,
шықсын жаны,
Қасындағы анау Сойдақ
ішінде бар.
Доғалақ:
– Жайлауы еліміздің
талды-ай деген,
Айқайды қара аламан
салды-ай деген.
Сойдақтың айтып келген
бізге тілі,
Жанқожа қашып бармай
қалды-ай деген.
Шақыртып ат жіберіп
келмеген соң,
Егінші қараборбай
алды-ай деген.
Айтамын айта келе әділ айда
Жортады түлкі, қарсақ
терең сайда.
Бас қылып Бабажанды мың
сарт қырсаң,
Жіберген біздің ханға
белгің қайда?
Төремұрат:
– Су шайқар сазан
балық өтіменен,
Қара суда қайық
жүзер бетіменен.
Қаласын Бабажанның
бұзып алдық,
Жәкеңнің келе
жатқан көтіменен.
Өтірік әр нәрсені бір айтасың,
Баладай жасы толып жетілмеген.
Алдында екі жүздің
шын сөйлейік,
Қыршаңқы сөзіңді
қой лекілдеген.
Шашақты сөздеріңнің аласы көп,
Жақында жын ұрғанға
секілденген.
Доғалақ, қосып айтпа
өтірік-шынды,
Жиналып үлкен-кіші
кеңес құрды.
Ұмытсаң Жанқожаны
құдайды ұмыт,
Шаптырды олжа үлестен
екі құлды».

Айтыстан мынадай шындықтар анық көрініс табады: қамалға шабуыл жасарда Жанқожа Кенесарыға хабар салған, Бабажан қамалын аларда азғантай кісімен болса да Сойдаққожа келген. Қамалға шабуыл басталар сәтте Жанқожа болмаған. Оқиғаның болғандығына айғақ әрі осы талапта кішкенелердің ханмен пейілдес екендігіне дәлел – екі тұтқын жіберіліп отыр.

Тағы бір халық жырында:
Хан баласы Майқарабек,
Өлмей-ақ тірі көрсін деп,
Төлекті (7) ертіп ізіне,
Төреге белгі болсын деп,
Кене ханға жіберді,
Тигізбей жерге жамбасын, –делінеді. Бұған сенсек, ханның алдына келген екі құлдың бірі Бабажанның он үш жасар ұлы – Майқарабек.

*Батырдың суретін салған – Мұхит Қалымов, Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері.*

# қырғыны

Тойымбет Күлімбетов ақсақал осы қамалды алмас бұрын Жанқожаның өзі арнайы барып, Кене ханнан көмек сұраған деп көрсетеді. Сойдаққожа бастаған біршама топ Сырға келгенде бұлар істі тындырып қойған. Айтыс үсті екі жақ көзбе көз беттесіп отырғанда Төремұраттың «Мына отырған Сойдақ өз көзімен көрді, ханға екі құл жібердік» деуі бұл деректің шындыққа сай келетіндігінің айғағы. Демек, Бабажан қамалын алу жайынан Кенесары хабардар, алайда қолұшын беріп, айтарлықтай көмек көрсетпеген.

Авторы белгісіз бір өленде Бабажан туралы:

«Екі жарым жыл хан болып,
Сараман дәурен сүріпті», –

делінеді.

Бұл жайт Мұсабай дастанында былай баяндалады:

«Бұл қазақ сарт келгенін
кек етпеді,
Бір сөзін айтқан сарттың
екі етпеді.
Қаласын ортасына салып алып,
Бабажан бұл қазақты зекеттеді.

...Егінші егін егеді кетпенменен,
Тұқымнан алдырмайды
сепкенменен.
Дәуірі Жанқожаның
келгеннен соң,
Егінші қала бұзды кетпенменен.
Қазаққа сарт та қылды
үстемдікті,
Көрмедік Жәкең барда
еш кемдікті.
Қаласын Бабажанның
бұзып алып,
Қазаққа алып берді бір теңдікті».

Шежіре қартымыз Өмірзақ Ахметовтің көрсетуінде, Хиуа ханына арнайы барып, елге 150 нөкерімен зекетші Бабажанды әкеліп жүрген Қосбармақтың Раманқұлы. Мақсаты билікке ие болу, Ақмырзаның қолынан мерт болған Сырлыбай ағасының кегін алу. Жергілікті халықтың күшімен өзіне де, Бабажанға де бекініс салдыртып жүрген Раманқұл.

«Екі түйе сүйкенсе, арасында шыбын өледі». Үш бірдей түйе – Азияны біржола иемденуге түбегейлі дайындалып келе жатқан – ауыр қолды суық қаруы сай Ресей, әу бастан-ақ дүниеге қан шеңгелдеп келген Қоқан, әне-міне жан бергелі тұяқ серпіміндегі Хиуа сүйкенгенде Сырдың төменгі етегінде аласапыран басталды. Халық босқынға ұшырады, бірде Хиуаға, бірде орыс ықпалына өтті.

Сөйтіп XIX ғасырдың екінші жартысында Сыр бойының төменгі етегін мекендеген үш бірдей мемлекеттің талауында қалған Кіші жүз қазақтарының бастарына түскен қасіретті адам баласына бермесін. Бұл қасіреттің ең негізгі себебі – Ресейдің Орта Азияны біржола жаулап алу саясатының жүзеге асырыла бастауы, қорытынды ақырғы әрекеттері. «Таз ашуын тырнадан алады». Тынысы тарылып келе жатқан Қоқан, Хиуа хандықтарының, сөздің тура мағынасында, бас еркінен айырылып қорғансыз қалған қазақтарға дүркін-дүркін шапқыншылығы бұл мемлекеттердің соңғы тұяқ серпуі еді. Қару жағынан өздерінен әлдеқайда үстем, соғысқа сақадай сай дайындықпен келіп, бекініс сала бастаған басқыншыларға олардың тістері батпады. Біз білерде, хиуалықтар қазақ жеріне қаншама ойран салып жүріп, Қосаралда бір ғана солдат, 1847 жылы екі жауынгер өлтірді. Есесіне «орыстарға берілген» қазақ ауылдарын аяусыз тонады. Сол шапқыншылықтардың басы-қасында елге ие болуға тиісті кешегі хан, сұлтан, оның үстіне бергі беттегі қазақтардың өз туыстары да болды.

Қамал салынып, оған Бабажан орныққан соң Сырдың төменгі етегінде қос өкімет пайда болған. Алдында шеріктері, қолында қаруы, хандыққа арқа сүйеген Бабажанның сөзі Жанғазы төреге қарағанда үстем екендігі түсінікті.

Бар қысымшылық пен қорлықтың ошағы – бекіністің талқандалуы Хиуа хандығы мен жергілікті қазақтардың араларында пісіп жетіліп, әбден ушыққан жараның жарылуы болатын.

Бұл айтулы оқиға Сыр бойы қазақтарының рухын бір көтеріп тастады. Сонымен қатар бұдан былай арақатынас ушығып, көрші Хиуа, Қоқан тараптарынан шапқыншылықтарды одан әрі үдетті. Бұдан кейінгі жылдар Сыр бойының төменгі етегі, Арал теңізі, Қарақұм, Ырғыз жақты мекен еткен қазақтар үшін қанды оқиғалар мен тонаушылыққа, жаппай етек алған шапқыншылыққа ұласты.

Орыстардың бірте-бірте бері жылжып келе жатқандығынан үрейленген хиуалықтар Ақирек, Ырғыз түгілі Орынбор, Жаманқала маңына дейін жорықтап қайтуды дәстүрге айналдырған.

Хиуалықтар қаншама қол жинап, топылып дүркін-дүркін шапқандарымен негізгі жауы – орыс әскеріне тойтарыс бере алған жоқ. Тойтарыс түгілі айтарлықтай зиян да тигізе алмаған. Есесіне ата жұртында отырған жазықсыз қазақ ауылдары аяусыз тоналған. Бұл шапқыншылықтар орыстардың «өзіміздің қазақтарды қорғаймыз» деген сылтаумен Орта Азияны біржола иемдену керектігін «заңдастыра» түсті және жеделдетті де.

...«Көн қатса, қалыбына барады». Жанқожа: «Еліңді жатжұрттықтарға қорлатпай, дұрыстап басқар», – деп ханды орнына қайтарғанмен,



Хиуаға арқа сүйеген Жанғазы шапқыншылық әрекеттерін доғарған жоқ. Құжаттар былай деп көрсетеді. 1847 жылдың тамызында хиуалық Қожанияз бастаған Жанғазы мен Елікей дарияның оң жағалауына өтіп, мың үйді тонаған, малдарын олжалап, 21 әйел, бала-шаға, қарттарды құлдыққа алып кеткен. Жанқожа батыр дереу 700 адам жинап, шапқыншылардың ізіне түскен. Арғы бетке қашқан олар қуғыншылар жетемін дегенше дариядан өтіп бара жатып, 30 баланы бесігімен суға атқан.

Жанқожаның шекараға қойған 5 қарауылының төртеуінің бастарын алып, денелерін суға ағызған. Заттық айғақ үшін әлігі төрт баспен қоса жақайымның биі Өтегеннің баласын тірілей алып кеткен.

Жанқожа бастаған қазақ жауынгерлері бұл шапқыншылыққа орыстардың көмегін пайдаланып, лайықты тойтарыс берді. Шапқыншылар паналаған бекініс алдымен ракетамен атқыланды. Хиуалықтар бас сауғалап бытырай қашты. Сонан кейін Жанқожа бастаған қазақтар Бабажан бекінісін өртеп, талқандаған. Шапқыншылардың айдап бара жатқан 3000 түйесі, 500 жылқысы, 2000 сиыры, 50 000 қойы иелеріне қайтарылды. Бұл бекіністің екінші рет бұзылуы. Осыдан кейін қамал қорғаныстық қауқарын біржола жойды (ҚРОММ, 4-қор. №408 іс, 107-133 беттер).

Орынбор шекара комиссиясы өзінің жылдық есебінде Жанқожа батыр бастаған қазақтардың Хиуаға берген бұл тойтарысының ең негізгі пайдасы Қуандарияда – демек, Хиуада – мекендеп отырған кішкенелер мен жақайымның 19 биі бүкіл ауылдарымен бергі бетке – Жанқожа батырдың жанына көшіп келді деп жазады (Сонда 107-133 беттер).

Төртқараның Сейітқұлының биі Бәймен Бекмұрзин өзіне қараған елін бері өткізіп әкелгені үшін орыс әкімшілігі тарапынан марапатталған (ҚРОММ. 4-қор, 3483 іс. 56-бет).

Қыр жақтан төртқараның тағы бір биі Жаныс Сығаев (8) ауыл аймағымен келіп қосылады (ҚРОММ. №4 қор, І тізбе, 3601 іс. 80-бет).

Жиырма бір бидің әрқайсысына қарасты 200-300 шаңырақ деп есептеп, оның үстіне өзге де жұртты қоссақ, жалғыз Жанқожа батырды қаншама елдің пана тұтқанын бағамдар едік.

Деректер жан-жақтан талауға түскен қарапайым қазақтардың осы кезде батырдан өзге қорғаны қалмағандығын айғақтайды.

Ел аузынан бізге жеткен мынадай бір әңгіме бар-ды. Бір жағы Хиуа мен Қоқан, оған қырдағы тілеу-қабақтардың барымташылары қосылып, болдырып отырған Жанқожаға Бәймен келгенде тарыққан батыр:

– Би-ау, біздің тұс-тұстан тонауға түсіп жатқанымыз мынау. Төбе көрсетпей кеттің ғой, – дегенде Бәймен:

– Сен сияқты тоғыз түйем болғанда елден жырақтап нем бар. Біздікі мал қамы ғой, батыр, – деген екен.

Бұл әңгіме тап осы ретте айтылған болар.

1847 жылдың желтоқсанында түрікмендер мен қазақтардан жасақталған қалың қол тағы бері өтіп, бірінші шілдеде көпес Деевтің керуенін тонап, екі приказщигін тұтқындап алып кетеді.

1957 жылы жарық көрген «Қазақ ССР тарихында» 1847 жылдың бесінші-алтыншы наурызында Хиуа бегі Уайыс-Нияз бастаған шапқыншылар Атанбас, Ақирек, Қамыстыбаста отырған 1400 қазақ үйін ойрандап, 400 адамын өлтіріп, қыз-келіншектерін тұтқындап алып кеткендігі туралы деректер келтіреді. Осы шапқыншылықтың өзінде кішкене ауылдарының үштен екісі, жақайым ауылдарының төрттен үші, төртқаралардың үштен бірі шабылған деп көрсетіледі бұнда.

1848 жылдың 5 наурызында Раис Ниязби бастаған Хиуаның шапқыншылары бергі бетке өтіп, шектілердің 1400 үйін талқандап, 400 кісісін өлтіріп, көптеген адамды тұтқындап алып кеткен (ҚРОММ, 4-қор, 1 тізбе, 3711 іс, 24-бет).

1847 жылдың қазан айында Хиуаның бұрынғы ханы Елтүзердің ұлы Рахманбердінің басшылығымен Жанқожаның өзін ұстап, елін тонауға 8000 қол жасақталған. Шапқыншылардың шекараға жақын келіп, тоқайласқан жері – осы Бабажан бекінісі. Бұл қолды басқару құрамында Бөрі Тәукин, Елікей Қасымов, Алданазар да бар. Кешегі еліне қорған болуға тиісті Жанғазының ұлы Алданазар Қамыстыбастағы қазақтарды шапқан.

Бұның алдында Жанғазы хан орыстар жаққа шығып кеткен Жанқожаға бірнеше рет қорқытып хат жазып, дарияның сол жағына, демек Хиуаға, өтуді ұсынған болатын (АВПР қоры. Бас мұрағат. 1-9 іс. 681-683 беттер).

Осы аласапыран кездегі оқиғаларда өздеріне түсінікті, бүгінгі жұртқа түсініксіз бір жайт бар. Ол бірімен-бірі бақталас әр мемлекеттерге бөлініп кеткен көбі аралас отырған ағайындардың, кейде тіпті руластардың өздерінің бір бірімен қырқысулары. Ақмешіт маңын қоңырат, найман, шөмекей, жаныс, төртқара, әлімұлы, шөмішті табын мекендесе, іргелес Хиуада өзбектер, тәжіктер, түрікмендермен қатар шөмекей, әлімдер де мекендеген. Құжаттарда атап көрсетілген. Мал таппақ талаппен арғы беттегі ағайын бергі беттегі өз бауырларын тонап жүр. Сондағы сылтаулардың бірі – орысқа берілген оң жағалаудағы қазақтардың «кәпірленуі».

Бұл уақытта Ресей халық ашынарлықтай зорлық көрсеткен жоқ. Қарапайым жұрттың қамқоры ретінде мысықтабандап келе жатты. Өзара қырқыстан берекесі кеткен Қоқан мен Хиуадағы қазақтар Сырдың оң жағына өтуді ойластыра бастады. Бұдан қауіп алған хиуалықтар бекіністерде әр рудан кепіл ұстап отырды.

Хиуа, Қоқан хандықтарының қазаққа деген жойдасыз озбырлық әрекеттері ата жұртын тастап кете алмай отырған оларды орысты паналауға одан әрі мәжбүрлей берді.

1848-1850 жылдары елді аштық жайлады. Шаруа баққан қазақтар одан әрі тұралай түсті.

Бүгіндері сұлтандар мен орыс қызметінде жүргендерді ел ағасы етіп дыритып көрсету, асқақтатып, жойдасыз әсірелеу етек алып тұр. Ал шындық – керісінше.

Барып шағынар, мұңын шағар, ел басын құрайтын хан жоқ, сұлтан-правительдер орыстан жем жеп отырған қуыршақ. Олар орыстар жағына да, Хиуа мен Қоқаннан келген басқыншыларға да сөздерін өткізе алмаған. Қара бастары мен азғантай малын күйттеген майда билердің өздері қамқорлыққа зәру. Сол алмағайып кезде батырдың Райым бекінісіндегі қарулы орыстардан өзге сүйеніші қалмаған. Бұған шағын өз руларын күйттеген қазақтардың алауыз, оның үстіне от қарудан жүрдай екендігін тағы қосыңыз.

Осы жайттарды санаға салып байыптағанда барып, қорғансыз қалған қазақтардың шын жағдайын тереңірек түсінуге болар.

1847 жылы генерал-губернатор Обручевке жазған хатында Жанқожа Жанғазы ханның дәргейіндегі қазақтардың 500 түйесін, 58000 қойын, 700 сиырын, 600 жылқысын қайтарып алдық. Бұл олардың біздің қазақтарға бұрын жасаған бес шапқыншылығында таланған малдың бестен бірі ғана деп көрсетеді.

Осы аласапыранда Хиуаға, одан Ресей жағына өтіп, елді алатайдай бүлдіріп жүрген белсенді сұлтандардың бірі – Ермұхамед (Елікей) Қасымов.

Хиуа қызметінде жүрген сұлтан Елікей Жанқожаға бірде орыстарға шабалық, бірде орыстарға салық төлеме, бері өт деп хат жазады. Құжаттарда тұр, бұл жайттан хабардар болып отырған орыстар едәуір дүрлігеді, Елікейді көзден таса етпей мықтап бақылауға алады.

Қазақтардың ішкі ауанын барлап қайтуға жіберілген губерния хатшысы Житков 1847 жылы Хиуаның ықпалындағы сұлтан Елікей Қасымов бергі беттегі 1000 үй төртқаралар мен шөмекейлерді арғы бетке алып кетуге азғырып жүр деп мәлім етеді. Сұлтанның сөзіне еліккен шөмекейлердің бірсыпырасы сол жылы әрі өткенмен келесі жылы бергі бетке қайта ошарыла көшіп келген.

1849 жылдың жазында Хиуа ханы Елікейді өзіне шақырып алып, Бұқармен арақатынаста алаяқтық жасағаны үшін бүкіл отбасымен тұтқындайды.

XIX ғасырдағы орыс әкімшілігінің бұлтартпас түпкі саясаты Орта Азияны жаулап алуды аяқтау болатын. Оған жетудің жалғыз жолы қазақ жері. Қаншама саяси айла-шаралар жүргізгенмен әскер бекінбей мақсат жүзеге аспайтындығы тағы белгілі. Орыстар қазақ шоғырланған жерлерге бекіністер салып, біртебірте ішкерілей берді.

Ол мүдде көп шығынсыз тиянақты орындалуы үшін алдын ала қазақ жеріне дүркін-дүркін әр түрлі барлау экспедициялары аттандырылды. Экспедициялардың сырты бейбіт, момақан, дос іздеп жүр, бауырға тартады, ал олардың әрқайсысына нақты міндет – саяси ахуалды, күшқуатты, елдің бірлігін білу, өздері жағына кісілер тарту, болашақ әскер жүретін жолдарды анықтау («...снять на бумагу земли»).

Сол барлаудың бірі 1845 жылдың жазында штабс-капитан Рыльцов бастаған 40 казак, 3 урядник, 2 аудармашы, 2 қазақ жолбасшыдан құралған Мұғаджар тауы аймағын картаға түсіруге шыққан әскери топографтар отряды. Отрядқа жүктелген нақты міндеттердің негізгілері – құпия жағдайда, Кенесарының туыстары, жанында жүрген рулар, олардың қанша екендігін анықтау, адамдарды өздеріне тарту (осы мақсатқа 45 рубль бөлініп, қазақтарға сый-сияпат ретінде жұмсалған - М.Қ.), Хиуаның өзі де ұнатпайтын Жанқожа мен Кенесарының араларындағы дүрдараздық немен бітті, ханның Бұқара, Хиуамен қатынасы қалай, Кенесары қарсыластарының бастарын біріктіруге тырысу, тағысын тағы.

Орскіден (Жаманқала) 1845 жылдың 3 наурызында шыққан отряд қазақ жерінде 3 маусымға дейін мағлұмат жинады. Отряд мүшелері кездескен қазақтарды қонаққа шақырып, сый-сияпат беріп, ауыздарын аңқитып өздеріне керекті мағлұматтарын алған.

Осы экспедицияның жұмысы туралы қазақша білетін шенеунік коллежский регистратор Намчинов әкімшілікке тапсырған есебінде былай деп атап көрсеткен: «Кроме отделения киргизов чиклинского р. как то: джакаимовцы, куттуковцы, джулшаринцы и другие, есть приверженцы Джанходжи Нур-Мухаметова, все они по возможности уклоняются от влияния на них Кенесары и если некоторые из них кочуют совместно с ним находят над категорию его приверженцев, то это лишь из страха и беззащитности, но ничуть не из преданности и уважения». (КРОММ. №4 кор, №1 тізбе. 2346 іс, 375 бума, 20-бет).

Шенеуніктің бөліп көрсетуі бойынша, төртқаралар мен шөмекейлер де Кенесарыны қолдамайды.

Ол тағы да былай деп ерекше атап көрсетеді: «Киргизы чиклинского и джакаимского отделения с особенными уважением и преданностью отзываются об однородце своем би куттукова отделения Джан-Ходже Нур-Мухаметове, который в настоящее время прикочевал к Кзыл-Кабаку. Известная вражда его с Кенисарием оканчивается. Кенисары писал к Джан-Ходже примирительное письмо и он ответил ему на него согласием. Не боязнь и не собственное желание побудило Джанходжу примириться с Кенисарием, на которых Кенисары в особенности простирал свои нападения...» (Сонда. 21-бет).

Бейтарап шенеуніктің қызмет бабымен жазған бұл есебінен мына жайттарға көз жеткіземіз:

1. Шектілер батырды қорғаныш тұтып, оны жоғары бағалайды.
2. Кенесары өзіне бағынбағандарды шабады. Олар іштерін бермей, амалсыз бірге қонысты болып отыр.
3. Жанқожаға қараған ел Мұғаджар жаққа – Қызылқабаққа Бабажан бекінісі талқандалғаннан кейін көшіп келген.
4. Кенесары мен Жанқожаның араларындағы Фатимаға (9) байланысты ағайынаралық дүрдараздықты орыстарға дейін біліп отыр. Олар батырды Кенесарыға қарсы қойып, осы араздықты өз мүдделеріне пайдаланғылары келеді.
5. Кенесары кейін «айып бізден болды» деген мағынада Жанқожаға кешірім хат жазған. Батыр оны кешірген, Кілемжайғанбопайда отырған Кенесарыға сәлемдесуге содан кейін ғана барған.

Халық жадында таңбаланып, ауызекі айтылып жүретін кейбір оқиғалардың қағаз жүзінде де тайға таңба басқандай ап-анық дәлелденетіні бар. Сондай жайттардың бірі – осы Бабажан қырғыны.

Бұрын Мәскеу, Ташкент мұрағаттарында жұмыс істеген кездерімде бұл оқиға жайлы әлдеқандай дерек кезікпес пе екен деп алаңдап жүретін ем. Кезікпеді. Дерек жақында ғана өз мұрағатымыздан ұшырасты. Бар болғаны алты-ақ бет. Аз болғанымен біраз шындықтың бетін ашатын құжат.

Орта орданың правителі қызметін атқарушы (Бұл кезде бекітілмеген – «атқарушы» М.Қ.) Арыстан Жантөрин 1843 жылдың 25 көкегінде Орынбор шекара комиссиясына өзіне сұлтандар Али Юлбарысов, Умергазы Шергазбиев, Қашарғали Сұлтан-Мухаммедовтер келіп, өткен жылдың қарашасында жеті мыңдай қазақтың бұлардың адамдарын және өзге де қазақтарды шауып, кісі өлтіріп, мал-мүліктерін талағандарын, енді осы жаққа көшіп кеткен сол айыптыларды жазалап, тоналған мүліктерін өндіріп берулерін өтінгендерін хабарлайды (ҚРООМ. №4 қор, №4227-іс,4-бет).

Бұлардың көрсетулері бойынша, шапқыншылықты бастап жүргендер («предводительство») кішкене шектілердің билері. (Кейбір жеке кісілерге байланысты болмаса, орыс жазбаларында Асан, Үсен, Жиеней, Жолшара, Құрманай, Құттық деп кішкенелерді жіктеп жатпайды, жалпы кішкене шекті деп атай салады. – М.Қ.) Көтерілген қазақтар Құсалы Батыров, Тәтүкен деген сұлтандар мен жеті төлеңгітті өлтірген. 242 түйе, 336 жылқы, 3580 сиыр, 5256 қой, киімкешек, азық-түлік, мол дүние талантаражға түскен. Шағымданушылардың көрсетулерінде таланған бар мал-мүліктің құны 34746 червонец.

Осы мазмұндағы шағым орданың батыс бөлігінің правителіне де жеткен. Бұнда Сұлтан Баймұхамедов Жанқожаның бекініс бастығы Бабажанды да (Бабаджан) өлтіріп, оның жас баласын тұтқындап, өзімен бірге қырға алып кеткендігін, бүгіндері бала батырдың қолында екендігін анықтағандығын мәлім етеді. Баланы босатуға тілеу, қабақтың басқарушысы Утаралы Чунгаевқа әрекет етуін тапсырдым деп баяндайды ол тағы да шекара комиссиясына.

*(Жалғасы бар).*

# Ел-жұрт Есқожаны біле ме екен?

**Өзім айрықша қадір тұтып, құрметтейтін Есқожа Бергенбаев туралы мақаланың тақырыбын ұзақ ойландым. Мұны оқығанда болмысынан қарапайым, көзіне мақтаса, өзін қоярға жер таппай ыңғайсызданатын Есағаңның не дейтінін алдын ала сезіп отырмын. Жауабымды да дайындап қойдым. "Есаға, Құмкөл мұнайын игерудегі сіздің еңбегіңізге лайықты баға беретін уақыт жетті. Ол туралы біз айтпағанда, кім айтады?"**



Сыр елінің "қара алтын" өндірудегі тарихы ширек ғасырдан енді асты. Сол тарихты жасаушылардың, Құмкөлдің қазығын қағып, негізін қалаушылардың бірі Есқожа Бергенбаев жетпіс жастың белесіне шығып отыр. Өткен ғасырдың сексенінші жылдарынан бері қарай қанаттас, қызметтес болғандықтан Есағаң туралы жазуды өз мойныма алдым.

Маңғыстаудың маң даласына алғаш табан тіреген адам оның еш жерде қайталанбайтын дара табиғатына, шет-шегі көрінбейтін тегіс жазығына таңдай қағары сөзсіз. Сексенінші жылдардың бас кезінде қолымда Қазақ политехникалық институты берген дипломым мен "Қазмұнайгазбарлау" тресінің "Маңғыстаумұнайбарлау" кешенді экспедициясына жіберген жолдамасы бар жас маманмын. Біршама уақыт осы түбекте алғаш рет "қара алтын" атқылап, аса бай мұнай-газ кеніштері табылғанын білеміз. Ералы ауданындағы экспедицияның базасы үлкен мекеме екен. Дипломдағы "инженер" деген жазуға қайта-қайта қарап, кеудемізді мақтаныш кернеп жүрген шағымыз. Тіршілігі қым-қуыт өндіріс басындағылардың ешкімге қарауға мұршасы жоқ. Мұнда келген соң жоғары білімді маман екенімді дәлелдейтін құжатымды жинап қойып, бұрғышының көмекшісі болып шыға келдім. Бүгінгі күннің биігінен ойлап отырсам, сол кезеңнің маман тәрбиелеудегі төменнен жоғарыға өрлететін осынау озық әдісі қаншама жастың талабын шыңдады, оларды өз ісіне шебер етіп шығарды.

Есқожа Бергенбаевпен "Өліқолтық" деген жерде 1983 жылы таныстым. Автокөлік басқармасының бастығы екен. Мекеменің бүкіл техникасына жауапты адам. Ең алғашқы 4000-4500 метрлік ұңғымаларды қазып тұзасты қабаттарынан мұнай іздеген кез. Өліқолтық аты айтып тұрғандай, сордың ортасы, бұта түгілі, шөп өспейді. Бұлай аталу себебі, теңізден жел соққанда су шайып кетеді де, орны сор болып, кеппей қалып қояды.

Өліқолтықтағы биіктігі 53 метр "Уралмаш-3Д" бұрғылау қондырғысы басындағы мұнайшы-геологтардың бейнетін сөзбен жеткізу мүмкін емес. Алып қондырғыны сорға апару, оған жол салу, көшіру тегеуріні мықты адамдардың ғана қолынан келеді. Сор түгілі қара жерде атқарылуы оңайға соқпайтын жұмыстың басында Есағаң да жүрді. Бұрғылау алаңында адамдар айлап жатады. Он бес күндік деген аты ғана.

Есағаң Аралдың тумасы екен. Мені бірден бауырына тартты. Жерлес, одан әрі ағалы-інілі болып өмір сүрдік. "Сольтрестегі" мектепті бітірген соң Павлодар индустриялық институтына түскен. 1969 жылы институт түлектерін бүкіл Одақ көлеміне тарата бастағанда, оған Батыс Қазақстан геологиялық басқармасына жолдама беріледі. Қолында кітап толы шабаданы бар жас жігіт алдымен сол кездегі Шевченкоға, қазіргі Ақтауға барды. Ұзақ жол Ералы ауданынан да тоқтамады. Әрі қарай жалғасып, "Маңғыстаумұнайгазбарлау" тресінің Ақсу геологиялық партиясынан бірақ шығарды. Ол уақытта Қансу, Доңға, Өзен енді барланып, Жетібай мұнай беріп жатқан. Техниканың неше атасы бар, кранның бірнеше түрі, бульдозер, тартқыш, экскаватор, тракторлар. Трест 1974-1975 жылдары Қаражамбас, Қаламқас, Бозашыны барлап, мемлекеттік комиссияға тапсырған. Жалпы "Маңғыстаумұнайгазбарлау" 40-қа жуық кен орнын барлап, жер қойнауындағы "қара алтын" қорын анықтаған. Осындай ерен еңбегі үшін 3 адам Лениндік сыйлыққа, 5 адам КСРО Мемлекеттік сыйлығына, 2 адам Қазақ ССР-нің Мемлекеттік сыйлығына ие болды.

Мұнайдың барлануы мен іздеілуінің машақаты көп болғанымен, геолог болуды армандайтындар көп. Көпшілікті айлық жалақысының жоғарылығы, жабдықтау мәселесінің оң шешім тапқаны қызықтырды. Жұмыстың ауырлығына, кеніш басындағы темір вагондағы тірлікке, күндізгі ауысымдағы ауыртпалыққа төзетіні де содан. Бірақ адамдардың темірдей төзімінің, құрыштай қайратының арқасында Маңғыстау мұнай-газ секторы бүгінгі биігіне жетті. "Қара алтынды" түбек Кеңес Одағындағы алдыңғы қатарлы мұнайлы аймақтардың үштігіне енді. Тарихы жарты ғасырдан асып кеткен Маңғыстау мұнайының жылнамасында біздің Есағаңның да аты құрметпен аталады.

Сексенінші жылдардың соңына қарай КСРО Мұнай министрлігіне қарасты "Маңғыстаумұнай" бірлестігіндегілерден Қызылорда облысында Құмкөл деген кеніш ашылғалы жатқанын естідік. Майталман мұнайшы Мұрат Саламатов жаңа өндірістің тізгінін ұстаған соң Есағаңды шақыртады. "Мен мұнайшы емеспін ғой" дегеніне, "маған мұнайшыдан бұрын ұйымдастырушы керек" депті сонда. Маңғыстауда шыңдалған кадрдың қадірін білгені ғой. Есағаң 1986 жылы Құмкөлге кетті. Жаңа ұйымдастырылып жатқан мекеменің машақатты тірлігін тәжірибелі, көнтерлі, қиындықтан жол таба алатын Есағаң сияқты азаматтар дөңгелеткенін батыл айта аламын.

Нөлден бастап игерілген кеніште алғашында тұрғын вагондар мен бұрғылау қондырғылары және техникалар Маңғыстаудан әкелінді. Кен орнының қамтамасыз ету базасынан шалғай жатуы, ауа райының қолайсыздығы басталған іске бөгет бола алмады. Құмкөл мұнайгаз өндіру басқармасы 1988-дің наурыз айында ашылды. Бірақ әлі өндіріс жоқ. Ең алғашқы мұнай алуды 1990 жылға жоспарлаған. Мұнайды жергілікті халықтың игілігіне айналдыруда сол кездегі басшы Еркін Әуелбековтің сіңірген еңбегін ел біледі.

Қойын құрттап, айранын ұрттап, қоңторғай тірлік кешкен мұндағылар мұнайшы болмақ түгілі, қалқиған мұнараларға үрке қарайтын. Жаңалықты жатырқағандар көп болды. Мекемеге қыл аяғы кеңсе де бөлінбей, біршама уақыт өжірені паналағаны бар. Есағаңның теміржол тармағын алуға, оған жақын жерден база салуға жұмсаған күш-қайраты орасан. Сортаң жерге төрт қазық қағып база ашуға, жыл жарым уақыт асфальт зауыттың түтініне тұншығып жұмыс істеуге тура келді. Қазір ғой, соның бәрін жай ғана күліп еске алады.

Саламатовтың шақыртуын алғанда Ералыда комсомол, партия жағында қызмет істеп жүрдім. Аудандық партия комитетінде мұнай өндірісі саласына жетекшілік ететін нұсқаушымын. Бір-екі жылдан кейін партия мектебіне жол түсетін сыңайы бар. Елге қайтудың реті келген соң, мансапты, үйді тастап өндіріс бөліміне келдім.

– Ол жақта жағдайың барын білем, бірақ сәті түсіп тұрғанда елге қайт, – деді Есағаң да.

Мұнда Маңғыстаудығыдай жағдай түсіңе ғана кіреді. Үй жоқ, үй болмаған соң күй де жоқ. Саламатовтың да, Бергенбаевтың да қолында тұрған ештеңе жоқ. Қызылорда облысы аграрлық аймақ болғандықтан өндірістің өркендеуіне қалыпты жағдай жасауға бейімделмеген. Бір жағынан облысты индустрияландыру соңына дейін зерттелмегені аңғарылады. Мамандар Жетібайдан, Өзеннен іссапарға ғана келеді. Мұнда тұрақтау ойларында жоқ. Көп ұзамай Оңтүстік Торғай ойпатындағы мұнай-газ кеніштерін іздестіруді жеделдету жөнінде Үкіметтің арнайы қаулысы шығып, Қазақ ССР Геология министрлігінің құрамында Сырдария мұнай-газ барлау экспедициясы құрылды. Жергілікті мамандар Ащысай, Оңтүстік Ақшабұлақ, Блиновский деген кеніштерді ашты. Бір бригада Өзбекстаннан, 2 бригада Ақтөбеден әкелінді. Қызылорда үшін тың салада еңбек етуге ниеттілерді күндіз шырақ алып іздесең таппайсың. Негізгі мамандар мен жұмысшыларды Маңғыстаудан ЯК-40 ұшағымен тасымалдап, ауыстырады. Құмкөл тарихында Саламатовтың Газлиден мұнайшыларды отбасымен көшіріп әкеліп, маман тапшылығын шешкені айтылады. Білікті басшының тапсырмасын орындауда, 40 отбасыны жаңа жерге орналастыруда, оларға жағдай жасауда Бергенбаевтың қамқор пейілі мен қолтаңбасы қалды.

"Оңтүстікмұнайгаз" өндірістік бірлестігі құрылғанда құрамына механикаландырылған жылжымалы колонна, технологиялық көлік, өндірістік-техникалық қамтамасыз ету және жұмысшыларды толықтыру басқармалары енді. Есағаң жабдықтау басқармасын басқарды. Уақыт дөңгелегін кері айналдырып, Кеңес Одағының күйреуге бет алған 1989-1990 жылдарды еске алайық. Ескі байланыстар мен бір орталықтан басқарылатын жүйе құрдымға кетті. Сол аумалы-төкпелі кезеңде Есағаңның іскерлігі байқалды. Айта кетейік, Құмкөл батыстағыларға қарағанда жобаланып салынған кеніш болып есептеледі. Мұнай министрлігінің де тегеуріндірлігі шығар, Есағаңның басшылығымен Құмкөлдің басына чех вахталық қалашығы, фин асханасы әкелінді. Арыстай азаматтар үйдегі 3-4 баласына тамақ тауып беруге шамасы жетпей жатқан өліара шақ. Жабдықтаумен айналысатын Есағаңның қарамағындағы мыңдаған адам 3 мезгіл тамақ ішеді. Жатын орны жайлы, бару-қайтуы бүге-шігесіне дейін ойластырылған. Көп ұзамай жұмысшылар саны еселеп көбейді. Бәрінің ішетін суына дейін Бергенбаевтың мойнында. Мұнай берген соң, 1990 жылы мұнайшылар жағдайы бұрынғыдан да жақсарды. Байқап қарасам, Есағаң ылғи қиын да қысылтаяң жерлерде жүреді екен. Тірлікте адамның қажеттілігі таусылмайды емес пе? Ол еңбек адамының жағдайын жасауды, сосын барып жұмыс өнімділігін талап етуді өмірлік мұратына айналдырды.

Кейін Есағаң кеніш канадалықтар қолына өткенде әкімшілік жағында басшының орынбасары болды. Шетелдіктер ол кісінің біліктілігін, білімділігін, адамгершілігін бағалады деп есептеймін. Тоқсаныншы жылдардың соңындағы дағдарыс компанияның жаңа иелерін де тығырыққа тірей бастады. Қызметкерлерге айлық жалақыны жартылай төлеуге мәжбүрлік туындаған кездер болды. Дүниежүзілік нарықтағы құлдыраған мұнай бағасы бірталай жоспарды қайта жасауға, құрылымды бейімдеуге ықпал етті. Осы тұста бұрынғы бірлестіктен мекемелер өз алдына бөлініп шығып, мердігер бола бастады. Мұнай-кен орындарындағы процестерді басқару үшін автоматтандырылған жүйелер, заманауи жабдықтар қолданылды.

2000- жылдың басында мені "Қазақойл" басшылығы "Өзенмұнай" кенішіне қайта оңалту және сауықтыру жөніндегі Дүниежүзілік банкпен бірлескен жобаны басқаруға шақырды. Бұл жоба бойынша 40-50 жігітті Америкаға Хюстон қаласына оқуға жіберуі олардың мұнай өндірудегі жаңа технологияларды бүге-шігесіне дейін меңгерген маман болуын қамтамасыз етті. Ұлттық компания ұстанған саясаттың жемісі көз алдымызда. Қазір АҚШ-та білім алған мамандардың алды шетелдік компанияларда, "Қазмұнайгазда" бас маман болып қызмет істеп жүр. Осы кезде жаңа техника мен технологияларды игеруге шетелдік мамандар атсалысып, "ТДЕ", "Халибортон", "Кардвел", "Кремко" техникасын оқытып, Өзен мұнай кенішіндегі өндірісті бір қалыпқа келтіріп, одан әрі көбейтуге қол жетті.

Сол жылдары Қызылордада да үлкен жоба басталды. "Харрикейн Құмкөлмұнай" компаниясы қолға алған "Құмкөл-Жосалы" жоғары қысымды мұнай құбыры – бұрынғы Одақ көлемінде болмаған жоба. Құбырды пайдалану басталған тұста мені бас менеджер қызметіне шақырды. Бұл жоба бойынша адам қолымен атқарылатын жұмыстар барынша азайтылған. Келіп-кетіп жатқан мұнай қашықтықтан бақыланады. Ресейдің "Транснефть" мұнай тасымалдаушы ұлттық компаниясы 60 цистернаны 82 минутта құйып шыққан технологияны пайдаланғанымызды көріп "қазақтар алға озып кеткен екен" деп таңданысқан еді.

Бүгінде осынау игілікті пайдалана отырып, маңдайы күнге, табаны құмға күйіп, мұнай өндірісінің бейнетін көрген Есағаң сияқты ағаларға құрметің еселене түседі екен. Ал Бергенбаев ізінен ерген інілерінің ізетін көріп жүрсе де, баяғы байыпты қалпында. Маңғыстаудан бері әріптес болып келе жатқан жігіттер іссапарларда, телефон шалғанда Есағаңды сұрайды. Бір кездері ол кісімен қойын-қолтық жұмыс істеп, Құмкөлді игеруге атсалысқан Жеңіс Жалғасов "Тарбағатаймұнай" компаниясының басшылық қызметінде, Алик Айдарбаев Маңғыстау облысын басқарады. Марат Қожабеков кәсіпкер, Базарбай Нұрабаев Геология және жер қойнауын пайдалану комитетінің төрағасы, Сүлеймен Атаниязов құрылыс компаниясының жетекшісі. Төлеген Хасанов "Теңізшевройлда" менеджер, Қабыл Қыстаубаев Атырау төтенше жағдай департаментінде басшылық қызметте. Әрдайым "Ақсақалымыз аман ба?" деп, ілтипаттарын жеткізіп жатады. Есағаң болса өмірлік жары Орынша жеңгемізбен балалардың, немерелердің ортасында мәнді ғұмыр кешіп отырғанына шүкіршілік етеді. Жетпіс жасыңыз құтты болсын, Есаға!

**Ғалым БАЙМАНОВ,**
**инженер-мұнайшы.**

# ТУҒАН ЖЕРДІ АЯЛАУ

## ұрпақ алдындағы парыз



Дана халқымыз «Аққан су астындағы топырағына қарай лайланып тазарады, адам барлық асыл қасиетін туған жердің топырағынан алады» дейді. Туған жердің топырағы киелі. Ол бірнеше ғасырдан бері атабабаның қан-терімен тұздықталған. Сол туған жердің топырағында бүгінгі ұрпақтың да ризығы жатыр. Сондықтан атамекенді аялау ұрпақ алдындағы парызымыз. Жаратушы иеміз төменгі Сыр елінің несібесін жердің бетінен де, астынан да мол етіп берді. Кеңес дәуірінде оған қаржы мен техника аямай төгілді. Құнарлы жерді аздырып, өндірген мол өнімге құнықтық. «Табиғаттың бермесін тартып алып, Қызылорданың сапалы күрішімен Одақ халқын қамтамасыз етеміз» деген жалаң ұранмен табиғатты қиратып, экология дағдарысына тап болдық.

Егемендік алғалы бері шет елдердің көмегімен жерасты байлығын игеріп, барлық жағдай жасап жатырмыз. Жерасты байлығы да шексіз емес. Ол да сарқылады. Жерасты байлығында да ұрпақтың несібесі бар екенін ескеріп, өндірген қаржының есебінен келешек үшін жер бетіндегі байлықты неге қайтадан қалпына келтірмеске деген ой туады. Сыр елінің тарихын, жері мен суының, табиғаты мен ауа райының өз ерекшелігін жетік білмей, бұрынғы қателік пен кемшіліктен іс жүзінде нақты қорытынды шығармай, облысымыздың келешегін болжауға да, жақсартуға да болмайды. Сол себепті осы бағытта өз ойымды ортаға салуды жөн көрдім. Су бар жерде өмір бар. Сырдың бойында өсімдік әлемі мен жан-жануар дүниесі тым ерте заманнан дамыған. Алғашқы адамдар да осы жерде топтасқан. Сол дәуірден бері егістік жерді суландыру жұмысы күн тәртібінен ешқашан түскен емес. Суландыру дегеніміз – өсімдік әлемінің өркендеуіне және екпе дақылдан тұрақты мол өнім алуға қажетті топырақтың ылғалдығын табиғи су айналымы қамтамасыз ете алмайтын өлкеде сол ылғалдықты толтыру үшін қолдан суландыру жұмысын жүргізу болып табылады.

Өлкеміздің ауа райы қытымыр, жауын-шашыны аз, құрғақ желді болып келеді. Сондықтан екпе дақылға қосымша мол су беру қажет етіледі. Оған кері жағдай да кездеседі. Егістік жердің сортаң, жерасты тұзы жақын болуы да едәуір қиындық алып келеді. Осының салдарынан әр дақылдың өсу кезеңіне қарай қажетті мөлшерден артық берілген су өнімділікті азайтады. Егістік жерді істен шығарады. Демек, біздің өлкемізде су көптеген түйткілді шешетін құдіретті күш екені көрініп тұр. Халқымыз «Ел тағдырын жер шешеді» дейді. Сыр бойында елдің де, жердің де тағдыры тиімді пайдаланған су арқылы шешілген. Өткен тарихқа назар аударып көрелік. Ерте дүниеден бері біздің өңір бірнеше мәрте өркендеген жоғары мәдениетті суармалы аймақ болып, қайтадан құлазыған құ мекенге айналған екен. Сыр елінің осылайша біресе бағы жанып, біресе соры қайнағанын Кеңес үкіметінің ғалымдары С.Т.Толстов пен Б.В.Андриановтар ұзаққа созылған жаугершілік және Шыңғысханның жорығымен байланыстырады. Атақты ғалым Г.К.Ризенкампф оның себебін өлкеміздің құбылмалы қатыгез табиғатымен сабақтастырады.

Атамыз қазақ «Өмірдің жер – денесі, су – қаны, еңбек – жаны» дейді. Біздіңше, өмірдің қан тамыры – су жолдарын ақаусыз жұмыс істету басты міндет. Сол арқылы жаратылыс әлеміне жан бітіре аламыз. Су мен жерді қадірлей білсек, өңірдің бағы жанады. Егер олай болмаған жағдайда ел ішінен береке-бірлік кетіп, адал еңбектен божырайды. Өмірдің осы шындығын өз дәуірімізден дәлелдесек, өткен ғасырдың отызыншы жылының басында Сыр бойы телегей-теңіз суға толы жерұйық мекен еді. Құнарлы жер, жер қайысқан аң мен құс, суға сыймайтын балық, еңбек ететін қайратты ер азаматтар түгел болды. Жер мен судың тілін білетін кәсіби шеберлігі мол Сыр мұрабтары мен диқандары баршылық еді. Өкінішке орай, «Асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» деген жалаң ұран сол берекелі тіршілікті бұзып жіберді. Халықтың қолындағы күнкөріс малы тартып алынды. Жер мен су күтімсіз қалды. Қаншама халық аштықтың құрбаны болды. Қолдан жасалған аштық 1937 жылы «Халық жауы» деген жаламен жалғасты. Қарапайым жұрт қаншама зорлықтың зардабын шегіп, таршылықтың тақсыретін тартты.

1938 жылы Қызылорда өз алдына облыс болып құрылды. Осыдан кейін өмірдің қан тамыры – су жолдарын тәртіпке келтіру бүкілхалықтық екпінді құрылыс ретінде жарияланып, бұл бағытта ауқымды істер атқарылды. Бүкіл ел білектің күшімен, қара кетпеннің құдіретімен су жолдарын тәртіпке келтірді. Жұмыла егін екті. 1940 жылы елдің еңсесі түзелгендей болды. Сол кезеңде Қызылорда плотинасының құрылысы басталды. Сол кезде балалық шағы Ұлы Отан соғысына тап болған ауыл жастары жан азабымен егін егіп, барлық ауыр бейнетті көрді. Қайғы-қасіретті елмен бірге бөлісіп, өмірден үйренді. Еңбекпен ширап, ерте есейді. Көбісі жоғары оқуға түсті. Суармалы егіншіліктің ортасында өскен мен 1950 жылы Ташкенттегі ауыл шаруашылығын суландыру және механизациялау инженерлік институтына түстім. Институтты бітірер алдындағы диплом жұмысына «Қызылорда плотина құрылысының ерекшелігі, Қызылорда қаласын Сырдария өзенінің жебірінен сақтау әдісі» деген тақырыпты бекітіп алдым. Содан кейін 1954 жылы Қызылордаға келіп, плотина құрылысындағы жергілікті халықтың ерен ерлік еңбектерін көріп қайран қалдым. Біз өз халқымыздың жанкешті тірлігін елемей, өзгені дәріптеуге әуеспіз. Сол әдетпен плотинаны жапон солдаттары соқты деген әңгіме айтылып қалады. Шындығында, Кеңес үкіметінің заңына байланысты жапон тұтқындары плотинаның негізгі жұмысына қатыспаған. Сырдария өзенінің ұйығына соғылатын, Қызылорда плотинасы Орта Азиядағы ірі су құрылысы болатын. Мұндай тәжірибе дүниежүзінде бұрынсоңды кездескен жоқ. Плотина соғыстан кейінгі таршылықта соғылды. Ол уақытта халық ішсе тамаққа, кисе киімге жарыған жоқ. Сондай жанкештілікпен соғылған плотина жарты ғасырдан астам уақыттан бері елімізге ырыс-береке, байлық беріп келеді. Міне, өмірдің жаны – еңбектің құдіреті деген сөз.

Өлкеміздің өткен тарихын, ерекшелігін естен шығаруға болмайды. Елбасымыз «Сыр – Алаштың анасы» дейді. Шындығында, қырдағы жұртты ашыққанда арпа-бидай ектіріп тойындырды, жаугершілікте ну орман тоғайына паналатты. Алаштың қамқоршысы біздің аймақ болған. Сондықтан ел мен ұрпақ келешегі үшін оны насихаттау өмір талабы екені белгілі. Елдің аузында «Таза су – тірі қан, тамшы су – түйір нан» деген нақыл айтылады. Осыған байланысты суға бүкілхалықтық бетбұрыс жасап, ел мен жер байлығын молайтуға атсалысуымыз қажет. Келешек ұрпаққа бай табиғат пен құнарлы жерді мирас еткеніміз артық емес. Су саласы маманы ретінде айтарымыз, өлкемізде адамзаттың қандай бір күнкөріс қорегі тек қана суландыру арқылы егістік жерден алынады. Сыр мұрабы – ежелгі дәуірден бері Алладан су сұрап, елі мен жерін байытқан, табиғатынан қарапайым, жеке басын күйттемейтін, шаршап-шалдығуды білмейтін, судың тілін, жаратылыс әлеміне қатысын жетік білетін, жауапкершілікті жақсы сезінетін, ел мен жердің қамқоршысы болған бірден-бір маман.

Алғашқы жергілікті инженер-гидротехниктер 1952 жылдан бастап келіп, содан кейінгі оншақты жылда 50-ден астам инженер-гидротехник жемісті еңбек етті. Мен 1962-1966 жылдары Қызылорда су торабы басқармасын басқардым. Қызылорданың сол жаға егістік алқабын игерудегі қайнаған еңбектің ортасында болдым. Сол кезеңде төрт ауданның шаруашылықтарына егістік су жеткізіп берілді. Жан-жақты терең білімді инженер-гидротехниктер Сыр мұрабтарының елі мен жеріне жасаған өнегелі ісін жалғастырды. Олар 1960-1980 жылдарда облысымызды өркендеген жоғары мәдениетті суармалы аймаққа айналдырды. Өңірдегі су құрылысы шаралары бүкілодақтық екпінді құрылыс деп бағаланды. Барлық су шаруашылығына Мәскеуден қаржы бөлінді. Қажетті техника құрылыс материалдары да сол жақтан бөлінді. Облыс халқы күндіз-түні аянбай, су мен жерге еңбек етті. Осылайша суға бүкілхалықтық бетбұрыс жасалды. Нәтижесінде барлық суландыру жүйелері мен қашыртқылар инженерлік жүйеге келтіріліп, жаңадан күріш шаруашылықтары ұйымдастырылды. Осының нәтижесінде 200 мың гектардан астам егістік алқабы күрделі тегістеліп, егіс көлемі 254 мың гектарға жеткізілді.

Мал жайылымын суландыруда Жаңадария, Ботабай, Көксу каналдары тәртіпке келтірілді. Қаншама скважина құдықтары қазылды. Өзгесін айтпағанның өзінде, мен 1966-1968 жылдары Сырдария құрылыс-жөндеу мекемесіне басшылық жасаған уақытта Сарысу өзенінің бойындағы Қонысбекте, Балажармада тоспа шлюз, өзеннің екі бетіне көшірме бөгеттер соғылды. Облыста су құрылысын атқаратын төрт ірі құрылыс-монтаж тресі болды. Олар – ПСМО «Қызылордамелиорация», «Монтажспецстрой-3», «Кызылордасовхозстрой», «Қызылордаремзаводстрой» мекемелері еді. Сонымен қатар, біздің өңірде «Союзгипрорис» және «Южказгипроводхоз» зерттеу-жобалау институттарының ірі бөлімшелері болды. Ел мен жер тағдырын шешетін күрделі жұмыстарды алғашқы инженер-гидротехниктер айрықша білімділігімен, жоғары жауапкершілікпен атқарып шықты. Білікті мамандар жерге аянбай еңбек етті. Жердің де, ердің мәртебесін көтерді. Олардың кейбірінің кейіннен лауазымы да жоғарылады. Мәселен, алғашқы инженер-гидротехниктер саналатын Мұстахим Ықсанов облыстық партия комитетінің бірінші, Сұлтан Сәрсенбаев екінші хатшысы болды. Облыстық атқару комитетінің төрағасы қызметіне Шәймерден Бәкіров тағайындалса, тағы бір маман Әубәкір Тыныбаев төраға орынбасары қызметін атқарды. Облыстың ауылшаруашылық басқармасын Елтай Тыныштықбаев сынды азамат ұзақ жылдар бойы жемісті басқарды. Суармалы егіншіліктің отаны – төменгі Сырда тәжірибе жинақтап, Ықсановтың мектебінен шыққан Еңбек Ері Эрик Гукасов, Балтабай Сәрсенов, Сұлтан Сәрсенбаев, Әубәкір Тыныбаев, Виктор Гончаров, Болат Ниязовтар республика деңгейінде басшы қызметтер атқарды. Бірсыпыра алғашқы инженер-гидротехниктер мемлекет және қоғам қайраткері деңгейіне көтерілді. Сондай-ақ, олардың арасынан республикаға еңбек сіңірген гидротехник, құрылысшы құрметті атақтарын алған азаматтар шықты. Бұл кезең су шаруашылығының шарықтаған, мамандарының жоғары деңгейде жетілу шағы еді.

Өкіништісі, Мәскеудегі кейбір шенеуніктер өлкеміздің ерекшелігі мен шаруашылықтардың мүмкіндігін елеместен біржақты мемлекеттік жоспар жасағаны да жасырын емес. Аталмыш жоспар дұрыс болса да, бұрыс болса да, партия айтқанынан қайтқан жоқ. Халықпен, маманмен есептеспей, айтқанын орындатып, орны толмайтын көптеген қателік пен кемшілікке жол берілді. Атап айтқанда, Кеңес үкіметінің басты саясаты – жылма-жыл күріш дақылының көлемін, тың жермен кеңейту арқылы өнімін молайтып, сапалы күрішпен халықты қамтамасыз ету еді. Осының салдарынан күрделі тегістеу жұмысы бітпеген жерге де күріш еккізіп, сапасыз тегістелген жерді қабылдатып, жаңа тегістелген жерді үш жыл қатарынан қайтадан тегістеу жұмысы жасалмады. Барлық су құрылысы пайдалануға берілген күннен бастап, тұрақты күтімге алынуы керек еді. Бұл жағдаймен ешкім есептесе қойған жоқ. Қаншама инженерлік жүйеге келтірген жерлерді шаруашылықтардың күтімге алуына мүмкіндігі болған жоқ. Сібір өзендерінен мол су әкелеміз деп өзеннің бар суы күріштікке беріліп, егістік жерді аздырса, бір тамшы су бермей, Сырдарияның бай табиғатын құртты. Сыр еліне жасаған қиянат аздық еткендей, Кеңес үкіметінің соңғы қайта құрудан басталып қайта құртумен аяқталған саясатында судың тілін, бүкіл жаратылыс әлеміне қатысын жетік білетін инженер-гидротехник мамандығын бірнеше тар мамандыққа бөліп, білімсіздікке айналдырды. Одақ тарағаннан кейін суға байланысты барлық қуатты басқармалар қаржысыз қалып, үлкен күйзеліске ұшырап, көбісі жұмысын тоқтатты.

Еліміз егемендік алғалы бері «Арал тағдыры – адам тағдыры» деп Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың тікелей басшылығымен халықаралық Аралды құтқару қоры құрылып, теңіз төңірегінде теңдесі жоқ құрылыстар соғылып, ғасырдың ірі жобалары жасалуда. Арал өңірінің экологиялық ахуалын сауықтыруда жасалып жатқан күрделі жұмыстарды ешкім жоққа шығара алмайды. Дегенмен, Кеңес үкіметінің қайта құру саясатынан қалған су шаруашылығына кадрлар дайындау аясын тар мамандықтарға бөлу үрдісі дұрыс емес. Соның салдарынан біліктілігі төмен мамандар қауқарсыз мекемелердің ұзақ жылдан бергі суға байланысты қордаланған экология зардабын жақсарта алмайды. Өлкеміздің өзіндік ерекшелігіне байланысты республикадан көмек, жергілікті жерден бүкілхалықтық бетбұрыс қажет.

Шындығында, судың тілін біліп, жауапкершілігін сезініп, жоғын жоқтап, жоғалғанын іздеп, республика басшыларына судың өмір екенін түсіндіретін білікті маманның жоқтығынан болса керек, республиканың су шаруашылығы ұзақ жылдардан бері неше түрлі орынсыз өзгерістерге тап болып, нақты бір жүйеге түспей келеді. Басқасын айтпағанда, барлық күнкөріс қорегі тек қана үлкен бейнетпен, қыруар қаржы, техникамен, суландыру арқылы егістік жерден алынтын Қызылорданың облыстық су шаруашылығын табиғаты және барлық егінін қосымша шығынсыз табиғи су айналымы арқылы қамтамасыз ететін өзге облыстармен теңестіріп, занды мекемеде емес, филиалға айналдыру ешқандай ақылға қонбайды. Ел арасында су – тек қана су мамандарының ісі деген ұғым бар. Шындығында, су тіршілік ететін барлық тірі адамдардың ортақ жұмысы екені белгілі. Өйткені, бүкіл тіршілік әлемі өзінің өсу дәуіріне қарай қажетті су көлемінен тұрақты нәр алып тұрмаса, ол өзінің өсу дәуірін тоқтатады.

Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы бос мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасуға ашық конкурс жариялайды:

**Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының қаржы және бухгалтерлік есеп бөлімінің бас маманы (Д-0-4) (бала күтімінде отырған негізгі қызметкердің орнына уақытша).**

Қызмет атқарған жылдарына байланысты лауазымдық жалақысы 64 063 теңгеден 83 282 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есепке алмағанда).

**Қызметтік міндеттері:** Шаруашылық операцияларын жүзеге асыру, мекеменің қаржылық ахуалы туралы шұғыл ақпаратты әзірлеу, бухгалтерлік есептерді дайындау және белгіленген мерзімге сәйкес органдарға тапсыру, мекеменің қаржы-экономикалық қызметіне талдау жасау, қаржы қозғалысын жүргізеді. Жалақыларды, сауықтыру жәрдемақыларын есептеу, әлеуметтік салық бойынша аудару және есеп береді, зейнетақы жинақтау қорына аударады, еңбек қатынастары бойынша тоқсандық және жылдық есеп береді. Басқармада сақталуы міндетті зейнетақы қорларына аударымдар жөніндегі құжаттарды рәсімдеуге жауапты болады. Іссапар шығындары бойынша есеп беруші тұлғалардың есебін жүргізу. Бөлімнің қаржы және материалдық ресурстарына есеп, бақылау және талдау жасайды. Мемлекеттік мүлікті түгендеуге және тиімді пайдалануға мониторинг жүргізеді. Белгіленген қаржы-экономикалық есепті уақытылы құрастыру және тапсыру. Іссапарға шығу үшін шығын сметаларын құруға, бекітілген нормативтерге, мөлшерлерге сәйкес жарыстарды өткізуге, сондай-ақ, оқу-жаттығу жиындарына, спорт шараларын өткізуге бөлінген ақша қаражаттарының дұрыс пайдалануына әдістемелік көмек көрсетеді. Облыстық іс-шараларды өткізуді. Оқу-жаттығу жиындарын, іссапарларды уақытылы қаржыландыруға жұмыс жасайды. Бөлімнің іс қағаздарын жүргізеді.

**Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:**

Жоғары экономикалық білім.

Мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес немесе осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес облыстарда екі жылдан кем емес жұмыс өтілі бар болған жағдайда ортадан кейінгі экономикалық білімі барларға рұқсат етіледі.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Президенті туралы», «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» Конституциялық заңдарын, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Әкімшілік рәсімдер туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес облыстардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын білуі.

Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

Конкурс «Бос әкімшілік мемлекеттік лауазымға орналасуға конкурс өткізу және конкурс комиссиясын қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2013 жылғы 19 наурыздағы № 06-7/32 бұйрығына сәйкес өткізіледі.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген азаматтар Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасына келесі құжаттарды тапсырады:

1) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысандағы өтініш;

2) 3х4 үлгідегі суретпен осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысанда толтырылған сауалнама;

3) білімі туралы құжаттардың нотариалдық куәландырылған көшірмелері;

4) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі;

5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы №907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілердің тізілімінде 2010 жылы 21 желтоқсанда №6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;

6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;

7) құжаттарды тапсыру сәтінде уәкілетті органмен белгіленген шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат. Құжаттардың толық емес пакетін ұсыну конкурс комиссиясының оларды қараудан бас тартуы үшін негіз болып табылады.

Мемлекеттік қызметшілермен тапсырылатын осы тармақтың 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды олар жұмыс істейтін мемлекеттік органдардың персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) куәландыра алады.

Әңгімелесуге жіберілген кандидаттар оны кандидаттарды әңгімелесуге жіберу туралы хабардар ету күнінен бастап бес жұмыс күн ішінде Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасында, **индекс 120008, Қызылорда қаласы, Ғ.Мұратбаев көшесі №1** мекен-жайы бойынша өтеді.

Конкурстық комиссияның қорытынды мәжілісі әңгімелесу жүргізілгеннен соң екі жұмыс күн ішінде өткізіледі.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар аталмыш хабарландыру соңғы жарияланған күнінен бастап он жұмыс күн ішінде Қызылорда қаласы, Ғ. Мұратбаев көшесі №1, №5 бөлме мекен-жайы бойынша қабылданады. **Анықтама телефоны: (8-724-22) 23-05-64.**

Аталмыш лауазымдарға орналасқан адамдар үшін көтерме шығындар төленбейді, тұрғын үй және жеңілдіктер ұсынылмайды.

**Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының конкурстық комиссиясы.**

***

Қызылорда облысының мәдениет басқармасы бос мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасуға ашық конкурс жариялайды.

**Қызылорда облысының мәдениет басқармасының қаржы, кадр және мемлекеттік сатып алу бөлімінің бас маманы (Д-О-4).**

Қызмет атқарған жылдарына байланысты лауазымдық жалақысы 64063 теңгеден 86485 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есепке алмағанда).

**Қызметтік міндеттері:**

- басқарманың материалдық құндылықтарының есептерін шығару, түгендеу, осы жұмысқа байланысты бухгалтерлік есеп-қисапты уақытылы дайындайды;
- бөлімнің есеп-қисап жұмыстарына қатысты жоспарды орындайды;
- мәдениет және өнер мекемелері кәсіпорындарының есеп саласы бойынша мониторинг жүргізеді;
- Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңына сәйкес облыстық мекемелердің жұмыстар мен тауарларды, қызметтерді мемлекеттік сатып алуға байланысты мәліметтерді веб-сайтқа орналастырып, есептерін дайындау, мониторинг жүргізу, облыстық қаржы департаментіне есеп беру;
- ҚР Президентінің Жарлықтары мен ҚР Заңдарын, ҚР Үкіметі мен облыс әкімдігі қаулыларының және облыс әкімдерінің шешімдері мен өкімдерінің орындалуын жүзеге асыру;
- басқарма басшысының бұйрықтары жобасының заңдылығын алдын ала зерттеп, өзінің келісімі жөнінде қолын (визасын) қою;
- басқарма құзыретіне кіретін мәселелер бойынша рәсімделетін құжаттардың, заңды және жеке тұлғалармен жасалатын келісім-шарттардың заңдылығын алдын ала тексеріп, қолын қою;
- Сот және құқық қорғау органдарында басқарма мүддесін білдіру, қорғау және басқарманың өкілі ретінде сот процестеріне қатысу;
- өрт, техника қауіпсіздігі жөніндегі жұмыстарды жүзеге асырады;
- облыстағы мәдениет және өнер мекемелері мен кәсіпорындарының күрделі жөндеу және ағымдағы жөндеу жұмыстарына байланысты қызметтерді үйлестіру;
- облыстағы мәдениет және өнер мекемелері мен кәсіпорындарының құрылысына қажетті сметалық және басқа да құжаттарын дайындау;
- басқарма қызметкерлеріне және басқармаға қарасты мәдениет және өнер мекемелері мен кәсіпорындарына жұмыс барысында заңгерлік кеңестер беру.

**Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:**

Білімі жоғары заңгерлік немесе экономикалық.

Мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес немесе осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес облыстарда екі жылдан кем емес жұмыс өтілі бар болған жағдайда ортадан кейінгі заңгерлік немесе экономикалық білімі барларға рұқсат етіледі.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Президенті туралы», «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» Конституциялық заңдарын, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Әкімшілік рәсімдер туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес облыстардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын білуі.

Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

Конкурс «Бос әкімшілік мемлекеттік лауазымға орналасуға конкурс өткізу және конкурс комиссиясын қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2013 жылғы 19 наурыздағы №06-7/32 бұйрығына сәйкес өткізіледі.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген азаматтар Қызылорда облысының мәдениет басқармасына келесі құжаттарды тапсырады:

1) өкілетті орган белгілеген нысандағы өтініш;

2) 3х4 үлгідегі суретпен өкілетті орган белгілеген нысанда толтырылған сауалнама;

3) білімі туралы құжаттардың нотариалдық куәландырылған көшірмелері;

4) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі;

5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің тізілімінде 2010 жылы 21 желтоқсанда №6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;

6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;

7) құжаттарды тапсыру сәтінде уәкілетті органмен белгіленген шекті мәннен төмен емес нәтижесімен тестілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат.

Аталған құжаттардың біреуінің болмауы конкурс комиссиясының оларды қараудан бас тартуы үшін негіз болып табылады.

Мемлекеттік қызметшілермен тапсырылатын осы тармақтың 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды олар жұмыс істейтін мемлекеттік органдардың персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) куәландыра алады.

Әңгімелесуге жіберілген кандидаттар оны кандидаттарды әңгімелесуге жіберу туралы хабардар ету күнінен бастап бес жұмыс күн ішінде Қызылорда облысының мәдениет басқармасында, индексі 120008, Қызылорда қаласы, Абай даңғылы, 27 мекен-жайы бойынша өтеді.

Конкурстық комиссияның қорытынды мәжілісі әңгімелесу жүргізілген күннен соң 2 жұмыс күн ішінде өткізіледі.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар аталмыш хабарландыру соңғы жарияланған мерзімнен бастап 10 жұмыс күн ішінде Қызылорда қаласы, Абай даңғылы, 27-үй, 3-қабат, №301 бөлме мекен-жайы бойынша тапсырылуы тиіс. Анықтама телефоны: 8 7242 23-94-22, 23-93-54.

Аталмыш лауазымға орналасқан адамдар үшін көтерме шығындар төленбейді, тұрғын үй және жеңілдіктер ұсынылмайды.

**Қызылорда облысының мәдениет басқармасының конкурстық комиссиясы.**

***

Қызылорда облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы бос әкімшілік мемлекеттік лауазымға орналасуға ашық конкурс жариялайды:

**Сәулет және эскиздік-жоспарлау жобалары бөлімінің бас маманы (Д-О-4).**

Қызмет атқарған жылдарына байланысты лауазымдық жалақысы 64 063 теңгеден 86 485 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есепке алмағанда).

**Қызметтік міндеттері:**

- Типтік біліктілік талаптарына сәйкес болуы;
- Сәулет, құрылыс салаларында және облыстық деңгейдегі мемлекеттік қала құрылысы кадастрын жүргізу бойынша тәжірибесінің болуы;
- Компьютерде жұмыс жасай білуі міндетті түрде, олар Word, Excel, Auto cad, Adobe Photoshop, Corel Draw;
- Мемлекеттік және орыс тілдерін білуі міндетті.

**Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:**

- Жоғары техникалық білім (сәулетші, дизайнер немесе инженер-құрылысшы).

Жұмыс тәжірибесі келесі талаптардың біріне сәйкес болуы тиіс:

1) Мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес немесе осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес облыстарда екі жылдан кем емес жұмыс өтілі бар болған жағдайда ортадан кейінгі білімі барларға рұқсат етіледі.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Қазақстан Республикасының Президенті туралы», «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы», Конституциялық заңдарын, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Әкімшілік рәсімдер туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес облыстардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын білуі.

Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

Конкурс Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2013 жылғы 19 наурыздағы 06-7/32 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға орналасуға конкурс өткізу және конкурс комиссиясын қалыптастыру қағидасына» сәйкес өткізіледі.

**Конкурсқа қатысуға ниет білдірген азаматтар Қызылорда облысының сәулет және қала құрылысы басқармасына келесі құжаттарды тапсырады:**

1) уәкілетті орган белгілеген нысандағы өтініш;

2) 3х4 үлгідегі суретпен уәкілетті орган белгілеген нысанда толтырылған сауалнама;

3) білімі туралы құжаттардың нотариалдық куәландырылған көшірмелері;

4) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі;

5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы №907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілердің тізілімінде 2010 жылы 21 желтоқсанда №6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;

6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;

7) құжаттарды тапсыру сәтінде уәкілетті органмен белгіленген шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат.

Егер азамат еңбек қызметін жүзеге асырмаған және конкурс жарияланған бос лауазым бойынша жұмыс өтілі талап етілмейтін жағдайларда осы тармақтың 4) тармақшасында көрсетілген құжатты ұсыну талап етілмейді.

Құжаттардың толық емес пакетін ұсыну конкурс комиссиясының оларды қараудан бас тартуы үшін негіз болып табылады.

Мемлекеттік қызметшілермен тапсырылатын осы тармақтың 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды олар жұмыс істейтін мемлекеттік органдардың персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) куәландыра алады.

Әңгімелесуге жіберілген кандидаттар оны кандидаттарды әңгімелесуге жіберу туралы хабардар ету күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күн ішінде Қызылорда облысының сәулет және қала құрылысы басқармасының ғимаратында, Қызылорда қаласы, Иса Тоқтыбаев көшесі (бұрынғы әскери комиссариат) 2-тұйық, №1 ғимарат, №3 кабинетте өтеді. Конкурстық комиссияның қорытынды мәжілісі әңгімелесу сатысы жүргізілгеннен соң 2 (екі) жұмыс күні ішінде өткізіледі.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар хабарландыру соңғы жарияланған мерзімнен бастап 10 (он) жұмыс күн аралығында Қызылорда қаласы, Иса Тоқтыбаев көшесі (бұрынғы әскери комиссариат) 2-тұйық, №1 ғимарат, №3 кабинет. Анықтама телефондары: 8 (7242) 40-01-37, 26-30-46.

Аталмыш лауазымдарға үміткерлер үшін көтерме шығындар төленбейді, тұрғын және жеңілдіктер ұсынылмайды.

**Қызылорда облысының сәулет және қала құрылысы басқармасының конкурстық комиссиясы.**

***

Қызылорда облысының жастар саясаты мәселелері басқармасы бос мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасуға конкурс жариялайды:

**Қызылорда облысының жастар саясаты мәселелері басқармасы басқарма басшысының орынбасары (санаты D-O-2 индекс №01-1-2) 1 (бір) бос орын.**

Қызмет атқарған жылдарына байланысты лауазымдық жалақысы 125563,75 теңгеден 154392,17 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есепке алмағанда)

**Фунционалдық міндеттері:**

Басқарма қызметкерлерінің орындаушылық және еңбек тәртібін бақылау. Басқарманың іс жүргізуін, есеп-қисап, кадр жұмыстарын ұйымдастыру. әкімшілік-шаруашылық жұмыстардың ұйымдастырылуына бақылау жасау.

Аймақтағы мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыру, жастардың әлеуметтік-экономикалық проблемаларын шешуде мемлекет пен жастар ұйымдарының қарым-қатынасын қалыптастыру. Жастар ахуалына талдау жасау, өзекті мәселелерін анықтау және олардың шешілу жолдары туралы мемлекеттік органдарға ұсынымдар беру.Жастарға әлеуметтік-құқықтық кеңес беру. Жастар арасында мемлекеттік саясатты түсіндіру және насихаттау бағытында шараларды ұйымдастыру. Жастар қоғамдық бірлестіктерінің мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберіндегі қызметтерін үйлестіру. Мемлекеттік жастар саясатының қаржыландырылуын және орындалуын қамтамсыз ету. Басқарма құзыретіне кіретін бюджеттік бағдарламалардың қаржыландырылуын және орындалуын қамтамасыз ету. Басқарманың іс-жоспарларына сәйкес жұмыстардың орындалуын бақылау. Басқарманың стратегиялық даму жоспарының орындалуын қамтамасыз ету. Қоғамдық саяси тұрақтылықты қамтамасыз етуде мемлекеттік саясатты жүзеге асыру.

**Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:**

жоғары заңгерлік немесе экономикалық немесе педагогикалық немесе гуманитарлық немесе әлеуметтік немесе жергілікті мемлекеттік басқару білімі.

Жұмыс тәжірибесі келесі талаптардың біріне сәйкес болуы тиіс:

1) мемлекеттік қызмет өтілі үш жылдан кем емес;

2) жоғары оқу орындарынан кейінгі білім бағдарламалары бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы білім беру ұйымдарында мемлекеттік тапсырыс негізінде немесе шетелдің жоғары оқу орындарында Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия бекітетін басым мамандықтар бойынша оқуды аяқтаған жағдайда мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес немесе ғылыми дәрежесінің болуы;

3) мемлекеттік органдарда басшылық немесе өзге лауазымдарда жұмыс өтілі бір жылдан кем емес;

4) осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес облыстарда жұмыс өтілі төрт жылдан кем емес, оның ішінде басшылық лауазымдарда бір жылдан кем емес.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Президенті туралы», «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» Конституциялық заңдарын, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Әкімшілік рәсімдер туралы», «Нормативтік құқықтық актілер туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес облыстардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, «Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын білуі.

Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

Конкурс «Бос әкімшілік мемлекеттік лауазымға орналасуға конкурс өткізу және конкурс комиссиясын қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2013 жылғы 19 наурыздағы №06-7/32 бұйрығына сәйкес өткізіледі.

**Конкурсқа қатысқысы келетін азаматтар Қызылорда облысының жастар саясаты мәселелері басқармасына келесі құжаттарды тапсырады:**

1) осы Қағидаларға 2- қосымшаға сәйкес нысандағы өтініш;

2) 3х4 үлгідегі суретпен осы Қағидаларға 3- қосымшаға сәйкес нысанда толтырылған сауалнама;

3) білімі туралы құжаттардың нотариалдық куәландырылған көшірмесі;

4) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі;

5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы №907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілер тізілімінде 2010 жылғы 21 желтоқсандағы №6697 болып тіркелген ) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;

6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;

7) құжаттарды тапсыру сәтінде уәкілетті органмен белгіленген шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат.

Құжаттардың толық емес пакетін ұсыну конкурс комиссиясының оларды қараудан бас тартуы үшін негіз болып табылады.

Мемлекеттік қызметшілермен тапсырылатын осы тармақтың 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды олар жұмыс істейтін мемлекеттік органдардың персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) куәландыра алады.

Азаматтар біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби шеберлігіне және беделіне қатысты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар берілуі туралы құжаттардың көшірмелері, мінездемелер, ұсынымдар, ғылыми жарияланымдар және өзге де олардың кәсіби қызметін, біліктілігін сипаттайтын мәліметтер) қосымша ақпараттарды бере алады.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар аталмыш хабарландыру соңғы жарияланған күнінен бастап 10 (он) жұмыс күн ішінде Қызылорда қаласы, Мұратбаев көшесі, 13 №502 бөлме мекен-жайы бойынша қабылданады. Анықтама телефондары: 8 (7242) 40-07-88, 40-10-17, 23-98-88.

Әңгімелесуге жіберілген кандидаттар оны кандидаттарды әңгімелесуге жіберу туралы хабардар ету күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күннің ішінде Қызылорда облысының жастар саясаты мәселелері басқармасында 120014, Қызылорда қаласы, Мұратбаев көшесі, 13 мекен-жайы бойынша өтеді.

Конкурстық комиссияның қорытынды мәжілісі әңгімелесу жүргізілген соң 2(екі) жұмыс күнінің ішінде өткізіледі.

Аталмыш лауазымға орналасқан адам үшін көтерме шығындар төленбейді. Тұрғын үй және жеңілдіктер ұсынылмайды.

**Қызылорда облысының жастар саясаты мәселелері басқармасының конкурстық комиссиясы.**

# ҚЫЗМЕТКЕ КОНКУРС

**«Қызылорда қалалық жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі бос мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасуға ашық конкурс жариялайды:**

**1. Қалалық жер қатынастары бөлімінің бас маманы (E-R-4) – 1 орын.**

Қызмет атқарған жылдарына байланысты лауазымдық жалақысы 58938 теңгеден 65344 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есепке алмағанда).

**Қызметтік міндеттері:**

Қала әкімінің, қала әкімінің орынбасарлары, аппарат басшысының тапсырмаларын орындау; бөлім басшысының қызметтік міндет аумағында басқа да тапсырмаларын орындау; бөлімнің жылдық және тоқсандық жұмыс жоспарын жасап, бөлім басшысына ұсыну; бөлім басшысының бұйрықтарының, келіп түскен өтініштердің уақытылы орындалуына бақылау жасау; сот процестерінде азаматтық істер бойынша бөлімнің өкілі болып қатысып, олар бойынша қарсылықтар келтіріп, нәтижесі бойынша бөлім басшысына хабарлама беру; мемлекеттік органдармен Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», Этика ережелері талаптарының орындалуын, қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бағдарламасының орындалуына бағытталған іс-шаралар ұйымдастырады; гендерлік және отбасылық-демографиялық саясатты іске асыру жөнінде жұмыстар орындайды; бөлім басшысы жұмыста болмаған уақытта бөлімнің басшысы міндетін атқарады.

**Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:**

-Жоғары жер кадастры немесе жерге орналастырушы білімі.

-Мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес немесе осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес облыстарда екі жылдан кем емес жұмыс өтілі бар болған жағдайда ортадан кейінгі жер кадастры немесе жерге орналастырушы білімі барларға рұқсат етіледі.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Президенті туралы», «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» Конституциялық заңдарын, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Әкімшілік рәсімдер туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес облыстардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, «Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын білуі.

Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

Компьютерде жұмыс жасай білуі. Мемлекеттік және орыс тілдерін білуі.

Конкурс «Бос әкімшілік мемлекеттік лауазымдарға орналасуға конкурс өткізу және конкурс комиссиясын қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2013 жылғы 19 наурыздағы №06-7/32 бұйрығына сәйкес өткізіледі. (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылдың 20 наурызында №8380 болып тіркелді).

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген азаматтар келесі құжаттарды тапсырады:

1) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысандағы өтініш;

2) 3х4 үлгідегі суретпен осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысанда толтырылған сауалнама;

3) білімі туралы құжаттардың нотариалдық куәландырылған көшірмелері;

4) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі;

5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы №907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерінің тізімінде 2010 жылы 21 желтоқсанда №6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;

6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;

7) құжаттарды тапсыру сәтінде уәкілетті органмен белгіленген шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат.

Құжаттардың толық емес пакетін ұсыну конкурс комиссиясының оларды қараудан бас тартуы үшін негіз болып табылады.

Мемлекеттік қызметшілермен тапсырылатын осы тармақтың 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды олар жұмыс істейтін мемлекеттік органдардың персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) куәландыра алады.

Әңгімелесуге жіберілген үміткерлер оны кандидаттарды әңгімелесуге жіберу туралы хабардар ету күнінен бастап бес жұмыс күн ішінде Қызылорда қалалық жер қатынастары бөлімінің ғимаратында, **120008, Қызылорда қаласы, Амангелді Иманов көшесі, №102** мекен-жайы бойынша өтеді.

Конкурстық комиссияның қорытынды мәжілісі әңгімелесу жүргізілгеннен кейін 2 жұмыс күні ішінде өткізіледі.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар аталмыш хабарландыру соңғы жарияланған мерзімнен бастап 10 жұмыс күні аралығында **Қызылорда қаласы, Амангелді Иманов көшесі, №102, №3 кабинетке тапсырылады. Анықтама телефоны: 8 (724-2) 23-11-51.**

Аталмыш лауазымдарға орналасқан адамдар үшін көтерме шығындар төленбейді, тұрғын үй және жеңілдіктер ұсынылмайды.

**Қызылорда қалалық жер қатынастары бөлімінің конкурстық комиссиясы.**

## ҚҰТТЫҚТАУ

*Құрметті студенттер!*

*Сіздерді «Студенттер күні» мейрамымен құттықтаймыз. Біз Сіздерді донорлықта белсенді тұлға деп білеміз. Донор болу бұл – өркениетті дамыған қоғамдағы игі істердің бірі, адамгершілік көрсеткіші, сонымен қатар бұл адамзаттың табиғатындағы ең жарқын қабілеттерінің белсенді түрі.*

*Сіздер әрдайым қан орталығының қан дайындау бойынша өткізілетін шараларына белсенді түрде қатысасыздар. Өз еркімен қан тапсыруға ықыласын білдіретіндердің көпшілігі жастар қоғамы. Осы ізгі істерде сіздердің волонтер ретінде алатын орындарыңыз ерекше. Адам өмірінің қызықты да қуанышты кезеңінің бірі – студенттік шақта Сіздерге мықты денсаулық, оқуда озат болуларыңызға, өмірдегі өз мақсаттарыңа жетіп биік шыңдардан көріне берулеріңізге тілектеспіз.*

Ізгі ниетпен тілек білдірушілер:
Қызылорда облыстық қан орталығы.

# АРЗАН БАҒА ҚАЙДА БАР?

*негізгі азық-түлік өнімдерінің 12 қарашадағы бағасы*

**Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының ақпараттық-маркетингтік жүйесі арқылы күнделікті негізгі азық-түлік өнімдерінің бағаларына мониторинг жүргізіліп отыр.**

**Жүргізілген мониторингтің нәтижесінде бүгінгі күні ең арзан өнімдерді облыс аудандары мен Қызылорда қаласының төмендегі сауда үйлері мен базарларынан алуға болатындығын хабарлаймыз.**

**Қызылорда қаласы.** «Мирас» сауда үйінің ауласында орналасқан қоймада картоптың келісі – 60, жуа – 40-45, сәбіз – 65, қызылша – 100, қырыққабат 55 теңгеден сатылуда.

Сондай-ақ, Қызылорда қаласының мөлтек аудандарында ашылған «Изобилие» әлеуметтік сауда дүкендерінде бір келі сиыр еті – 845, тауық еті – 399, қарақұмық жармасы – 93, қант – 120, картоп – 60, өсімдік майы 250 теңгеден сатылып жатыр.

**Арал ауданы.** «Жеміс-жидек» дүкенінде картоп – 65-70, жуа – 45-50, сәбіз – 70-80, қырыққабат – 50-60 теңгеден. Сонымен қатар, ЖК «Т.Исмайлова» дүкенінде қант – 140, өсімдік майы 240-260 теңгеден сатылып жатыр. «Береке» базарында І сортты бидай ұнының келісін 56 теңгеден алуға болады.

**Қазалы ауданы.** «Ырыс-Болашақ және К», «Орын-ай» сауда орындарында жұмыртқаның 10 данасы – 230-250, картоп – 65-70, жуа – 45-50, қырыққабат – 50-60, сәбіз – 70-80, өсімдік майы 240-260 теңгеден сатылуда.

**Қармақшы ауданы.** «Бибінұр» базары мен «Жандос» дүкенінде картоп – 65, сәбіз – 80, жуа – 45, қырыққабат – 60 теңге. «Сұлтан» сауда орталығында қант – 135, тауық еті 420 теңгеден сатулда, ЖК «Бекмырзаева», «Жаппасбаев» дүкенінде І сортты бидай ұнының келісі 52 теңгеден сатылып жатыр.

**Жалағаш ауданы.** «Ақниет» және «Қаракөз» дүкендерінен І сортты бидай ұнын – 62, жұмыртқаны – 20, ал тауық етін – 450, өсімдік майын – 240, жуаны – 50, сәбізді – 75, қырыққабатты 50 теңгеден алуға болады. Сондай-ақ, «Әділет» базарында еттің келісі 1200 теңгеден.

**Сырдария ауданы.** «Серікбол» дүкенінде картоп – 65, сәбіз – 80, қырыққабат – 60, жуа – 45, қант 140 теңге болса, «Коммуналдық» базарында тауық еті – 430, жұмыртқа 20 теңгеден сатылуда.

**Шиелі ауданы.** «Ә.Шорабаев», «Мақсат» базарларында картоп – 55-60, жуа – 35-40, сәбіз – 60-65, қырыққабат – 50-60, жұмыртқаның 10 данасын – 230-240, тауық етін 410-450 теңгеден алуға болады. Сонымен қатар, І сортты бидай ұны 52 теңгеден саудалануда.

**Жаңақорған ауданы.** «Мағжан», «Нұржан» және «Нұрасыл» дүкендерінде картоп – 60-65, жуа – 45-50, қырыққабат – 50-55, сәбіз – 65-70, жұмыртқа – 23-24, І сортты бидай ұны – 56 теңге, тауық еті 400-430 теңгеден сатылса, «Нұр» базарында ет 1050 теңге.

**Ағымдағы жылдың 11 қарашасы мен 10 желтоқсан аралығы республика көлемінде Дүниежүзілік ЖИТС-қа (Вич) қарсы күрес кампаниясы болып жарияланды.**

# ЖИТС-ҚА ҚАРСЫ КҮРЕС НАУҚАНЫ

Біріккен Ұлттар Ұйымы АИТВ/ЖИТС-тің алдын алу бағдарламасына сәйкес 2013 жылғы Дүниежүзілік ЖИТС-қа қарсы күрес компаниясының тақырыбы «Мақсатты бағытымыз – нөл. Жаңа АИТВ-инфекциясы – нөл. Кемсіту – нөл. ЖИТС зардаптарынан болатын өлім-жітім – нөл» болып белгіленді.

Қазақстан республикасы денсаулық сақтау саласын дамытудың 2011-2015 жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру аясында ұйымдастырылып отырған шараның мақсаты жұртшылықтың және АИТВ/ЖИТС мәселелеріне ықпал етуге мүмкіндігі бар саяси, қоғамдық, діни, тағы басқа ұйымдар басшыларының назарын аудару, елімізде АИТВ инфекциясы бойынша жағдайды жақсарту үшін күш жұмылдыру, жастардың, көпшіліктің АИТВ мен ЖИТС-тың пайда болу себебі мен оның алдын алу мәселелері жөніндегі ақпараттық деңгейін көтеру болып табылады. Осы орайда республикалық, облыстық, қалалық ЖИТС-тың алдын алу және оған қарсы күрес орталықтары, өзге де медициналық ұйымдармен, оқу орындарымен бірлесе тұрғындар арасында, атап айтқанда, жастар, жүкті әйелдер, ата-аналар мен педагогтарды және бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерін қатыстыра отырып түрлі шаралар өткізу жоспарлануда.

**Барлыбек БАТЫР.**

КӨЗ ХИРУРГИЯ ОРТАЛЫҒЫ
Оптимед
Көз ауруларын анықтау және емдеу

• Лазермен көздің көруін түзету • Глаукома
• Миопия • Катаракта
• Гиперметропия • Факоэмульсификация (тігіссіз хирургия)
• Қылилық
Лазерлік хирургия және көз қабағының операциясы
Тараз қ., Абай даңғылы № 277 үй. ☎ 8(7262) 540-540, 541-444
e-mail: optimed@mail.ru www.optimed.kz

Доктор Р.Хайруллинамен кездескенге дейін менің салмағым 106 келі (айтуға қорқынышты) болды. Өмір қаптаған қайғыдан тұрды: гипертония, шаршап-шалдығу, тыныс алу қиындығы, жүрегім ауырды, мұның бәрі ашыққан адам кейпінде жүріп жатты.

бұрын 106 кг.
Қазір бір жарым жыл өткеннен кейін біраз салмақ тастап, мен өткен өмірімді қорқынышты түстей көремін.
Мен докторға шын жүректен алғысымды айтамын, ол маған шын мәнінде жаңа өмір сыйлады.
**Қызылорда қаласында 2013 жылдың 30 қарашасында сағат 16.00-де**

қазір 68 кг
**Тел: 8 705 411 64 98, 8 775 803 75 57, 22-38-22, 22-29-53.**

## ЖАРАМСЫЗ ДЕП ЕСЕПТЕЛСІН

Бодыков Сабит Калсейтовичтің атына Комсомол ауылы, Абай көшесі №19 учаскесіне берілген техникалық құжаты, жер учаскесіне жеке меншік құқығын беретін актісі (кадастрлық №10:156:000) жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

***

Койшибаева Индира Амантаевнаның атына 1988 жылы Сырдария ауданы (бұрынғы Тереңөзек ауданы), Тереңөзек кентіндегі №35 М.И.Калинин атындағы қазақ орта мектебін бітіргені жөнінде берілген А №197805 аттестаты жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Қызылорда облыстық кеңес беру диагностикалық орталығының ұжымы осы мекеменің дәрігері Асанов Мейрамбек Асанұлына зайыбы

**Ахметова Күләш Әлиқызының**

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

***

«Нұр Отан» партиясы Қызылорда облыстық, қалалық, аудандық филиалдарының ұжымы Қызылорда қалалық партия филиалы төрағасының бірінші орынбасары Баекеев Мақсұт Әбдуәліұлына әкесі

**Әбдуәлінің**

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Егер сіз облыстық «Сыр бойы» және «Кызылординские вести» газеттеріне жарнама орналастырғыңыз келсе, мына телефондарға хабарласыңыз:
23-80-38, 23-78-50.
E-mail: smjarnama@mail.ru




● СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

# “КЕНТАВР” ағылшын тілінде сөйлейді

Жақында қазақ поэзиясының хас шеберлерінің бірі, «Алаш», «Дарын», Президент сыйлықтарының иегері, арқалы ақын Маралтай Райымбекұлы Сыр еліне келіп, өлеңсүйер қауыммен жүздесті.

Біз замандасымызды әңгімеге тарттық.

– Маралтай, ел-жұрт сені ақын есебінде өте жақсы таниды, ал, қызметің жөнінде біле бермейді.

– Алматыға өлең буы көтеріп келген, жоғары білімі жоқ мен әуелі басымды Жазушылар одағы басқармасына тірегенмін. Ақыры күндіз-түні осы жерді торуылдап жүрсің ғой деп мені одақ ғимаратының қарауылдығына жұмысқа алған.

Қазір осы басқарма төрағасының орынбасарымын. Бұл қызметке басқарма төрағасы Нұрлан Оразалин ағамыздың ұсынысымен келдім.

Қарауылдық пен орынбасарлық ортасында қаншама қиын да қызық өмір белесі жатыр. Ол енді ұзақ әңгіме.

– Біз сенің өз қызметіңнен бөлек қоғамдық жұмыстарға да белсене араласып, көкейкесті мәселелер қозғап жүретін отаншыл, жанашыр азаматтығыңнан да хабардармыз. Соның бірі Президент жанындағы жастар кеңесінің мүшесі болып жүргенің...

– Иә, мен осы кеңестің мүшесімін. Бұл кеңеске менен басқа да 48 кісі мүше. Олардың көбі лауазымды тұлғалар, бизнесмендер, солардың ішінде өнер адамы мен ғанамын. Сондықтан кеңес отырыстарында өнерге қатысты мәселелерді көтеріп жүремін. Мәселен, қазір мектеп оқушылары арасында Абай оқулары, Ілияс оқулары, Оралхан оқулары деген бар. Осы оқулар арқылы оқушының білім деңгейі, таным таразысы танылады. Ендеше, осылардың әрқайсысына 5 гранттан бөлуге болады ғой. Сонда жоғары мектепке барамын деген қаншама талантты жасқа жол ашылар еді. Сонымен бірге әр облыста жүрген жас өнер өкілдеріне бірнеше баспана да бөлуге болар еді. Біздің жастарымыз өз ішімізде, өз қазанымызда қайнай бермей, алыс-жақын шет елдерге де танылуы керек. Шығармашылық өкілдерінің дүниелерін ең болмаса мынау өзіміздің өзбек, қырғыз тілдеріне неге аудармаймыз.

Идея жүректе жатады, санада туады. Осы ішкі әлемді алып шығатын өнер ғылымы. Олай болса біздің аға буын, билік иелері жастар шығармашылығына барынша ыстық ықыласпен қарауға тиіс.

Мен кеңесте осындай мәселелер төңірегінде сөз қозғап отырамын.

– Жақында бір жақсы жаңалық естідік. Маралтайдың «Кентавр» атты жыр жинағы ағылшын тіліне аударылмақшы екен.



– «Кентавр» жинағы баржоғы 99 өлеңді топтастырған кітап. Бұл Алланың біз білетін 99 сипаты бар дегенге саяды. Менің осы кітабым кезінде Қадыр ақын бастаған қазақ әдебиетінің мүйізі қарағайдай өкілдерінен құралған қазылардың жабық дауысқа салуымен «Алаш» әдеби сыйлығын алған еді.

Былтыр қоғамдық ұйымдар әлеуметтік желілер бойынша әлемдік брендке айналдырар қандай әдеби мұраларымыз бар деген сұрау жүргізді. Әрине, ондай інжу-маржандарымыз баршылық қой. Дегенмен, осы сұрау нәтижесінде әр дәуір бойынша сараптағанда «Қозы-Көрпеш – Баян сұлу» эпосы, Ш.Уәлихановтың зерттеулері және менің «Кентавр» жыр жинағым басым дауысқа ие болыпты.

Бұл туындылар ағылшын, орыс, қазақ – үш тілде жарық көрмекші. Оның тұсаукесері Лондонда өтеді. Осыған дейін Лондон сарапшылары осы шығармалардың аудармасын қабылдамай тастады. Бұл – әрине, жақсы. Олардың аудармаға биік талғаммен қарағанына менің ішім жылып қалды.

Қазір менің жинағымның жолма-жол аудармасымен «Простор» журналының қызметкері Қайрат Бақберген, көркем аудармасымен Надежда Чернова деген орыс ақыны айналысып жатыр.

– «Келген сөзге еркіндік берсем, ақын – мен» депсің бір сөзінде. Оқырманға «Кентаврдың» осы еркіндігі ұнаса керек.

Ал, ендеше ағылшынша сөйлейтін «Кентавр» – тұлпар жырдың тұяғы тозбасын, қанаты талмасын, Маралтай.

Себебі, мен поэзияны бір жұрттыкі, бір ұлттыкі деп емес, әлемге ортақ қазына деп білем. Әлем қазынасына қосқан әшекейің ғасырлардың көзінен нұр болып төгілсін, досым.

– Айтсын. Мені ақын деп алақанына салған Алаштың анасына мың алғыс.

**Дүйсенбек АЯШҰЛЫ.**

● СПОРТ

## АЗИЯ ЧЕМПИОНАТЫНАН КҮМІСПЕН ОРАЛДЫ

**Малайзия астанасы – Куала-Лумпур қаласында пауэрлифтингтен мүмкіндігі шектеулі спортшылар арасында Азияның ашық чемпионаты болып өтті. Жарысқа 32 мемлекеттен спортшылар қатысты.**

Біріншілік барысында 50 келіге дейінгі салмақта ойын көрсеткен жерлесіміз, халықаралық дәрежедегі спорт шебері Кабира Асқарова күміс жүлдегер атанды. Ал Айбек Әбжан 65 келіге дейінгі салмақта төртінші орынға тұрақтады.

Олар келесі жылдың сәуір айында Біріккен Араб Әмірлігінің Дубай қаласында өтетін әлем чемпионатына жолдама алды. Спортшыларды жарысқа пауэрлифтингтен облыстың аға жаттықтырушысы Александра Инкижекова мен еңбек сіңірген жаттықтырушысы Юрий Мощеев дайындады.

## ЕҢБЕК АРДАГЕРІНЕ АРНАЛҒАН ДӘСТҮРЛІ ТУРНИР

**Қармақшы ауданында еңбек ардагері Айдарбек Пірмантаевты еске алуға арналған қазақ күресінен жасөспірімдер арасындағы облыстық ашық турнир үстіміздегі жылы тоғызыншы мәрте ұйымдастырылды. Жарыста Ақтөбе, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан облыстары және Қызылорда, Байқоңыр қалаларынан, облыстың барлық ауданынан 100-ден аса жасөспірім палуандар бақ сынады.**

Жарыс қорытындысы бойынша төмендегі спортшылар чемпиондық тұғырға көтерілді. 46 келі. Айдәулет Дүйсеахметов (Шиелі ауданы), 51 келі. Сағитжан Жүсіп (Қармақшы ауданы), 57 келі. Ғалым Тұяқбаев (Тұрмағанбет ауылы, Қармақшы ауданы), 64 келі. Әсет Әбдіреев (Қармақшы ауданы), 72 келі. Арнар Смайлов (Жаңақорған ауданы), 81 келі. Нұрдос Табынбай (Жамбыл облысы), 81 келіден жоғары. Нұрбек Дариялов (Қызылорда қаласы).

## БЕЛГІЛІ ФУТБОЛШЫНЫ ЕСКЕ АЛДЫ

**Жақында футболдан «Қайсардың» беделді ойыншысы Әбіл Қалымбетовты еске алуға арналған 2000-2001 жылдары өмірге келген жасөспірімдер арасында республикалық турнир мәресіне жетті. Оны облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасы, облыстық футбол федерациясы ұйымдастырды.**

Аталмыш турнир биыл тұңғыш мәрте өткізілді. Бұл жарысқа Ақтөбе, Оңтүстік Қазақстан және Қызылорда облыстарынан 8 команда қатысты. Жарыс нәтижесінде Қызылорда облысының мамандандырылған балалар-жасөспірімдердің футбол жөніндегі №6 спорт мектебінің оқушылары жеңімпаз атанды. Одан кейінгі орындарды Оңтүстік Қазақстан және Ақтөбе қаласының командалары өзара бөлісті.

Жарыста үздік ойыншылар анықталды. Олардың қатарында ақтөбелік қорғаушы Диас Мәмбетов, сырдариялық жартылай қорғаушы Темірбек Айбеков, қызылордалық қақпашы және шабуылшы Бексұлтан Айтжанов пен Данияр Әлімжан бар. Ал, турнирдің үздік ойыншы ретінде Мұратжан Холматов танылды.

**Әділ ТАЛАП.**

Меншік иесі:
Сыр медиа
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі 23-58-02
факс 23-55-37

Сыр бойы
Қызылорда облыстық газетінің редакциясы

БАС РЕДАКТОР
Жұматәли ӘБДІРАМАН
қабылдау бөлмесі 23-74-62

Бас редактордың орынбасары 23-58-62
Жауапты хатшы 23-76-64

бөлімдер:
руханият және ақпарат - 23-76-34, 23-81-50
экономика - 23-72-38, 23-78-08
әлеумет және саясат - 23-71-70, 23-78-08
жарнама - 23-80-38, 23-78-50
есеп-қисап - 23-81-06
заңгер - 23-64-20
компьютер орталығы - 23-77-45
корректор бөлімі - 23-73-39

меншікті тілшілер:
Арал, Қазалы:
Жұмабек Табынбаев - 8724 38 2-34-07
Шиелі, Жаңақорған:
Нұрмахан Елтай - 8724 32 4-59-51

e-mail: syrboyi@mail.ru
site: www.syrboyi.kz
Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.
Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. *"АҚ"-ақылы қызмет.
Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, "Сыр медиа" ЖШС өз баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Абай даңғылы, 60.
Газеттің таралымына "Қазпошта" - 23-54-51, "Евразия-Пресс" - 27-62-84 жауапты.
Редакция мекен-жайы: 120008 Қызылорда қаласы, Абай даңғылы, 60.
Таралымы 21085
Тапсырыс № 1